ALTYNSARIN AKADEMIASY

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы»

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

«2023-2024 оқу жылында ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

Астана

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды
(2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттама)

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б.

Әдістемелік нұсқау хатта Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының 1-11-сыныптарында 2023-2024 оқу жылындағы білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар берілген.

Әдістемелік нұсқау хат орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023

Құрметті әріптестер!

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы осы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнаманы ұстануға, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқау хат келесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды:

- 2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарға сілтемелер;
- құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік, STEAM/ STEAM педагогикалық тәсілдерді іске асыру бойынша ұсыныстар;
- пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты (оқу және жазу сауаттылығы, математикалық, ғылыми жаратылыстану сауаттылығы) қалыптастыру бойынша ұсыныстар;
- пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді; цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсынымдар.

Білім беру процесінде білім алушы басты назарда тұруы тиіс. Барлық оқыту процесі оған қолайлы әрі қауіпсіз орта құруға бағытталуы қажет.

Алдағы оқу жылында үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау өзекті міндет болады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

Құрметті ұстаздар! Бұл әдістемелік нұсқау хат Сіздерге алдағы оқу жылында білім беру процесін сапалы ұйымдастыруда тиімді әрі пайдалы болады деп сенеміз.

I 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.
- 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.
- Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады.
- Жоғары сыныптарда ағылшын тілінен оқу жүктемесі 1 сағатқа артады.
- Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.
- Экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.
- Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту.
- Білім беру ұйымдарында тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу.
- Домбыра тарту бойынша факультативтік курстар өткізу, мектептердегі шахмат секцияларының желісін кеңейту.
- Мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.
- Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру.
- Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру.
- «Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру: «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу
- «Білім беруді өзгертудегі 1000 көшбасшы» республикалық кадрлық резервтің деректер қорын жасау.

1.1 ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

1.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031);
2.	«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916)
3.	«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654)
4.	«Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726)
5.	«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032306)
6.	«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708
7.	«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329)

	мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы)	
8.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.11.2017ж. №596 бұйрығы, 05.07.2023 ж. №197 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138);
9.	«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272)
10.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317)
11.	«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 17.06.2015ж. №391 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011716)
12.	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.12.2022 ж. №492 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128);
13.	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 21.02.2012 ж. № 57 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 22.12.2022 ж. № 513 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495);
14.	«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 1.07.2015 ж. № 428 бұйрығы, 02.02.2022 ж. №34 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)	https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31730757)

15.	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317)
16.	«Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768)
17.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292
18.	«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890)
19.	«Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 29.01. 2016 ж №122 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013418)
20.	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029446)
21.	«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279)
22.	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420);
23.	«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085);
24.	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553)

	үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 ж. №350 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	
25.	«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067);
26.	«Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 20.07.2022 жылғы №333 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028915);
27.	«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.08.2022 ж. № 371 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007355
28.	«Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы)	https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37431780)
29.	«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»(ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414)
30.	«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare
31.	«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare
32.	Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449

Қолданыстағы НҚА-дағы өзгерістер мен толықтырулар Әділет ақпараттық жүйесінде көрініс табады.

✓ ***Сонымен бірге МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (www.uba.edu.kz) сайтында орналастырылған.***

✓ ***Педагогтер МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламаларының электронды нұсқасымен жұмыс жүргізе алады.***

1.2 ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және нақты бір ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді білім беру ұйымы дербес жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдары жұмыс оқу жоспарларының Үлгілік оқу жоспарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (оның ішінде төмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерін қамтиды, оның ішінде:

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:

- 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылады;
- қазақ, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын 2-сыныпта «Орыс тілі» пәнін оқыту енгізіледі;
- «Шетел тілі» пәні 3-сыныптан бастап оқытылатын болады.

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша:

- «Шетел тілі» пәні бойынша қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттағы қазақ, орыс тілдерінде оқытылатын 10-11-сыныптарда (төмендетілген оқу жүктемесімен) апталық оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді.

1.3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Жылдам өзгеретін әлем, ақпаратты қабылдаудың жаңа тәсілдері, мәдени әртүрлілік, XXI ғасырдағы ортаны технологияландыру оқыту мақсаттарын білім алушылардың метапәндік және жеке тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуіне, олардың қабілеттері мен алған білімдерін қолдана отырып, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге дайын болуына, цифрлық технологияларды қолдана отырып, өзекті ақпарат негізінде шешім қабылдауға баса назар аударуды қажет етеді. Осыған байланысты білім беру процесіндегі жетістіктер оған қатысушылардың – педагогтердің, білім алушылардың және олардың ата-аналарының оң және тұлғалық маңызды нәтижелерге қызығушылығына байланысты. Қазіргі педагогикалық тәсілдер білім алушылардың дене дамуы мен эмоционалдық жағдайын қолдауға, олардың мүдделері мен жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталған.

Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Бұл тәсіл білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиелеуді интеграциялауға, білім беру әдістемесін, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағытталған.

Сабақта оқушының жеке басын қалыптастыру процесі нақты өмірмен байланысты материалға негізделуі керек, тек осы жағдайда ғана оқыту мәнді және тиімді болады. Сабақтың тиімді болу шарттарының бірі – білім алушылардың бойында базалық құндылықтарды қалыптастыру.

Сабақты ұйымдастыруда құндылықтарды қалыптастыру оқу мақсаттарына тікелей байланысты.

Мысалы, 2-сыныптың қазақ тілі пәнінде берілген «Дені саудың жаны сау» бөлімінде *2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу* мақсатын жүзеге асыру үшін «Дұрыс тамақтану» тақырыбын алуға болады. Тақырыпты талдау арқылы білім алушылар денсаулықты сақтау үшін қажетті дәрумендер мен пайдалы тағамдар туралы біледі. Осылайша, мәтінді талдау оқу мақсатын пысықтайды және дұрыс тамақтану жолдарына қатысты жаңа ақпаратты зерттейді. Әрі қарай жазылым кезінде (*2.3.2.1* үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу*) білім алушы денсаулық пен дұрыс тамақтанудың маңыздылығы туралы хабарлама жаза алады.

Қазақ тілі сабағында 6-сыныпта «Су – тіршілік көзі» тақырыбындағы мәтінді оқыта отырып, *«6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, өмірбаян) көтерілген мәселені талдау»*; *«6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау»* оқыту мақсаттарымен жұмыс жасау арқылы «Су – тіршілік нәрі» тақырыбындағы тапсырмадан негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды анықтата отырып, білім алушыларға мәтін мазмұнына сай халықтың «судың да сұрауы бар» деп неге айтқандығын түсіндіреміз. Сол арқылы судың халықтың байлығы,

игілігі екендігін, пайдасын, ысырапшылыққа жол бермеу керектігін, сусыз тіршілік болмайтындығын айта отырып, білім алушылардың бойына патриотизмді, еңбекқорлықты, үнемшілдікті, адамгершілікті, жауапкершілікті сіңіреміз. Білім алушылар саналы түрде табиғат байлығының адам игілігі үшін екендігін түсінетін болады.

Адами құндылықтарды дарытуда әлеуметтік-қоғамдық, мәдени тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (пікірталас, жаңалық, интервью) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау арқылы ортақ шешім мен өзгенің пікірін тыңдай білу дағдысы қалыптасады.

9-сыныпта қазақ тілі пәнінде білім алушылар «Сарқылатын және сарқылмайтын табиғи ресурстар» тақырыбы бойынша *«9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу»* оқу мақсатымен жұмыс жүргізуде табиғат ресурстары туралы, геология ғылымы, Қазақстандағы металлогения мектебінің негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы, оның ғылымдағы өмір жолы, адам ретіндегі биік бейнесі туралы біледі. Мәтін мазмұнын оқи отырып, оқу мақсатына сай мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыру арқылы білім алушының бойында адамгершілік, отаншылдық, патриоттық, экологиялық құндылықтарды қалыптастыру көзделеді. Сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге баланың жауапкершілігін, тыңдау мәдениетін қалыптастырады; өміршеңдікке баулиды; сауаттылыққа, ойын жүйелі жеткізе білуге дағдыландырады.

Қазақ әдебиеті сабағында құндылыққа бағытталған тәсілді іске асыру қазақстандық патриотизмді, өз елінің өткен тарихына, ата-бабаларымыздың әдебиеті, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді. Көркем шығарманы оқыта отырып, төмендегі кестеде берілген оқу мақсаттары арқылы оқушы бойына қандай құндылықтар қалыптастыра аламыз? (1-кесте)

1-кесте - Қазақ әдебиеті сабағында құндылыққа бағытталған тәсілді іске асыру

Оқу мақсаттары	Оқытылатын көркем шығарма	Оқушы әрекеті
5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	«Қобыланды батыр» жыры	Оқушылар көркем шығармадағы жекелеген эпизодтар арқылы тарихи құндылықтар мен кейіпкерлерді талдап танып, ол құндылықтарды шынайы өмірмен байланыстыра отырып бағалайды. Шығарма кейіпкерін өзіндік құндылық болмысы тұрғысынан талдап, нәтижесінде әдеби эссе, оқырман ретінде өзінің рухани дүниесіне әсерін бағалайтын сыни хабарлама жазады.
7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы	Т. Әбдіков «Қонақтар» әңгімесі	Көркем шығарманың идеясы мен мазмұнына қарай отбасылық құндылықтарды (үлкенді сыйлау, отбасын сақтау, кішіге қамқорлық, қонақжайлық)

туралы шағын сыни шолу жазу		анықтай отырып, оқу мақсатын жүзеге асыру кезінде шығарманың эстетикалық құндылығын, көркемдік құндылығын талдайды.
7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту	Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»	Оқу мақсатын жүзеге асыру кезінде де, шығарманы меңгеру кезінде де патриотизм — өз Отанына деген мақтаныш, адамның қоғам мен мемлекетке, елдің тарихы мен дәстүрлеріне деген құрметі Есім ханның бейнесін талдау арқылы қалыптасады.

На уроке русского языка во 2 классе в разделе «Мой родной край» для отработки цели *2.1.5.1 понимать и описывать события, о которых говорится в видео и аудиоматериале, отвечать на вопросы* можно использовать мультфильмы, отрывки отечественных фильмов. Обучающиеся смогут глубже познакомиться с широтой, богатством, красотой природы своего родного края. Также формируются чувства гордости, любви, патриотизма к родному краю. Таким образом, при анализе материала отрабатывается цель обучения и изучается новая информация о родной земле. Далее при написании текста (*2.4.1.1* создавать постер/писать слова-признаки к предмету, изображенному на картинке/иллюстрации*) обучающийся демонстрирует свое понимание о патриотизме, любови к родной земле.

На уроке русского языка в 6 классе в разделе «Спорт и диета» для отработки цели «*6.2.5.1 формулировать вопросы, оценивающие текст с точки зрения актуальности, ценности, качества и полезности»* можно рассмотреть текст «Как правильно питаться?». Из текста обучающиеся узнают о витаминах, необходимых для поддержания здоровья, а также продуктах, где встречаются данные витамины. Таким образом, при анализе текста отрабатывается цель обучения и изучается новая информация о полезной пище. Далее при написании эссе (*6.3.5.1 писать эссе-повествование, эссе-рассуждение, эссе-описание*) обучающийся демонстрирует свое понимание ценности здоровья и правильного питания.

Көркем еңбек сабақтарында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту халықтық қолөнерді меңгерту негізінде жүзеге асырылады. Мысалы, 5-сыныпта *«5.1.2.1 қазақ халқының ұлттық және әлем мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу»* оқыту мақсатымен жұмыста сабақта киіз үйдің макетін жасап, өз жұмыстарының презентациясын көрсетеді, 8-сынып*а «8.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әр түрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету»* оқыту мақсатымен жұмыста қазақтың ұлттық сандығының нобайы сызылады, сандық жасап, өз жұмыстарын көрсетеді.

Музыка сабақтарында 5-сыныпта *«5.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманы талдау (туған өлкедегі музыкалық шығармашылықтың ерекшеліктері туралы түсінігінің болуы), оның жанрын, стилін, түрін және музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау» оқыту мақсатымен* сабақта

қазақтың халық әні «Бір баланы» тыңдайды және әнге аннотация жазып, әнді орындайды, 6-сыныпта *«6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау»* оқыту мақсатын іске асыруда білім алушылар қазақтың ауызша-кәсіби аспаптық музыкасы туралы әңгіме жүргізіп, Құрманғазы Сағырбайұлы мен Тәттімбет Қазанғапұлының шығармашылықтарын салыстырады, күйшілердің «Қосбасар», «Аман бол, шешем, аман бол» күйлерін тыңдайды, композиторлардың орындаушылық шеберліктерін талқылайды.

«Құқық негіздері» пәні бойынша сабақтарда, мысалы, отбасы құқығын, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды зерделеу кезінде қазақтардың әдет құқығының бірегейлігі мен адамгершілігін негіздеу үшін ұлттық көркем шығармалардан, қазақтың белгілі тарихи тұлғаларының, ойшылдарының, ағартушыларының сөздерінен үзінділерді пайдалану ұсынылады. Мәселен, 10-сыныпта «Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам» бөлімінде «*10.1.2.1 құқықтық мемлекет принциптерін айқындау*» мақсатын пысықтау үшін белгілі ғалым, заңгер, Алашорда жетекшісі Ә. Бөкейхановтың құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам туралы көзқарастарын оқу және талдау үшін тапсырма беруге болады. Осы ретте білім алушылар қазақ ойшылының қандай идеялары біздің Конституциямызда көрініс тапқаны туралы талқылау жүргізеді.

Оқыту мен тәрбиелеудегі құзыреттілік тәсіл

Құзыреттілік тәсілдің негізгі ұстанымы – білім алушының өз тәжірибесіне сүйене отырып, әртүрлі салалардағы және іс-әрекет түрлеріндегі мәселелерді өздігінен шешу қабілетін дамыту. Демек, оқу процесін ұйымдастырудың мәні – білім беру мазмұнын құрайтын танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, дүниетанымдық, адамгершілік және басқа да мәселелерді шешуде білім алушының тәжірибесін қалыптастыруға жағдай жасау.

Білім беру нәтижелерін бағалау белгілі бір кезеңде қол жеткізілген құзыреттілік деңгейлерін талдауға негізделеді, сондықтан алдағы өмірде қажет болатын белгілі бір дағдыларды дамыту үшін бастауыш мектептен бастап құзыреттілік тәсілді қалыптастыру қажет.

Құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру педагогтердің оқу мақсаттарын қайта ойластыруын; білім беру технологияларын мұқият таңдауын; оқытудың әдіс-тәсілдеріне белгілі бір талаптар қоюын көздейді. Оқу үрдісінде жоба әдісін қолдану, сыни тұрғыдан ойлауды, пікірталас әдісін, кейс-стадилерді, стандартты емес тапсырмаларды дамыту, ғылыми-практикалық сипаттағы оқу әрекетін ұйымдастыруды және т.б. ұсынылады.

Мысалы, «Ана тілі» пәнінде берілген «*1.1.2.1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау»* оқыту мақсатын жүзеге асыруда білім алушыда құзыреттілікті қалыптастыру үшін сызбаларды, суреттерді, модельдерді оқуды, күнделікті өмірде көмекші құралдарды қолдана білуді және өз ойларын ауызша ғана емес, жазбаша түрде де білдіруді үйрену маңызды. Сонымен қатар, «Қазақ тілі» пәнінде құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін «*2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік,*

анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу» мақсатын алуға болады.

«Обучение грамоте» пәні бойынша *«1.1.2.1 пересказывать с соблюдением порядка событий с помощью вспомогательных средств (опорной схемы, сюжетного рисунка)»* оқыту мақсатымен жұмыс жасауда білім алушылардың схемаларды, суреттерді, модельдерді оқуды, күнделікті өмірде көмекші құралдарды қолдануды және өз ойларын ауызша ғана емес, жазбаша түрде де білдіруді үйренуі маңызды. Аталған дағдыны қалыптастыруды жалғастыру үшін «Орыс тілі» пәнінде *«2.1.3.1 отвечать на вопросы и подбирать соответствующую иллюстрацию/ картинку/схему к прослушанному тексту», оқыту мақсатымен жұмыс жасалады.* Ал негізгі орта және жоғары сыныптарда барлық пәндерде ұстаным мен шешімді таңдауды негіздеу кезінде диаграммаларды, суреттерді, кестелерді, модельдерді қолдану ұсынылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінде берілген «5.3.2.1 хат, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау» мақсатын жүзеге асыру барысында білім алушының өз ойын ауызша ғана емес, жазбаша түрде де білдіру дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді. Білім алушыда оқу мақсатына сай досына, атасына, апасына, ағасына, сыныптасына хат жазу арқылы өз ойын жинақтап, ішкі сезімін, айналасына, белгілі бір тақырыпқа деген көзқарасын білдіре алу құзыреттілігі дамиды.

Құзыреттілік тәсіл функционалдық сауаттылықты және тәжірибеге бағдарланған оқытуды қалыптастыруға бағытталған, білім алушыларды өмірлік жағдайларда алған білімін қолдануға бағыттайды.

Мысалы, 8-сыныптағы физика сабақтарында білім алушылар мынадай практикалық жұмыстарды орындай алуы тиіс:

- күштің, сондай-ақ жұмыс пен энергияның әсерінен дене қозғалысының заңдылықтарын зерттеу үшін сапалық және сандық есептерді шешу;
- әр түрлі әдістер мен құралдарды қолдана отырып, мұздың балқу температурасын зерттеу және алынған мәліметтерді талдау;
- судың булану жылдамдығының температура, ауа ылғалдылығы, бетінің ауданы және т.б. сияқты әртүрлі факторларға тәуелділігін анықтау.;
- оптикалық жүйелердің жұмыс істеу принциптерін түсіну, кескінді фокустау және камера сенсорында кескін қалыптастыру мақсатында адам көзі мен камераның оптикалық жүйесін салыстыру.

Осы тәсілге сәйкес педагог білім алушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, негізгі құзыреттерді қалыптастырады.

Мысалы, география бойынша «*7.1.1.3 географиялық дерек көздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар*» оқыту мақсаттарын жүзеге асыру кезінде географиялық зерттеу әдістерін меңгеру үшін практикалық бағыттылығын көрсету маңызды, білім алушы «*8.1.1.3 далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолданады*» оқу мақсатында оларды нақты мысалдар арқылы көрсетеді және өз түсінігін негіздейді.

Құзыреттілік тәсіл іс-әрекетке негізделген тұжырымдама негізінде «іс-әрекет арқылы оқытуды» қамтиды және білім алушы игерілген білімді практикада қолдана білуі керек деген талапты күшейтеді.

STEM / STEAM тәсіл – инженерлік-техникалық білім мен қолданбалы өнерді дамыту үшін ғылымды, технологияны, инженерияны, өнер мен математиканы біріктіре отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде білім алушыларды даярлаудың кешенді жүйесі. Оқытудың негізгі принципі – теория мен практиканың үйлесімі, теорияның маңыздылығын, оның өмірде немесе жұмыста, жеке тәжірибеде қолданылуын көрсете алатын нақты тапсырмаларды орындау арқылы оқытылатын материалды бекіту.

STEM/ STEAM технологияларына негізделген тәсіл сабақта да, сабақтан тыс уақытта да қолданылады. Сабақты өткізу кезінде проблемалық бағдарланған және эвристикалық оқытуды, ал сабақтан тыс уақытта – жобалық және зерттеушілікке бағдарланған оқытуды қолдану ұсынылады.

2-кесте - STEM-тәсілді жүзеге асыру бойынша оқыту мақсаттарына мысалдар

Оқыту мақсаттары	Қолдану мысалдары
Жаратылыстану *6.4.1.1 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді модельдеу (таудың жасалу, мүжілу үдерістері, табиғатта заттардың айналымы);* Биология. *11.3.2.1 - мүмкін болатын климаттың жаһандық жылыну салдарыа болжау;*	Білім алушыларға тапсырмалар беріле отырып оларды орындау үшін әртүрлі бағыттар бойынша шешім іздеу, әртүрлі салалардағы білімді қолдану ұсынылады., Қосымша ақпарат көздерін (Интернет, кітаптар, өз тәжірибелері, эксперименттер, зерттеулер және т. б.) пайдалану қажет
География. *8.4.1.1 халық санын анықтау әдістерін түсіндіреді;*	Тапсырмаларды орындауда зерттеуге байланысты әртүрлі ғылым салалары мен математиканың шешімін пайдалану, шешімді дәлелдеуге және логикаға баса назар аудару қажет
Көркем еңбек. *5.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау;* *8.1.6.2 бұйымды дайындау мен безендіру үшін заманауи және дәстүрлі емес материалдардың тиімді қолданылуын түсіне отырып өздігінен таңдау*	Экономика және басқару саласында, қолданыстағы материалдардан дизайн жасау арқылы, қиялдары мен дағдыларын дамыту мақсатында, қол жетімді жобалар дайындау.

Білім беру процесінде STEM/STEAM тәсілдерін қолдану белгілі бір тақырыптарға сәйкес кіріктірілген оқытуды қарастырады.

Жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін оқытуда STEM-тәсілін іске асыру бойынша ұсыныстар:

- практикалық тапсырмалар мен жобаларды қолдану, әртүрлі ғылыми салаларды білуді қажет ететін тапсырмаларды енгізу. Бұл білім алушыларға білімді іс жүзінде қолдануға және нақты мәселелерді шешу дағдыларын

дамытуға көмектеседі;

- мультимедиалық технологияларды, интерактивті тақтаны, компьютерлік бағдарламаларды, модельдеуді және т. б. сабақтарды білім алушылар үшін қызықты әрі тиімді ету үшін пайдалану;

- ғылыми әдістерді қолдануға, гипотезаларды тұжырымдауға, эксперименттер жүргізуге және деректерді талдауға үйрету. Бұл ғылыми жұмыс және сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі;

- инженерия мен дизайнда технологияны қолдануға үйрету. Бұл технология мен инженерия дағдыларын дамытуға көмектеседі;

- шығармашылық пен инновацияны дамыту әдістерін қолдану.

Педагогтерге оқу тапсырмаларының, шығармашылық жобалардың негізінен қолданбалы сипатына назар аудара отырып, сабақтарды, оқу сабақтарын жоспарлау ұсынылады. Сонымен қатар, тапсырмалар мен жобаларды орындау бірлескен шығармашылық, зерттеу қызметін қамтиды, оның барысында өзара қарым-қатынас орнату қабілеті дамиды. Білім алушының педагогпен және басқа білім алушылармен бірлескен оқу іс-әрекеті процесінде алынған өнімнің маңыздылығына назар аудару қажет.

1.4 Функционалдық сауаттылық

Функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөліктеріне: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, қаржылық сауаттылық, жаһандық құзыреттер мен сыни ойлау жатады.

Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамытуға бөлімшені оқытудың әрбір мақсаты бағытталғанын түсіну маңызды, сондықтан мақсатқа жету әр бөлімді зерделеу кезінде ойластырылуы тиіс.

Сауаттылықтың әртүрлі аспектілерін біріктіретін кіріктіру тәсілі де пайдалы және тиімді болуы мүмкін. Бұл тәсіл арқылы білім алушылар әртүрлі пәндер мен білім салалары арасындағы байланысты түсінеді, сол арқылы әлемді тереңірек және жан-жақты түсінуге мүмкіндігі туады.

Әр пәнде сауаттылықтың барлық түрлерін кешенді дамыту үшін оқытудың келесі белсенді әдістері ұсынылады:

1) тақырыптық жобалар: әртүрлі пәндердің элементтерін біріктіреді. Мысалы, экология жобасы ғылыми мақалаларды оқуды, эксперименттер жүргізуді, статистикалық деректерді талдауды және компьютерлік құралдарды қолдана отырып презентация жасауды қамтиды.

2) интерактивті тапсырмалар: мәтінді талдауды, математикалық есептеулер және компьютерлік дағдыларды қолдануды қажет ететін тапсырмалар. Мысалы, білім алушылар ғылыми мақалаларды зерттей алады, негізгі ақпаратты бөліп көрсетеді, деректерді график түрінде ұсынады және олардың нәтижелерін компьютерлік презентацияларды қолдана отырып көрсете алады.

3) қызығушылықтарына қарай зерттеулер мен жобалар: білім алушыларды қызықтыратын тақырыптарды зерттеуде оларға қолдау көрсету үшін қолдануға болады. Мысалы, егер білім алушы ғарышқа қызығушылық танытса, ол осы тақырыпта ғылыми мақалаларды оқып, арнайы математикалық есептеулерді шығарып, компьютерлік модельдер жасай алады және зерттеген тақырыбы бойынша презентациялар жасайды.

4) проблемаға бағытталған тәсіл: шынайы проблеманы шешу тұрғысынан оқытуда қолдануға болады. Жауапты іздеу үшін білім мен дағдылардың әр түрін талап ететін сұрақтарды пайдалану.

5) топтық жұмыс: топтағы әр білім алушының қызығушылығы мен дағдысына қарай өз үлесін қоса алатындай жұмыс түрлері. Мұндай топтық жобалар білім алушыларға сауаттылықтың әртүрлі аспектілерін біріктіріп, бір уақытта бірнеше пәннің мазмұнын байланыстыра отырып жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Оқу сауаттылығы

Оқу сауаттылығы – «жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау қабілеті. Білім алушылар диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер және

графиктер түрінде берілген әртүрлі жанрдағы мәтінді түсіну, ақпаратты табу, мәтінді түсіндіру, оның мазмұны туралы ойлану, оның мәні мен мағынасын бағалау қабілетін көрсетуі тиіс».

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін бастауыш сыныптардан бастап әр түрлі мәтіндерді, соның ішінде электронды мәтіндерді қолдану қажет, өйткені білім алушылар әртүрлі формада: диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер мен графиктер түрінде ұсынылған әртүрлі жанрдағы мәтінді түсіну қабілетін көрсетуі қажет, мәтінді түсіндіру, оның мазмұны туралы ойлау, оның мәні мен мағынасын бағалау.

Сөйлеу әрекетінің 4 түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым, сондай-ақ жоғары сатыдағы дағдылары дамыту үшін: мәтіндерді талдау, жинақтау және бағалау шынайы өмірлік жағдайларда әртүрлі тілдік рецептивті (диалогты тыңдау, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді оқу және т.б.), өнімді (монолог, презентация, хат және т.б.) және интерактивті (өзара әрекеттесуді қажет ететін) әрекеттер арқылы коммуникативтік тілдік құзыреттерді қолдануға болады.

Аталған дағдыларды қалыптастыру және дамыту үшін іс-әрекеттің әр түрімен үйлескен тапсырмаларды қолдану ұсынылады (3-кесте).

3-кесте - Тілдік пәндер сабақтарында коммуникативтік тәсіл шеңберінде функционалдық сауаттылықты дамыту.

Рецептивті дағдылар		***Продуктивті дағдылар***	
Оқыту мақсаты	***Ұсынылатын тапсырмалар***	***Оқыту мақсаты***	***Ұсынылатын тапсырмалар***
«Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда)			
8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану	«Қоршаған орта және энергия ресурстары» бөлімінің «Табиғи ресурстар» тақырыбы бойынша мәтін үзінділерін тыңдап, түсінуге, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашуға дағдыландыратын тапсырмалар орындалады. Ғаламдық мәселелерді қозғай отырып, «Электр және электроника» тақырыбында сұхбат жүргізеді.	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазу	Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті» бөлімінің «Өмірлік құндылықтар» тақырыбы бойынша бейнематериалды көріп, жаңа тақырыпқа болжам жасайды. Бейнематериал бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өмірден мысал келтіре отырып, өз ойымен бөліседі. Құндылықтар туралы сөздердің анықтама сын түсіндірме сөздіктерден тауып, кестені толтырып жазады, жинақтаған

			материалдары негізінде мақала дайындайды.
«Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда)			
8.3.1.1 перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау	12-бөлім. «Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті. Ринат Зайытов пен Аманғали Кәріпжановтың айтысы» тақырыбы бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасайды.* Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады.	*8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру*	13-бөлім. Қазақстан – Байқоңыр – Ғарыш. Нұртөре Жүсіп «Қыран қазақ»деректі әңгімесі. Әңгіме мазмұнын тыңдай отырып, жоспар жасайды. Парталас досымен жұптасып сұрақ құрастырады. Сұхбат құру үшін «Бірге талдаймыз» әдісін қолданады. «Ғарышты игерген ел» туралы таныстырылым дайындайды. Байқоңыр туралы қосымша ақпараттар жинайды.
«Орыс тілі» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда)			
9.3.7.1 извлекать и синтезировать информацию, делать выводы на основе полученных сведений, выражая собственное мнение	В рамках раздела «Мир един: глобализация» обучающимся предлагаются тексты с разными точками зрения на проблему последствий глобализации	*6.4.5.1 писать эссе (объем 80-100 слов) по картине/ теме, учитывая особенности текста повествования, рассуждения, описания*	В рамках раздела «Человек и мир техники» обучающимся предлагается написать эссе-рассуждение по картинке «Эволюция человека», в котором они должны представить аргументы в пользу развития современных технологий, либо аргументы против.
Ағылшын тілі			
9.4.3.1 understand the detail of an argument in extended texts on a range of familiar general and curricular topics	Білім алушыларға қазіргі қоғам мен технологияны дамытудың даулы тақырыптарының біріне (мысалы, жасанды интеллектінің артықшылықтары мен кемшіліктері) мақалаларды (автор	*5.1.1.1 use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups*	Мұғалім сыныптың алдына мектеп сапарына қайда баратынын шешу міндетін қояды. Мұғалім сыныптың екі топқа бөлінгенін және қайда бару керектігін шеше алмағанын хабарлайды. Білім

	ұстанымы нақты көрінген) оқып, автордың көзқарасын көрсететін негізгі ойлары мен ұсыныстарын анықтатуға болады. Білім алушылар бұл сөйлемдерді қалай анықтай алғанын түсіндіреді (қандай сөз тіркестері мен сілтемелер көмектесті?).		алушыларды көпшіліктің пікірін жинау үшін сыныптастарымен сұхбаттасуға шақыру, содан кейін басқаларды бүкіл сыныппен бір жерге баруға келісуге көндіру үшін сенімді сөйлеуді тапсыру қажет.
7.2.4.1 understand with little support some of the implied meaning in extended talk on a limited range of general and curricular topics	Білім алушыларға терең мағынаны немесе айқын емес мағынаны (метафоралар, сарказм) қамтитын әдеби шығармадан қысқаша үзінді оқыңыз. Олардан мәтінде қандай сезімдер көрініс тапқанын немесе идеялар көтерілетінін сипаттауды сұраңыз. Оқушылар кейіпкерлердің қарым-қатынас ерекшеліктерін аша алатындай етіп әдеби шығармалардағы кейіпкерлер арасындағы диалогқа талдау жасайды.	*8.5.5.1 develop with support coherent arguments supported when necessary by examples and reasons for a growing range of written genres in familiar general and curricular topics*	Білім алушылардан жақында сатып алған телефон туралы шағым хат немесе техника дүкеніне есеп жазуды сұрайды, бірақ оның операциялық жүйесі істен шыққан (қатып қалған). Олар қайтарудың нақты себептерін және дүкеннің жаңа телефон беруі немесе ақшаны қайтаруы қажет екенін түсіндіруі керек.

Тілдік пәндер бойынша оқу бағдарламаларының оқыту мақсаттарын пысықтау PIRLS және PISA халықаралық зерттеулерінде бағаланатын оқу сауаттылығы дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді:

- нақты түрде берілген ақпаратты табу;
- тікелей қорытындылар жасау;
- ақпараттың идеясын түсіндіру және кіріктіру;
- мәтін элементтерінің мазмұнын бағалау және сынау.

Назар аударыңыз!

Тілдік пәндер бойынша БЖБ жүргізу үшін ағымдағы бақылауды өткізу кезінде оқу сауаттылығын дамыту мақсатында жылына кемінде 2 рет эссе, шығарма; жылына кемінде 4 рет диктант, мазмұндама жазу ұсынылады.

Оқу сауаттылығы дағдыларын тек тілдік пәндердің сабақтарында ғана емес пәнаралық контексте де дамыту қажет, ол үшін:

- оқуға үйретуді басқа пәндермен кіріктіру;
- тілдерді және басқа пәндерді оқытатын мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- оқудың әртүрлі стратегияларын қолдану дағдыларын дамыту, атап айтқанда, білім алушылардың оқығанын біріктіру, жинақтау және бағалау дағдыларын дамыту;
- өз пікірін білдіруді қажет ететін тапсырмаларды қолдану (ашық сұрақтардың көмегімен);
- оқылатын мәтінді таңдауда сараланған тәсілді қолдану, белгісіз сөздердің үлесі немесе оның байланысы мен құрылымы арқылы мәтіннің күрделілігін анықтауға болады;
- цифрлық мәтіндермен, соның ішінде интернет-ортада жұмыс жасау дағдыларын дамытуға машықтандыру;
- оқу және цифрлық сауаттылыққа үйрету бағдарламаларын кіріктіру және т.б.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған бастауыш сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру, PIRLS критерийлерін қолдана отырып, тілдік пәндер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындауда.

Математикалық сауаттылық

Математикалық сауаттылық – негізделген математикалық пайымдаулар жасау және әртүрлі контекстегі есептерді шешу үшін математиканы қолдану және түсіндіре білу қабілеті.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін нақты өмірлік жағдаяттармен байланысты әртүрлі процестердің математикалық модельдерін құру дағдыларын дамытуға, логикалық, сыни және кеңістіктік ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмаларды; кесте, диаграмма, график және т.б. түрінде берілген статистикалық мәліметтерді талдау және өңдеуге байланысты практикалық тапсырмаларды қарастырған жөн. Сонымен қатар, мәтінді есептерді шығару, оның ішінде пайызға берілген тапсырмаларды орындау ұсынылады.

4-кесте - Математика сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту

Оқыту мақсаты	***Ұсынылатын тапсырма***
*1.5.1.2** сандарды, заттарды, тауардың құнын салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану*	«1С Шамалар және өлшем бірліктері» бөлімінде білім алушыларға күнделікті өмірде өздері қолданып жүрген заттардың, тауарлардың құнын, бағасын анықтау, салыстыру ұсынылады. Бұл тапсырмалар арқылы шамалар мен өлшем бірліктерін дұрыс қолдану дағдылары қалыптасады.

5.5.2.7 натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттеу	«Сандарға амалдар қолдану» бөлімінде «Натурал сандар және нөл» тақырыбын игеру барысында білім алушыларға салыстыру мен талдауды, логикалық пайымдаулар арқылы қорытынды жасауды, натурал сандар қатарын реттеуді қажет ететін әртүрлі сандық мәліметтерді зерттеу ұсынылады. Мысалы, берілген кестені пайдалана отырып, білім алушыларға келесі тапсырмаларды беруге болады: *1) балалардың өсуі туралы сандық деректерді кему ретімен жазу; 2) қыз балалардың есімдерін бойларының өсу ретімен жазу; 3) сыныптағы ең ұзын баланың есімін жазу және т.б.*
5.1.2.11 қосындының және айырымның берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау	Есепті шығару барысында білім алушылар деректерді талдау, логикалық негіздеу арқылы қорытынды жасау, жіктеу, гипотеза қою, оларды теріске шығару немесе дәлелдеу қабілетін дамытады.
6.5.1.1 шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару	«Қатынас және пропорция» есепті шешу кезінде оқушыда белгілі бір пайымдау тәсілдерін қажет ететін дағдылар қалыптасады: берілген тәуелділікті тану, есептеулерді орындау, берілген тапсырма аясында түсіндіру және бағалау.
6.5.1.3 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану	Картаны пайдалана отырып, оқушыларға республикамыздың ауданын табу ұсынылады. Одан кейін білім алушылар шамамен есептелген ауданды ресми дереккөздерде көрсетілген республикамыздың нақты ауданымен салыстырады.
11.4.3.1 - физикалық есептерді шығаруда дифференциалдық теңдеулерді қолдану	Оқыту мақсатына жету үшін дифференциалдық теңдеудің шешімін теңдеу арқылы модельденген есеп контексінде түсіндіруді қажет ететін тапсырмаларды ұсынуға болады.

Математикалық сауаттылық зерттеу сипатындағы тапсырмаларды шешуде де қалыптасады, оларды орындай отырып, білім алушылар қолда бар деректерді тапсырма сұрақтарымен байланыстыра алады, тапсырма сұрағынан қолда бар деректерге іздеу қадамдарын жоспарлайды, табылған шешімді тапсырма сұрақтарымен салыстырады, нәтижені алудың әр қадамының дұрыстығын дәлелдейді, табылған шешімнің дұрыстығы мен толықтығын тексереді.

Математикалық сауаттылықты дамыту үшін мыналар ұсынылады:

- білім алушылардың әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерді пайдалану қабілетін дамыту;
- математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру;
- дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау;
- математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен таңбаларды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру;
- когнитивті және техникалық дағдыларды қажет ететін ақпаратты табу, бағалау, құрастыру және ұсыну үшін ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану қабілетін дамыту;

- білім алушылардың жазбаша дағдыларын дамытуға ықпал ететін жұмыстарды жүргізу: тапсырмаларды орындау үшін алгоритмдер жасау;

- математикалық есептерді ауызша және жазбаша шешу тәсілдерін сипаттау және түсіндіру;

- тапсырманың орындалу барысын ауызша және жазбаша талдау ұсынылады.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық

PISA-2025 халықаралық зерттеуінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (ЖҒС) бағыты басты назарға алынады.

Анықтамаға сәйкес жаратылыстану-ғылыми сауаттылық іс-әрекетті негіздеу үшін ғылым, тұрақты даму және технология туралы дәлелді ойлау қабілетін білдіреді. Ол үшін келесі білік пен дағдыларды дамытуға ерекше назар аудару ұсынылады:

1) табиғи және технологиялық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру;

2) ғылыми зерттеулер жобаларын әзірлеу және бағалау, сондай-ақ ғылыми деректерді түсіндіру;

3) жаһандық, жергілікті немесе жеке сипаттағы мәселелерді зерттеу, ғылыми ақпаратты бағалау және оны шешімдер қабылдауда пайдалану.

Осыған сәйкес жоғарыда аталған білік пен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған ЖҒС тапсырмаларын қолдану ұсынылады.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру және дамыту мақсатында мынадай тапсырмаларды орындау ұсынылады:

- физикалық процестерге диаграммалар, сызбалар, жалпылама және талдау кестелерін құрастыру;

- сипаттау, салыстыру, графикті талдау, қорытынды жасау және жинақтау, есептердің шешуін ресімдеу дағдыларын қалыптастыру;

- жүргізілген практикалық және зертханалық жұмыстардың кеңейтілген жазбаша есептерін немесе ауызша баяндамалар жасауға үйрету;

- білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, олардың пікірлерінің қисындылығы мен дәлелдер келтіру дағдыларын арттыру (5-кесте).

5-кесте – ЖҒС дамытуға арналған оқыту мақсаттарын іске асыруға мысалдар

Оқыту мақсаттары	Қолдану мысалдары
Жаратылыстану	
2.4.2.1 Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау	ғылыми деректер мен дәлелдемелерді сыни тұрғыдан түсіндіре білу, олардың пікірлерінің қисындылығы мен дәлелдер келтіру дағдыларын қалыптастыру, сипаттау, салыстыру, қорытынды жасау және жинақтау (жазбаша және ауызша)
Биология	
7-сынып. Кіші Бөлім: «Тамақтану» *7.1.2.2 фотосинтезге қажетті жағдайларды зерттеу*	Білім алушылар фотосинтезді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды зерттейді. Фотосинтез

	процесін өсімдіктердің ерекшелігі ретінде түсіндіреді.
9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу	Білім алушылар ферменттердің белсенділігіне әртүрлі жағдайлардың (температура, pH) әсерін зерттейді
Химия	
№ 4 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбы бойынша эксперименттік есептерді шешу	Виртуалды зертханалар қолдану АКТ дағдыларын, кеңістіктік және сыни ойлауды; реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын, өндірістік және экологиялық мазмұнды теориялық мүмкін мәнмен салыстырғанда зат массасының шығуын табуға арналған тапсырмаларды орындау дағдыларын арттырады
8.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру;	Қазіргі адам өміріндегі химияның рөлін растайтын тапсырмаларды қолдану; зерттелетін объектілердің табиғи функциялары, олардың өмірлік жағдайларда қолданылуы туралы ақпарат, білім алушылардың өмірлік тәжірибесі мен қызығушылықтарын мазмұнында беру
Химия мен биологияның пәнаралық тығыз байланысы: *9.5.1.1 адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe);* *9.5.1.2 Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру;* *9.5.1.3 кальций мен темірдің адам ағзасындағы рөлін түсіндіру;* *9.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау;*	Оқу процесін білім алушыларды дербес танымдық іс-әрекетке, танымның ғылыми әдістеріне, дербес эксперименттер мен зерттеулерге, әрбір оқу пәні саласында ынталандыру мен қабілеттерді дамытуды қалыптастыратын оқу жобаларын әзірлеуге мақсатты және жүйелі түрде тартуға бағдарлау
9.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді білу;	Ғылыми дүниетанымға қабілеттілік, ғылыми таным әдістерін, жалпы білім беру дағдыларын игеру және т.б. сияқты компоненттер жүйесі ретінде ЖҒС-ны қалыптастыруға және бағалауға мүмкіндік беретін дидактикалық құралдарды әзірлеу

Білім алушылардың жаратылыстану, техникалық, инженерлік ғылымдар мен математикаға деген қызығушылығын арттыру мақсатында ауызша, жазбаша, бастапқы және қосалқы дереккөздерден алынған мәліметтерді жинақтап, оларды іріктеп қорытындылауға баулу қажет. Сонымен қатар, білім алушылар ақпаратты қайдан іздеуді, дәлелдерді негіздеу үшін қандай ақпарат қажет екенін, алынған деректерді қалай түсіндіруге болатынын, күрделі себеп-салдарлық байланыстарды қалай құрылымдауды, бастапқы идеяларды қалай түсіндіру керектігін, өз қорытындыларын тарихи факт ретінде бұрын болған жағдайлармен қалай байланыстыруды білуі керек.

Компьютерлік сауаттылық

Жаһандық құзыреттілік пен креативті ойлауды дамыту үшін цифрлық технологияларды сауатты пайдалану маңызды. Сондықтан компьютерлік және ақпараттық сауаттылықты қамтамасыз ететін дағдыларды дамыту қажет: ақпаратты іздеу, берілген контексте ақпараттың пайдалылығын бағалау қабілеті және оның мазмұны мен пайда болуы жағынан анықтылығы, әртүрлі ақпараттық құрылғылармен және құралдармен жұмыс және т.б., сондай-ақ компьютерлік сауаттылық практикалық мәселелерді шешуге, басқа оқу пәндері бойынша тапсырмаларды орындауға ықпал етуі керек.

6-кесте – Тілдік пәндер сабақтарында коммуникативтік тәсіл аясында цифрлық сауаттылықты дамыту.

Оқыту мақсаттары	Қолдануға арналған мысалдар
Қазақ тілі. 8-сынып. Бөлімі: Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. 8.2.3.1 мақала, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату үшін мақаланың құрылымы мен презентация құрылымын салыстырады. Білім алушы белгілі бір тақырып бойынша дайындаған мақаласының мазмұнын Power Point бағдарламасын қолданып презентация арқылы таныстырады, талдайды.
9.2.1.1 (русский язык) *понимать открытую и скрытую (подтекст) информацию сплошных и несплошных текстов, соотнося заключённую в тексте информацию с информацией других источников/ личным опытом*	В качестве материалов для текстов могут быть использованы электронные или мультимодальные тексты (с гиперссылками). Обучающимся необходимо интерпретировать, сравнивать и анализировать информацию из данных источников.
10.1.6 (английский язык) *organize and present information clearly to others*	Цель направлена на развитие навыков презентации. Учитель обучает как организовать и оформить презентацию, выбрать ключевую информацию и донести ее до слушателей.

Оқытуда цифрлық құзыреттерді дамыту үшін пән мұғалімдеріне арналған ұсыныстар:

1) оқу процесіне цифрлық құралдар мен қосымшаларды енгізуді жоспарлау;

2) сабақтың тақырыбына немесе оқу бағдарламасының бөліміне қызықтыру және ынталандыру үшін ойын түрде оқыту әдістерін қолдану;

3) цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану;

4) шығармашылық жұмыстарды орындау кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Цифрлық білім беру ресурстарын дидактикалық мақсаттарға сәйкес сабақтың әртүрлі кезеңдерінде: жаңа материалды түсіндіруде, бекітуде және өзіндік жұмыста, қорытынды сабақта, қайталау кезінде және т.б. пайдалануға болады.

1.5 Инклюзивті білім беру ортасын құру

Инклюзивті білім беру ортасы барлық балалардың табысты әлеуметтенуі мен жұмысқа орналасуы мақсатында олардың білім беру қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін оңтайлы жағдайлар жасауды көздейді.

Білім беру ұйымында инклюзивті білім беру ортасын құрудың негізгі шарттары:

- инклюзивті білім беру саласында нормативтік-құқықтық актілерді жүзеге асыру;
- ғимараттың сәулет-кеңістік тұрғысынан қолжетімді (кедергісіз) ұйымдастырылуы (оқу кеңістігін бейімдеу);
- білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жабдықтау (оқытудың арнайы құралдары);
- білім беру процесін дараландыру: бейімделген оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары; білім беру-тәрбиелеу әдістемелерінің, формаларының және құралдарының вариативтілігі және икемділігі;
- педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге тұлғалық және кәсіби дайындығы (инклюзивті білім беру идеясын құндылықтар ретінде қабылдау, үздіксіз білім алу және өзін-өзі дамыту);
- «отбасы-мектеп-қоғам» жүйесінде инклюзивті білім беру процесі қатысушыларының өзара байланысы шектерінің кеңеюі.

Білім беру ұйымдарына инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға назар аудару ұсынылады, себебі оның негізінде жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері бар барлық білім алушыны қабылдау, сондай-ақ тұтастай алғанда инклюзия философиясы жатыр.

Педагог инклюзивті практикада мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарын (психолог, логопед, әлеуметтік педагог, арнайы педагог және т.б.) тарта отырып және ата-аналарды инклюзивті білім беру процесіне қоса отырып, білім алушыларды қолдаудың әртүрлі технологиялары мен стратегияларын қолдануы қажет.

Мектепте инклюзивті практика білім беру процесінің барлық қатысушыларымен, сыртқы серіктестермен (ПМПК, ППТК, ОО және т.б.), сондай-ақ инклюзивті білім беруді дамытуға мүдделі басқа ұйымдармен тығыз өзара байланыс кезінде іске асырылады.

Инклюзивті білім беру ортасын құрудың тиімді жолдарының бірі инклюзивті мәдениетті, инклюзивті саясатты және инклюзивті практиканы дамыту бойынша білім беру ұйымдарына тұрақты мониторинг (өзін-өзі бағалау) жүргізу болып табылады.

II ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 БІЛІМ БЕРУДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ

Білім берудегі сабақтастық білім алушының бір білім деңгейінен екіншісіне ауысқан кезінде психологиялық және педагогикалық дайындығын қалыптастыруға бағытталып, толыққанды дамуын қамтамасыз етеді. Бұл сабақтастық бір деңгейден екінші деңгейге тұрақты, үдемелі өтуді қамтамасыз ететін тиімді құралдар мен әдістердің көмегімен жүзеге асырылады.

Білім беру деңгейлерінің сабақтастығы, ең алдымен Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен қамтамасыз етіледі, онда сабақтастықты ескере отырып, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім деңгейлері бойынша білім мазмұнының сәйкестігі, оқытуды іске асыру тәсілдері, жеке жас ерекшеліктері, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері негізінде әрбір баланың дамуы қарастырылады.

«Мектепке дейінгі - бастауыш мектеп - негізгі мектеп – орта мектеп» деңгейлеріндегі бір деңгейден келесісіне өту кезеңінде білім алушының мұғалімдермен және құрдастарымен жаңа қарым-қатынас жасауы кезінде оның оқу іс-әрекеті мен тәрбиесінде жаңа талаптар пайда болады.

«Мектепке дейінгі - бастауыш мектеп» деңгейіндегі сабақтастық

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық білім беру процесіндегі оқыту түрлері мен әдістерінің сабақтастығы мен бірлігінен, баланың мектепте оқуы үшін дене дамуы, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қамтамасыз ететін білім алушылардың білімі мен дағдыларын кезең-кезеңімен арттырудан тұрады. Бастауыш мектеп баланың одан әрі жан-жақты дамуы үшін мектепке дейінгі білім беру нәтижелеріне сүйенеді.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептің тығыз ынтымақтастығы қажет, оның міндеттері балалардың мектепке деген қызығушылығын дамыту, олардың тиісті мектепалды даярлығы, балабақшадан мектепке көшудің табиғилығын қамтамасыз ету, мектепалды даярлық мәселелерінде мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы болып табылады. Аталған міндеттерді іске асыру үшін балабақшалар мен мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін жазғы уақытта 2 аптадан 1 айға дейін білім беру ұйымдары жанындағы мектепалды даярлық курстары өткізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары «Денсаулық», «Пікір», «Таным», «Шығармашылық», «Қоғам» сияқты білім беру салаларының кіріктірілуі көзделген курстардың мазмұнына негізделеді.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сатыларының сабақтастығын іске асыру жөніндегі жұмыс түрлері:

1. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектеп педагогтерінің бірлескен семинарлары мен педагогикалық кеңестері.

2. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің бастауыш сыныптарында оқитын педагогтердің, ата-аналардың бірлескен іс-шаралары (мерекелер, экскурсиялар, спорттық жарыстар, балабақшалардағы «Түлектер күні»);

3. Мұғалімдерге, ата-аналарға арналған психологиялық тренингтер.

4. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектеп психологтарының, медицина қызметкерлерінің бірлескен іс-қимылдары.

5. Балалардың мектепке дайындығын диагностикалау.

6. Мектепке дейінгі ұйымдардың түлектерінен 1-сыныпты жасақтауда жасалатын жұмысты мектеппен бірлесіп атқару.

Бейімделу процесін жүзеге асыру жолдары:

• білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

• білім алушылар үшін жайлы білім беру ортасын құру (оқуға ынтасын арттырып, жағымды эмоционалдық көңіл-күйді қалыптастыру, оқу процесінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, үй тапсырмасын орындау үшін жайлы жұмыс орнын реттеу, теңгерімді тамақтануды ұйымдастыру);

• бейімделу қиындықтарын анықтау және талдау, реттеу жолдарын әзірлеу;

«Бастауыш мектеп-негізгі мектеп» деңгейіндегі сабақтастық

5-сыныпта білім алушылардың бейімделу кезеңі оқу материалының күрделенуімен, пәндік оқытумен, мұғалімдер құрамының өзгеруімен, білім алушылардың оқу қызметіне қойылатын талаптардың артуымен байланысты. Мұның бәрі бесінші сынып білім алушыларының эмоционалдық жағдайына әсер етеді, оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын төмендетеді, сонымен бірге олардың алаңдаушылығын арттырады, мінез-құлқының өзгеруіне әсер етіп, құрдастарымен қарым-қатынасты бұзуы мүмкін.

Оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру орта және бастауыш деңгейдегі педагогтер арасында әдістемелік өзара іс-қимылды жолға қоюды көздейді.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- ұйымдастыру жұмыстары*:* педагогикалық кеңестер, педконсилиумдар, «дөңгелек үстелдер», әдістемелік бірлестіктер кеңестерін өткізу, 4 және 5-сынып педагогтерінің, болашақ бесінші сыныптардың сынып жетекшілерінің сабақтарға өзара қатысуы, болашақ бесінші сынып мұғалімдерінің қатысуымен ата-аналар жиналыстары, әртүрлі тақырыптық көрмелер;

- балалармен жұмыс: ата-аналардың қатысуымен 4 және 5-сынып білім алушыларының бірлескен іс-шаралары (спорттық жарыстар, мерекелер, экскурсиялар, конкурстар және т. б.);

- үй тапсырмасын оңтайландырып, оған шығармашылық, өзгермелі сипат беру;

- бастауыш білім беру деңгейіндегі пәндер бойынша білім алушылардың білім деңгейін, біліктілігі мен дағдыларын педагогикалық диагностикалау;

- психологиялық диагностика: білім алушылардың орта буында оқуға дайындық деңгейін анықтау;

- педагогтермен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен консультативтік жұмыс;

- реттеу және дамыту жұмысы.

Білім алушыларды тиімді бейімдеу үшін келесі іс-шаралар атқарылуы керек:

1. Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру, олардың дамуының жеке траекторияларын әзірлеу және іске асыру, білім алушылардың нәтижелеріне мониторинг жасау және оны реттеу жұмыстары.

2. Оқыту кезіндегі іс-әрекеттілік пен кіріктірілген оқыту тәсілдерін, оқу-тәрбие процесінің практикалық бағыттылығын, оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану негізінде оқытуды іске асыру.

«Негізгі мектеп-орта мектеп» деңгейіндегі сабақтастық

Жалпы білім берудің үшінші кезеңінің ерекшелігі бейіндік оқытуға көшу болып табылады. Жалпы орта білім беру деңгейінде жалпы және кәсіптік білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, мектеп түлектерін кәсіптік жоғары білім беру бағдарламаларын игеруге даярлау қажет. Сабақтастық оқу бағдарламасының мазмұнын құрайтын білім мен дағдыларды нығайту, тереңдету және кеңейту арқылы жүргізіледі.

Сабақтастық мәселесін шешудің негізгі міндеттері:

- білім алушының орта мектеп жағдайына сәтті бейімделуі;
- негізгі және жалпы орта мектеп білім алушыларын оқыту және тәрбиелеу үрдісін жақындастыру;
- білім алушылардың білім нәтижелерін бағалаудың тәуелсіз нысандарына, оның ішінде ББЖМ, қорытынды аттестаттауға, ҰБТ-ға дайындығы;
- өзін-өзі тану және айналасына қамқорлықпен қарап, нәтижелі кері байланыс жағдайын жасау;
- білім алушылардың денсаулығын сақтау жағдайлары.

Онынші сынып білім алушысына «жоғары сынып оқушысы» екенін сезінуіне, оқудың мәні мен мағынасын анықтауына көмектесу маңызды.

Негізгі және жалпы орта білім беру арасындағы оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету бағыттары:

1. Бейінге сәйкес білім беру бағдарламаларын таңдау арқылы оқыту сабақтастығын жүзеге асыру.

2. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг.

3. Пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстарды (үйірмелер, факультативтер) ұйымдастыру.

4. Пәндер бойынша бірыңғай жалпымектептік онкүндіктерді өткізу.

5. Ата-аналармен жұмыс: жеке кеңес беру, ашық есік күні, мектеп сайты, қамқоршылық кеңестер.

Бейімделу процесін жүзеге асыру жолдары:

- білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
- 10-сыныпқа келген 9-сынып білім алушыларының пәндер бойынша және 10-сыныптың бүкіл оқу жылында білім сапасын мониторингілеу, анықталған олқылықтардың орнын толтыру;
- бейімделу қиындықтарын анықтау және талдау, реттеу жолдарын әзірлеу;

- оқу процесіне барлық қатысушылардың: мұғалімдердің, ата-аналардың, білім алушылардың қатысуымен сабақтастықты іске асыру шеңберіндегі міндеттерді шешу;

- негізгі мектепте (9-сыныптар) және жалпы орта мектепте (10-сыныптар) оқытудың мазмұны мен әдістерінде сабақтастықты іске асыру; кері байланыс мүмкіндіктерін жасау.

2.2 ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;

- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;

- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

1. Оқу пәндері шеңберінде:

– сабақ тақырыбының тәрбиелік мәнін ескеру және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

– бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлау мен өткізуде ортақ тақырыптардың әлеуетін ескеру;

– орта және жоғары сыныптарда пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға назар аудару қажет.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады.

Педагогтер сабақ мақсатының пәндік мазмұнын ғана емес, сол оқу мақсаты

шеңберіндегі қазақстандық және/немесе тәрбиелік компоненттерді ескеруі маңызды.

2. Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

– әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;

– құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын сындарлы тәсілдеме негізінде ұйымдастырып, интербелсенді формада өткізу ұсынылады;

– сынып сағаттарын мектептің педагог-психологімен бірлесіп өткізу ұсынылады (педагог-психологпен бірлескен сынып сағатының санын, өткізу жиілігін білім беру ұйымдары дербес анықтайды).

Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттарын өткізу ұсынылады:

«Ар-ұят және жауапкершілік»
«Біздің қоғамдағы әділеттілік»
«Іс-әрекеттегі мейірімділік»
«Мейірімділік құндылығы»
«Күнделікті өмірдегі адалдық»
«Этикалық құндылықтарды дамыту»
«Отаншылдық және оның мәні»
«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік»
«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
«Қоғам игілігіне қызмет ету»
«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»
«Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
«Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» және басқалар.

Назар аударыңыз!

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Төле бидің 360 жылдық, Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық, Музафар Әлімбаевтың 100 жылдық, Халел Досмухамедовтың 140 жылдық, Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық, Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдық, Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық, Шәкен Айманов тың 110 жылдық, Әбілхан Қастеевтің 120 жылдық мерей тойларына назар аудару қажет.

Сынып жетекшілері ұсынылған сынып сағаттарының тақырыбын таңдауда және сынып сағаттарының мазмұнын әзірлеуде білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін және өңірдің сұранысын ескеруі қажет.

3. Сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде:

– бірлескен жобаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б. акциялар) іске асыру;

– қосымша білім алуға жағдай жасау;

– тәрбие жұмысын күшейтуге мүдделі мемлекеттік органдарды тарту (кездесулер, бірлескен іс-шаралар, акциялар, жарыстар, жобалар конкурстары, кәсіптік бағдарлау кездесулері, профилактикалық әңгімелер және т. б.)

– танымал, атақты тұлғаларға, оның ішінде мектепке аты берілген тұлғалар туралы тереңірек білуіне бағытталған іс-шараларды өткізу;

– білім беру ұйымы орналасқан өлкенің танымал тұлғаларымен, еңбек ардагерлерімен және мектепті бітіріп, табысты еңбек етіп жүрген түлектермен кездесу ұйымдастыру ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұймының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады.

Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін сыныптан тыс жұмыстар аясында бірлескен жобаларды ұйымдастыра алады. Жобалар ғылыми зерттеулерді, мәдени және тарихи ескерткіштерді зерделеуді көздеуі мүмкін немесе әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталуы мүмкін. Мұндай жобалардың мақсаты – білім алушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Бірлескен жобалар білім алушылардың сыни ойлауын, эмпатияны және қоғамдағы өзара әрекеттесу үшін маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың көптеген түрлері бар. Мысалы, «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны үнемдеу», «Судың да сұрауы бар», т.б.

Білім алушылардың құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған жобалар практикалық жұмыстардан бастап ғылыми-зерттеу жобаларына дейінгі іс-шаралардың кең ауқымын қамтуы мүмкін. Олар: «Менің елім және менің құқығым», «Құқық-квест», «Заңға қосқан үлесім», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Заң мамандықтары». Бұл жобалардың барлығы білім алушыларға өздерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ еліміздің құқықтық жүйесінің

жұмысын түсінуге ықпал етеді.

Еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін келесі жобалар ұсынылады: «Қолөнер шеберханасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Өзің жасап көр», «Аспаздық жоба» және т.б.

Ар-ұят, намыс, адалдық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды жетілдіру үшін мынадай тақырыптағы жобалар ұсынылады: «Бейбіт күннің каһармандары», «Өнер мен құндылықтар», «Тарихқа құрмет», «Менің отбасымның өмірлік жолы», «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» және т.б.

Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуі және денсаулықты нығайтатын әдеттерге дағдылануы үшін келесі жобалар тақырыптары ұсынылады: «Күнделікті пайдалы тағам», «Зиянды әдеттен аулақ бол», «Спорт және мен», «Қауіпсіздік және алғашқы көмек», «Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік», «Ұйқы және оның денсаулыққа әсері», «Экранға тәуелділік: жаман әдет», «Цифрлық гигиена» және т.б.

Жобамен жұмыс жасау барысында жобаға жетекші педагог білім алушыларға жұмыстың барлық кезеңдерінде тәлімгер әрі кеңесші ретінде қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, өз жұмысының нәтижесі үшін өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беруі маңызды. Сонымен қатар жобалар тақырыптары ұсыным ретінде беріліп отыр.

Білім күнін өткізу

1 қыркүйекте «Білім күнін» өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтайды және мектептің барлық қауымдастығының қатысуын қамтамасыз етеді. Білім күніне арналған сынып сағатының ұсынылып отырған тақырыбы: «Мектебім – мейірім мекені!».

Мемлекеттік туды көтеру және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Педагогтер ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, достық пен жауапкершілік, бір-біріне сыйластық құндылықтарын дарытуға мән беруі қажет.

Салтанатты жиынға мектеп оқушыларының ата-аналары/заңды өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, оның ішінде бірінші сынып оқушыларының ата-аналарының/заңды өкілдерінің бірінің іс-шараларға қатысуының маңызды екендігіне назар аудару қажет.

Мыналар:

– балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан не күтетіндерін талқылау;

– «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде жазғы демалыс барысында оқылған кітаптарды талдау, бала үшін қызықты және маңызды оқиғаларды талқылау;

– заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды қолдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану ұсынылады.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында

әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Мектеп – мейірбандық мекені» республикалық челленджін өткізу ұсынылады.

Бейнероликті орналастыру күні: 2023 жылғы 1 қыркүйек. Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты: 17.00-21.00.

Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар:

- барлығы үшін: «Мектебім, менің мектебім!», «Мектебім – мейірбандық мекені», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»;
- бірінші сынып білім алушыларына: «Мектепке алғашқы қадам»;
- 2-4-сынып білім алушыларына: «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім;
- 5-8-сынып білім алушылары үшін – «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем», «Жазғы демалыста мен жасаған игі іс»;
- 9-11-сынып білім алушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда»;
- 1-сынып білім алушыларының ата-аналары үшін – «Мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі»;
- сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!».

Тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік ұсынымдамалармен https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3 сайтынан толығырақ танысуға болады.

2.3 БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

✓ бастауыш білім беру деңгейінде «Әліппе» (1-сынып), «Ана тілі» (1-сынып), «Букварь» (1-сынып), «Обучение грамоте» (1-сынып), «Қазақ тілі» (2-4-сыныптар), «Қазақ тілі» (оқыту орыс тіліндегі 1-4-сыныптар), «Әдебиеттік оқу» (2-4-сыныптар), «Орыс тілі» (2-4-сыныптар), «Шетел тілі» (3-4-сыныптар);

✓ негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» (5-9-сыныптар), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (5-9-сыныптар), «Орыс тілі» (5-9-сыныптар), «Өзбек тілі», «Ұйғыр тілі», «Тәжік тілі» (5-9-сыныптар), «Шетел тілі» (5-9-сыныптар), «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті» (5-9-сыныптар), «Орыс тілі мен әдебиеті» (5-9-сыныптар), «Өзбек әдебиеті», «Ұйғыр әдебиеті», «Тәжік әдебиеті» (5-9-сыныптар);

✓ жалпы орта білім беру деңгейінде оқытудың екі бағыты бойынша: «Қазақ тілі» (10-11-сыныптар), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (10-11-сыныптар), «Орыс тілі» (10-11-сыныптар), «Өзбек тілі», «Ұйғыр тілі», «Тәжік тілі» (10-11-сыныптар), «Шетел тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті» (10-11-сыныптар), «Орыс тілі мен әдебиеті» (10-11-сыныптар), «Өзбек әдебиеті», «Ұйғыр әдебиеті», «Тәжік әдебиеті» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1–3, 11–15-қосымшаларында (1-4-сыныптар), 6–8, 16–20-қосымшаларында (5-9-сыныптар), 21–30, 85–90-қосымшаларында (10-11-сыныптар) көрсетілген.

Назар аударыңыз!

Тілдерді кезең-кезеңімен енгізу шеңберінде қазақ, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын 2-сынып «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033078

2023-2024 оқу жылының ерекшелігі – 2-сынып оқушылары үшін орыс тілін енгізу. Егер ана тілінде қалыптасқан сөйлеу дағдыларына және осы жаста тілдік материалды икемді және жылдам есте сақтау ерекшелігіне, табиғи қарым-қатынас және тілдік тосқауылдың болмауына сүйенсек, білім алушылар үшін екінші тілді (орыс тілін) оқыту анағұрлым сапалы болады. Бастауыш мектепте екінші тілді оқыту ойын түрінде немесе өз міндетін орындау жағдайында өтуі керек, яғни қарым-қатынас құралы болуы керек.

Ақпарат алмасу, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс жасау, фразалар мен сөз тіркестерінің мәнін түсіну және оларды нақты жағдайларда қолдану үшін коммуникативті дағдыларды дамыту ұсынылады.

Пәндік, метапәндік және негізгі (жоғары сыныптарда) құзыреттерді дамыту бойынша ұсыныстар

Айтылым дағдысын дамыту үшін білім алушылардың бір-бірімен сенімді қарым-қатынас жасауына арналған тілдік ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беретін әртүрлі ынталандырушы тапсырмаларды ұсыну қажет. Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде: жазбаша немесе ауызша мәтінмен жұмыс жасау кезінде (мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру), сондай-ақ грамматикалық немесе лексикалық материалды ауызша қолдану кезінде мақсатты сөйлеу тілін қолдануды жоспарлауға болады. Мысалы, «Қазақ тілі» пәнінен *«6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу»* оқыту мақсаттарымен жұмыс жасауда «Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары» бөлімінің «Ұлттық ойындар» деп аталатын екінші параграфында берілген тапсырмаларды орындауда білім алушылар арасында диалог құруды ұсынуға болады. Сол арқылы білім алушы ұлттық ойындардың түрлерін, олардың спортпен (ептілік, жылдамдық, қимыл-қозғалыс), мәдениетпен байланысын, логикалық ойлауды дамытатындығын өз еріктерінен тыс орындайды.

По «Русскому языку» при отработке цели обучения *«7.1.5.1 участвовать в диалоге по предложенной проблеме, аргументируя свою точку зрения»* в рамках раздела «Если бы я правил миром…», можно предложить обучающимся следующее задание: составить диалог между героями комиксов по теме «Чего я желаю нашему миру». Такое задание мотивирует обучающегося примерить на себя роль супергероя, цель которого улучшить мир и защитить человечество, поэтому аргументы будут исходить от обучающегося более креативно и естественно по мере вхождения в роль. В таком возрасте учащиеся пока не до конца могут рассуждать о проблемах современного мира на научном уровне, но имеют понятие об идеях, представленных в фильмах-комиксах (поднимаются проблемы экологии, борьбы добра со злом, ответственности перед обществом и другие).

Тыңдалым (тыңдау) дағдысын дамыту үшін білім алушылардың тыңдалатын мәтіннің мәнін түсінуі маңызды. Тыңдау дағдыларын сапалы дамыту үшін өмірлік жағдайлардан әртүрлі тапсырмалар дайындап қолдану қажет. Сабақтарда тапсырмаларды білім алушылар алғаш тыңдаған кезде ауызша мәтіннің негізгі идеясын түсінетіндей етіп жоспарлау керек, ал екінші рет тыңдау кезінде ауызша мәтіннің немесе аудио хабарламаның нақты бөлшектерін талдауы қажет. Мысалы, «*8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау*» деген оқыту мақсатымен жұмыс жасауда «*Ғарышты игеру жетістіктері*» бөлімі аясында білім алушыларға ғарыш туралы жаңалықтар ұсынуға болады. Білім алушылар осы жаңалықтың мақсатын айқындай отырып, тыңдалған мәтінді талдауы тиіс.

Оқылым дағдысын дамыту үшін білім алушыларға қызықты және

ынталандыратын мәтіндер ұсыну керек. Мәтіндерге тапсырмалар құрастыру кезінде әртүрлі әдістерді қолдану ұсынылады, мысалы, «Қарапайым және күрделі сұрақтар»: алдымен «қарапайым» сұрақтар қоюдан бастаңыз (нақты жауапты қажет ететін), біртіндеп «күрделі» сұрақтарға көшіңіз (неғұрлым егжей-тегжейлі жауапты қажет ететін). Мұндай мәтіндерге тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай принципі бойынша жасалуы керек. Мәтіндерге тапсырмалар құрастыру кезінде «жеңіл» сұрақтардан (біржақты жауапты қажет ететін) біртіндеп «күрделі» сұрақтарға көшу ұсынылады (неғұрлым егжей-тегжейлі жауапты қажет ететін). Оқу мақсаттарын пысықтау кезінде оқу жылдамдығы ескерілмейді, білім алушыларға негізгі және егжей-тегжейлі ақпаратты, автордың пікірлері мен келтірілген дәлелдерді түсіну үшін жазбаша мәтіндерді талдауға, сондай-ақ мәтін мазмұны бойынша рефлексия жасауға және тұтас және тұтас емес мәтіндердің дереккөздерінің дұрыстығы мен сапасын бағалауға үйрету маңыздырақ. Мысалы, *«8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру»* оқу мақсатымен жұмыста «Болашақ мамандықтары» бөлімі шеңберінде оқушыларға болашақ мамандықтары туралы жастар арасындағы зерттеу нәтижелері бар кестелерді зерделеуді ұсынуға болады. Тұтас емес мәтінді талдағаннан кейін білім алушыларға берілген нақты деректерден қорытынды жазуды ұсынуға болады.

Жазылым дағдысына үйрету және дамыту үшін білім алушыларға жазбаша мәтіндердің нақты модельдері мен элементтерін (кіріспе конструкциялар, күрделі сөйлемдердің құрылымдары және т.б.) ұсыну қажет. Коммуникацияның цифрлық тәсілдерін дамыту бүкіл әлемде іскерлік және бетпе-бет қарым-қатынас жасау үшін адамдардың бұрынғыдан қарағанда көбірек жазатынын білдіреді. Сабақтарда мұғалімдерге ресми электрондық поштадан бастап әлеуметтік желідегі жазбаға дейін жазудың әр түрін үйрету қажет. Мысалы, *«6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу»* оқу мақсатын іске асыруда білім алушыларға Instagram әлеуметтік желісінің парақшасында досының туған күніне құттықтау жариялауды немесе өзінің хоббиі не спорт туралы шағын пост жариялауды ұсынуға болады.

Тіл мен әдебиет сабақтарында білім алушыларда тек пәндік білім, білік, дағдыларды ғана емес, материалдарды жинау және реттеу әдістерін, сұрақтар құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасауда проблеманы қоя білу біліктілігін, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауын, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру сынды кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға да назар аударған жөн.

Тілдік пәндерде білім алушылар әртүрлі пәнаралық мазмұнмен өзара байланыс жасайды және басқа оқу пәндерінде академиялық жетістікке жету үшін қажетті метапәндік құзыреттерді меңгереді, мысалы, мәселелерді шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын қолдану, ақпаратты айқындау, тұтас емес мәтіндермен және графикамен жұмыс жасау, оқу және талқылау арқылы мәдениетаралық ақпараттануды дамыту, әртүрлі көзқарастарды құрметтеу өз ойларын, идеяларын, тәжірибелерін немесе сезімдерін білдіру үшін қиялды пайдалану, сондай-ақ сыныптасына кері байланыс беру үшін айтылым және

тыңдалым дағдыларын қолдану. Жалпы оқу сабақтары «рухани адамгершілік сабақтары» екені ескеріліп, мәтін таңдауда оның танымдық, тәрбиелік сипаты басты назарда ұсталуы керек.

Пәнді оқыту барысында білдім алушыларға білім мазмұнын игертумен қатар, оларға ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген мәдени құндылықтарды, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді таныту, оқушылардың тілдік қорын байыту, әдеби білімнің жүйелілігі, үздіксіздігі, сабақтастығы, білім мазмұнының тарихилық сипаты мен пәнаралық байланыс *ұстанымдары* басшылыққа алынуы тиіс.

Әдебиеттің білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытудағы рөлі аса ауқымды. Міндетті оқытылатын әдеби білім мазмұнымен ғана шектелмей, сонымен бірге қосымша әдеби шығармаларды өздігінен оқуға дағдыландыру білім алушылардың нәтижелі білім алуының барлық мүмкіндіктерін көрсетпек. Мұғалім білім алушының ізденісіне жол ашуға түрткі болатындай әдіс-тәсілдерді таңдап алуы қажет. Жүйелі жүргізілген сапалы оқыту барысында білім алушылар шығармашылық бағытта ізденіске түсіп, берілген тақырыптарға ойтолғау, эссе, сыни мақала, т.б. жаза білуге үйренеді.

Лингвистикалық сауаттылықты дамыту. Әдеби материалды оқу және зерделеу білім алушыларға мәтінді оқу, талдау және түсіну дағдыларын дамытуға және кеңейтуге көмектеседі. Мысалы, 5-сыныпта *«5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау»* оқу мақсатын іске асыру білім алушыларға Б. Блум таксономиясына сәйкес талдау деңгейінде бейнелеу құралдарының теориясынан алған білімді көркем шығарма авторының оларды практикада қалай қолданғанын талдауға мүмкіндік береді.

Сыни ойлауды дамыту. Әдебиеттерді зерттеу білім алушыларға ақпаратты талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, өз ойларын талдау және қорытынды жасау қабілетін дамытуға көмектеседі. Мысалы, *«5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағала*у» оқу мақсатымен жұмыста білім алушылар эпизодтарды талдай отырып, оның тарихи құндылығын бағалау дағдыларын, сондай-ақ талқылау дағдыларын дамытады.

Эмоционалды интеллектіні дамыту. Әдеби шығармалар кейіпкерлердің әртүрлі өмірлік жағдайларын, сезімдері мен эмоцияларын жиі сипаттайды. Бұл білім алушыларға эмпатия сезімін дамытуға және басқа адамдардың іс-әрекеттерінің себептерін түсінуге көмектеседі. Мысалы, *«5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу»* оқу мақсатын іске асыру арқылы шығармадан алған әсерін, ондағы көркемдеуіш құралдарды қолданып, шығармашылық жұмыстар жазуға дағдыланады.

Шығармашылық ойлауды дамыту. Өлеңдер, әңгімелер, эссе және басқа жазылым түрлері білім алушылардың шығармашылық қабілетін шабыттандырады.

Жеке тұлғаны және құндылық бағдарларын қалыптастыру. Әдеби шығармалар арқылы білім алушылар басты кейіпкерлердің алдында тұрған түрлі өмірлік жағдайлармен және дилеммалармен танысады. Басты кейіпкерлердің іс-әрекеттері, кейіпкерлердің жағымды немесе жағымсыз іс-әрекеттері білім

алушыларға өздерін жақсы түсінуге, өз бойында құндылықтар мен дүниетанымын қалыптастыруға көмектеседі. Мысалы, *«5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу»* оқу мақсатын іске асыру кейіпкердің іс-әрекеті арқылы оның бойындағы жақсы қасиеттері мен жаман қасиеттерін ажыратып, өз көзқарасы тұрғысынан сыни пайым жасауға көмектеседі, кейіпкердің іс-әрекетінен өзіне қажетті құндылықты қабылдайды.

«Тіл мен әдебиет» саласы бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстар білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып, күрделі тапсырмаларды шешуге, өздік жұмыстарды орындауға бағытталуы қажет. Шығармашылық жұмыстар әртүрлі тапсырмаларды өздігінен орындау білігін қалыптастыруды нысана тұтып, оқытудың қай түрі болмасын білім алушы құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Тілдік пәндерді оқытуда баланың тұлғалық ерекшелігін ескерген жөн:

1) шығармашылық қабілеті жоғары білім алушыларға әртүрлі тақырыптарда шығарма, эссе, әңгіме жазғызып, ізденімпаз, қызығушылығы жоғары білім алушыға ақпарат құралдарынан материал жинап, баспасөз-конференция сабағын өткізуді тапсыру оң нәтижесін береді;

2) оңтайлы пайдаланылған дидактикалық, сюжеттік, рөлдік ойындар да білім алушының өзін таныта алуына, сыныптастар пікірімен санасуына, шешен сөйлеу қабілетін үйренуіне және білімін жан-жақты көрсетуіне мүмкіндік береді;

3) білім алушылардың ой-өрісін дамытып, оларға тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екендігін сезіндіру үшін ақпараттық технология ресурстарын, мультимедиалық құралдарды, ғаламтор материалдарын, бейнероликтерді, электронды оқулықтарды кеңінен қолдану тиімді.

Үштілді білім беруді іске асыру жөніндегі ұсынымдар

Үш тілді білім беруді жүзеге асыру аясында тілдік және тілдік емес пәндерді коммуникативтік, тұлғаға бағыттай оқыту, құзыреттілік және іс-әрекет тәсілдері сияқты заманауи педагогикалық тәсілдерді қолдану маңызды.

Мұғалімдер материалды ұсынудың, жұмысты ұйымдастырудың, білім алушылардың жеке және шығармашылық қызметін жоспарлаудың әртүрлі формаларын қолдануы керек. Пәндерді белсенді және коммуникативті тәсіл арқылы оқыту білім алушылар үшін әлдеқайда қызықты және тиімді болады.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін пәндік-интеграцияланған оқытуды қолдану ұсынылады. Тілдік пәндердегі осы тәсілдің негізгі принциптері тілдік триада болып табылады, ол мыналарды қамтиды:

1) оқытуға қажетті тілдік дағдыларды дамыту (түйін сөздерді меңгеру; тақырыпқа байланысты терминдер мен ұғымдар; сөздік қорын қолдануға мүмкіндік беретін грамматикалық құрылымдар; өз пікірін білдіру үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, құбылыстарды сипаттау және т.б.);

2) шет тілді оқу ортасында жұппен/топпен табысты жұмыс істеу үшін тапсырмалар мен оқытудан күтілетін нәтижелеріне байланысты оқушыларға қажетті тілдік дағдыларды дамыту: сұрақтар қоя білу, көмек сұрай білу және т.

б.; жобалық тапсырмаларды орындау үшін мақсатты тілде көпшілік алдында сөйлеу дағдылары; талқылауларға, дауларға, пікірталастарға қатысу үшін коммуникативтік дағдылар, т. б.;

3) оқыту процесінде қалыптасқан жаңа тілдік дағдыларды бекіту, мысалы, сөздік пен анықтамалық әдебиетті пайдалану дағдылары, кері байланыс, рефлексия дағдылары; әңгімелесу, пікірталас жүргізу.

Пәнді оқытуда төмендегідей ерекшеліктерін ескеру қажет (А. П. Стоянова және М. Ю. Глушкова, 2020):

1) жан жақты қарау (өтпелі тақырыптарды белсенді пайдалану, оқу үдерісі бойынша рефлексия жасау, пәндік мазмұнды игеруді қолдау);

2) қауіпсіз және білімді тереңдететін оқу ортасы (күнделікті әрекеттер мен тілдік бірліктерді пайдалану, көрнекі материалдарды, сондай-ақ сөйлеу мен жазудағы қателерді түзетудің әртүрлі әдістерін пайдалану, себебі олар оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады);

3) түпнұсқалық және дереккөзге жақындық (материалды білім алушылардың күнделікті өмірімен байланыстыру, әртүрлі көздерден алынған түпнұсқалық материалдарды пайдалану, білім алушылардың мүдделерін ескеру);

4) белсенді оқыту (білім алушы педагогтен гөрі көп сөйлейді, сабақтарда өзара әрекеттесудің әртүрлі формалары қолданылады: жұптық және топтық жұмыстар);

5) тірек құрылымы (білім алушылардың қолда бар тәжірибесіне, білімі мен іскерлігіне сүйене отырып, сабақтарды жоспарлау, оқытудың әртүрлі стильдерін ескеру);

6) ынтымақтастық (тілдік және тілдік емес пәндер педагогтерінің бірлесіп жоспарлауы).

Сабақта үштілділікті дамытудың кейбір әдістемелік тәсілдері

1. *Сөздер мен сөз тіркестерін өзара тексеру.* Тілдерді үйрену кезінде ынтымақтастықтың ең көп таралған түрі - білім алушылардың бір-бірінің жеке сөздер мен сөз тіркестерін (идиомаларды) білуін тексеру.

2. *Жаңа мәтінмен бірлесіп жұмыс істеу.* Жаңа мәтіндерді аудару бойынша жұмыс әртүрлі жолдармен жүруі мүмкін. Белгілі бір уақыт кезеңінде жаңа мәтіндермен және олардың ана тіліне аудармасымен педагог білім алушыларды таныстырады. Болашақта білім алушылар жаңа мәтіндерді алып, оларды тұрақты және ауыспалы құрамдағы жұптарда аудару үшін жұмыс істейді, әдетте жұптарда бір білім алушы мәтінді оқиды және әр сөйлемді өзі аударады, оған серіктесін де тартады.

3) *Өзара диктанттар.* Педагог диктант карталарын дайындайды. Білім алушылар өзара диктанттарды орыс, ағылшын (ана) тіліндегі сабақтардағыдай ережелер бойынша жүргізеді.

4. *Жаңа мәтінмен танысудың басқа нұсқалары.* Педагог білім алушыларға әртүрлі жаңа мәтіндер береді. Білім алушылар оларды өз бетінше оқып, аударма жасауы керек. Педагог тексергеннен кейін білім алушылар бір-бірімен жұмыс істеуге кіріседі. Мәтіндердің одан да күрделі түрлері берілуі мүмкін. Мысалы, мәтін фразалар бойынша оқылады, кейде әр фраза екі-үш рет оқылады және

аударма дереу хабарланады және нақтыланады. Аударма аяқталғаннан кейін білім алушыларға сөздікке жаңа сөздерді жазып, есте сақтауы керек сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты тапсырма беріледі.

Білім беру сапасын арттыру және теориялық білімді бекіту, тереңдету мақсатында «Тіл және әдебиет» саласы пәндері бойынша кейбір тақырыптық сабақтарды қауіпсіздік ережелерін сақтап, жергілікті жағдайларды ескере отырып, музейлерде, кітапханаларда және басқа білім беру ұйымдары базасында өткізу ұсынылады.

МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

✓ бастауыш білім беру деңгейінде «Математика» және «Цифрлық сауаттылық» (1-4-сыныптар);

✓ негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика» (5-6-сыныптар), «Алгебра», «Геометрия» (7-9-сыныптар) және «Информатика» (5-9-сыныптар);

✓ жалпы орта білім беру деңгейінде оқытудың екі бағыты бойынша «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1–3, 11–15-қосымшаларында (1-4-сыныптар), 6–8, 16–20-қосымшаларында (5-9-сыныптар), 21–30, 85–90-қосымшаларында (10-11-сыныптар) көрсетілген.

Бастауыш білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда қоршаған болмыстың алуан түрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімді қалыптастыруға; ауызша және жазбаша есептеу алгоритмдерін меңгеруге; есептер шығарудың жалпы амалдарын, өлшем және есептеу дағдылары негізінде логикалық пайымдаулар құра білу машықтарын дамытуға; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарапайым құралдарын қолдану дағдыларын, ақпаратты іздеу, таңдау, жеткізу, объектілер мен процестерді жобалау, кестелермен, схемалармен, графикалармен және диаграммалармен жұмыс істеуде ең қарапайым әдістерді қолдану, интерпретациялау және деректерді ұсыну дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Назар аударыңыз!

«Цифрлық сауаттылық» пәнін (1 және 2-сыныптар) оқыту электрондық оқулықтарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны математика мен информатиканың әлемдегі рөлін айқындау және түсіну қабілетін қалыптастыруға; математиканы ғылымның әмбебап тілі, құбылыстар мен процестерді модельдеудің құралы ретінде түсінуге; математика мен информатиканы оқыту кезінде орта білім беру деңгейлеріндегі сабақтастықты, пәнаралық және пәнішілік байланыстарды; жалпы орта білім беру деңгейінде оқуды жалғастыруға және сабақтас пәндерді оқуға, оларды күнделікті өмірде пайдалануға қажетті базалық математикалық білім мен біліктерді меңгеруге; бағдарламалау технологиясының және

ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін, информатиканы және басқа да пәндерді оқу кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып шынайы объектілер мен процестердің модельдерін қолдану және түрлендіру біліктерін меңгеруге; функционалдық сауаттылықты, логикалық, алгоритмдік және операциялық ойлауды, кеңістікті елестетуді, математика мен информатиканың түрлі тілдерін (сөздік, символдық, талдамалық, графикалық) пайдалану қабілеттерін, әртүрлі нысанда берілген ақпаратты қабылдау және сын тұрғысынан талдауды дамытуға бағытталған.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны білім алушылардың келесі білім алу деңгейінде табысты оқуы, сондай-ақ практикалық есептерді шешуі үшін қажетті математикалық білім жүйелері мен біліктерін және математикалық мәдениетті дамытуға; функционалдық сауаттылықты, абстрактілі, логикалық, алгоритмдік және есептік ойлауын дамытуға; есептерді шешу және ақпараттық технологиялардың құралдары мен әдістерін меңгеруге; білім алушылардың қоршаған әлемнің математикалық заңдылықтары туралы түсініктерін жүйелеуге және дамытуға, математикалық құралдар мен әдістердің тәжірибеде барлық білім салаларында құбылыстар мен процестерді сипаттау және зерттеуде қолданылатынын жете түсінулеріне; объектілер мен процестерді модельдеуептіліктерін дамытуға бағытталған.

Пәндік, метапәндік және негізгі (жоғары сыныптарда) құзыреттерді дамыту бойынша ұсынымдар

Мектептегі *математикалық білім берудің* мазмұны білім алушылардың зияткерлік дамуына, олардың ойлау мәдениеті мен дербестігін қалыптастыруға, алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндігіне бағытталған. Қойылған міндеттерді шешу үшін мектеп математика курсын игеру барысында негізгі және маңызды орындардың бірін алатын жаттығулар жүйесіне ерекше рөл беріледі. Математика бойынша жаттығулар жүйесіне келесі типтегі тапсырмалар кіреді: ағымдағы оқылатын материалды қолдануға арналған тапсырмалар; әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар; шығармашылық тапсырмалар; пәнішілік және пәнаралық байланысты жүзеге асыруға бағытталған есептер және т.б. Математика сабақтарында әртүрлі мазмұндағы мәтінді есептерді (пәнаралық есептер, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар, ситуациялық есептер) шешуге көп көңіл бөлу керек, олардың кейбіреулерін шығару барысында есептің мәтіні бойынша математикалық модель құрастырылады (*формула, айнымалылары бар өрнек түріндегі мәтінді есептерді шешудің математикалық моделін құрастыру*).

Сонымен қатар, білім алушылардың жазбаша дағдыларын дамытуға ықпал ететін жұмыстарды жүргізу ұсынылады: тапсырмаларды орындау үшін нұсқаулықтар мен алгоритмдер жасау; математикалық есептерді ауызша және жазбаша шешу тәсілдерін сипаттау және түсіндіру; тапсырманың орындалу барысын ауызша және жазбаша талдау (*практикалық есептер контекстінде айнымалының қандай мәндерінде алгебралық өрнек мағынасы бар екенін талдау және түсіндіру; іріктеу арқылы комбинаторлық есептерді талдау, түсіндіру*

және шешу; үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер центрлерінің орналасуын түсіндіру).

Оқу пәнінің кез келген тақырыбы аясында білім алушының алдына белгілі бір пәнді оқу кезінде алынған білімнің көмегімен шешілетін пәндік саладан тыс мәселелер қоюға болады. Математика осындай есептерді қарастыруға мүмкіндік береді.

Жаратылыстану циклінің пәндерімен пәнаралық байланыстарды орнату, математика сабақтарында ақпараттық технологияларды пайдалану қолданбалы есептерді қарастыру арқылы жүзеге асырылады (*8.4.2.3 қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану*). Мұндай есептерді шешу теорияны практикалық іс-әрекеттермен байланыстыруға мүмкіндік береді, бұл математиканы тереңірек меңгеруді және пәнге деген қызығушылықты дамытуға ықпал етеді (*8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу*).

«Математика және информатика» білім беру саласы пәндерін оқуға деген қызығушылықты арттырудың бір жолы – *білім алушылардың жобалық қызметі*.

Жобалау технологияларын қолдану пән бойынша оқу сапасын көтеріп қана қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлауды, мақсат қоюды, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсынуды және дәлелдеуді, тәжірибелер жүргізуді, орындалған жұмыстың нәтижелерін көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.

Информатика. Пәндік құзыреттер бағдарламалау негіздерін, операциялық жүйелермен және кеңсе бағдарламаларымен жұмысты меңгеруге бағытталған. Бағдарламалау негіздері логикалық ойлауды, есептерді шешу қабілетін дамытады, алгоритмдік дағдыларды қалыптастырады; әртүрлі операциялық жүйелермен, олардың функцияларымен және мүмкіндіктерімен танысу компьютерлік ортаны түсінуді жақсартады және білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттырады.

Бағдарламалау негіздерінде құзыреттілікті дамыту үшін білім алушыларға Python немесе Scratch тілінде қарапайым бағдарламалар жасайтын тапсырмаларды ұйымдастыру ұсынылады. Мысалы, сандардың қосындысын есептеуге, сандарды жұп пен тақ санға тексеруге немесе қарапайым анимациялар жасауға арналған тапсырмаларды ұсынуға болады *(1.4.2.1. ойын бағдарламалау ортасында дайын сценарий бойынша алгоритмді іске асыру (Scratch (scratch));)*. Білім алушылар блок-схемалар мен алгоритмдерді қолдана отырып ойындар немесе интерактивті әңгімелер жасай алатын сабақтар да пайдалы *(8.3.1.1 Python бағдарламалау тілінде тапсырма модельдерін жасау (Python))*.

Білім алушылардың операциялық жүйелермен жұмыс істеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін операциялық жүйелердің әртүрлі функцияларын зерттейтін сабақтар өткізу ұсынылады. Бұған файлдар мен папкаларды басқару, Жүйе параметрлері және пайдаланушы интерфейсі кіруі мүмкін. Сонымен қатар, білім алушыларға Windows, macOS және Linux сияқты әртүрлі операциялық жүйелермен танысуға мүмкіндік беру керек, осылайша білім алушылар әртүрлі

жүйенің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін салыстыра алады *(6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі функцияларын атаңыз;)*.

Кеңсе бағдарламаларымен жұмыс істеу құзыреттілігін дамыту үшін қатысушыларға мәтіндік құжаттарды құруды, *(5.2.2.1 басып шығару үшін құжатты тиімді ұйымдастыру (бет параметрлерін орнату, алдын ала қарау)*, электрондық кестелерді немесе презентацияларды жасауды қажет ететін жобаларды беруге болады. Сонымен қатар, электрондық кестелердегі формулалар мен графиктер немесе презентация бағдарламаларындағы анимациялар мен ауысулар сияқты кеңсе бағдарламаларының функцияларын тиімді қолдану бойынша сабақтарды өткізу пайдалы болып табылады *(7.2.2.3 электрондық кестеде диаграммалар жасау;)*.

Қатысушыларды желідегі ақпаратты сыни тұрғыдан ойлауға және талдауға үйрету олардың сенімді көздерді таңдау және ақпараттың дұрыстығын бағалау қабілеттерін нығайтады *(1.1.4.2 желідегі барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес деп пайымдау;)*. Ақпаратты ыңғайлы форматта ұйымдастыру, өңдеу және ұсыну дағдыларын дамыту деректердің үлкен көлемімен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді *(1.1.2.1 қабылдау тәсілі бойынша ақпарат түрлерін анықтау)*. Жобалық ойлауды ынталандыру шығармашылық және проблемалық-бағдарлау қабілеттерін дамытады.

Командада жұмыс істеу, мәселелерді шешу және шығармашылық сияқты негізгі құзыреттер қатысушылардың ақпараттық-технологиялық салада табысты жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тапсырмаларды шешу және жобаларды құру үшін топтарда жұмысты ұйымдастыру қатысушылардың коммуникациялық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Қатысушыларды күрделі тапсырмаларды шешуде қолдау және проблемаларды шешуде шығармашылық тәсілдерді тарту олардың аналитикалық және инновациялық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді *(11.5.3.1 Startup (стартап) ұғымын сипаттау;)*.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ

Жаратылыстану-ғылыми білім беру білім алушылардың бойында табиғи құбылыстар мен заңдылықтар туралы түсініктерді қалыптастырып, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашып көрсетеді.

Ол табиғаттың бір бөлігі ретінде адамға, табиғат әлемін ұғыну ғана емес, осы өзгергермелі әлемдегі өз орнын сезінуге бағытталған және жеке тұлғалық құндылық қасиеттер жүйесін тәрбиелеуге, жеке тұлғаның дүниетанымдық, мәдени, тәжірибеге бағдарланған қасиеттерін қалыптастыруға негізделген.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» (1-4-сыныптар);
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» (5-6-сыныптар), «Физика», «Химия», «Биология», «География» (7-9-сыныптар);
- жалпы орта білім беру деңгейінде екі бағыт бойынша «Физика», «Химия», «Биология», «География» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1–3, 11–15-қосымшаларында (1-4-сыныптар), 6–8, 16–20-қосымшаларында (5-9-сыныптар), 21–30, 85–90-қосымшаларында (10-11-сыныптар) көрсетілген.

«Жаратылыстану» білім беру саласындағы бастауыш білім берудің мақсаты - «Адам – Табиғат» жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз ету. Білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны «қарапайымнан күрделіге қарай, таныстан таныс емеске қарай» принципі бойынша құрастырылған. Жанды және жансыз табиғат құбылыстары мен процестерінің себептері мен байланысын түсіну, қоршаған дүниенің алуан түрлілігі мен күрделілігін сезіну оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді. «Жаратылыстану» оқу пәні – білім берудің кейінгі деңгейлерінде дербес пән ретінде оқылатын «Биология», «Физика», «География», «Химия» оқу пәндерін оқып-меңгеруге жол бастайтын, сондай-ақ білімнің барлық салаларында маңызды орын алатын зерттеу дағдыларының іргетасын қалайды.

«Жаратылыстану» білім беру саласындағы негізгі орта білімнің мақсаты – функционалдық білім мен біліктерді, жоспарлау, талдау және өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс, зерттеу, практикалық-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруды; әлемнің қазіргі жаратылыстану көрінісінің негізінде жатқан іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми тану әдістерін, табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді

тереңдетуді; экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамытуды; патриоттық сезімдерді, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті және ұқыпты қарауды тәрбиелеуді; білім алушыларды жаратылыстану ғылымдары бағытында кәсіби бағдарлауды іске асыруды қамтамасыз ету.

«Жаратылыстану» білім беру саласындағы Жалпы орта білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады.

Пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді дамыту бойынша ұсынымдар

Зертханалық және практикалық жұмыстың көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды (виртуалды жұмыс) пайдалану, білім алушылардың эксперименттік деректермен жұмыс істеу және қорытынды жасау қабілетіне назар аудару ұсынылады.

Зерттеу қызметін ұйымдастыру және жүргізу, өңірлік және жергілікті аспектілерде қолданбалы маңызы бар жобаларды жазу, Қазақстанның жаратылыстану саласындағы ғылыми жетістіктерін зерделеу ұсынылады.

Жергілікті сипаттағы материалдарды (объектілер, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушыны танымдық және әлеуметтік тұрғыдан жандандыру ұсынылады. Техника, медицина, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және энергетиканың әртүрлі салаларындағы жетістіктер ғылыми идеяның дамуы мен ғылыми прогрестің жарқын мысалдары болып табылады.

Мұғалімдер бастауыш сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар екенін ескеруі керек:

- пән мазмұнындағы базалық білім жүйесі білім алушылардың қоршаған әлем туралы, атап айтқанда, әртүрлі денелер мен құбылыстар туралы бастапқы білімдерін қалыптастырады;
- пән білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған: сұрақтар қою және осы сұрақтарға жауап табу, зерттеу жоспарын әзірлеу және болжау, сұрақтарға жауап іздеу үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған деректерді жалпылау, өңдеу және түсіндіру;
- зерттеу жұмыстары мен эксперименттер жүргізу арқылы тапсырманы өз бетінше іздеу және қорытындыларды дұрыс тұжырымдау дағдыларын қалыптастырады, баланың ойлау қабілеті мен ғылыммен айналысуға деген ұмтылысын дамытады;
- білім алушылар сыни тұрғыдан ойлау тәсілдерін меңгереді, шынайы жағдайларда шешім шығаруды, сұрақтар қоюды, ғылыми-зерттеу жұмысының тәсілдерін түсінуді және бақылауды үйренеді.

Жаратылыстану саласындағы пәндік және метапәндік құзыреттілік - бұл бақылаулар мен эксперименттерге негізделген тұжырымдар жасау үшін ғылыми әдістер арқылы зерттеуге және шешуге болатын нақты жағдайларда мәселелерді шешу үшін жаратылыстану білімін пайдалану мүмкіндігі. Бұл тұжырымдар

қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекеті енгізетін өзгерістерді түсіну және тиісті шешімдер қабылдау үшін қажет.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқытудың тереңдетілген деңгейіндегі оқу пәндері бойынша оқу бағдарламасын игерудің пәндік нәтижелері негізінен жалпы кәсіби білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаратылыстану-математикалық бағытта оқытудың тереңдетілген деңгейі пәндері бойынша оқу бағдарламасын меңгерудің күтілетін нәтижелері негізінен кейінгі кәсіптік білім беруге даярлауға, білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Жаратылыстану бағыты пәндері бойынша пәндік және метапәндік құзыреттіліктерді дамытуда түрлі әдістер мен тәсілдері қолдану ұсынылады. Мысалы:

1. Мәтінмен жұмыс. Мәтінмен жұмыс істеу ғылыми мақалаларды оқу, ғылыми жұмыстардың мәтіндерін талдау, түйіндемелер мен аннотациялар жасау білім алушыларға мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, ақпарат алуға және әртүрлі көзқарастарды салыстыруға көмектеседі.

2. Топтық жұмыс. Бұл бірлескен жобалар мен зерттеулер, пікірталастар жүргізу және топтағы жұмыс нәтижелерін талдау білімалушыларға коммуникативті дағдыларды дамытуға, ұжымда жұмыс істей білуге және мәселелерді шешуге көмектеседі.

3. Білімді тәжірибемен ұштастыру: зертханалық жұмыстарды орындау, эксперименттер жүргізу, көлемді жұмыстарды істеу және білімалушылардың материалдарды пайдалануы, деректерді бақылау, талдау дағдыларын дамыту және ғылыми білімді практикада қолдану.

4. Заманауи технологияларды қолдану: деректерді талдау үшін компьютерлік бағдарламалармен жұмыс, деректерді өңдеу.

5. Өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамыту: өз жұмысын жоспарлау, басымдықтар мен мақсаттарды анықтау, жаңа тақырыптарды өз бетінше зерттеу, өзін-өзі ұйымдастыру және уақытты басқару дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Білім алушыларының пәндік, метапәндік және түйінді (жоғары сыныптарда) құзыреттерін дамытудың жоспарланған нәтижелері

1) табиғи құбылыстарды бақылау, нәтижелерді сипаттау және қорытындылау; эксперимент нәтижелерін талдау;

2) жаратылыстану бағытындағы биология, физика, химия, география ғылымдары арасындағы байланысты сипаттау; табиғи құбылыстардың өзара байланысын орнату;

3) қоршаған ортадағы құбылыстарды түсіндіруде, денсаулықты сақтауда, тіршіліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, табиғат байлықтарын ұтымды пайдалануда, сондай-ақ сауатты тұтынушының рөлін орындау үшін жаратылыстану бағытындағы білімдерді қолдану;

4) жаратылыстану-ғылыми білімнің маңыздылығын түсіндіру, жиналған және өңделген деректерді, кесте, график, хабарлама, баяндама, презентация түрінде ұсынылатын ақпаратты синтездеу; ғылыми үлгілер мен гипотезалардың, дәлелдемелердің және түсіндірмелердің дәлелдерін; эксперимент пен зерттеудің жоспарын жасайды.

Биология бойынша пәндік, метапәндік және негізгі (жоғары сыныптарда) құзыреттердің мысалдары 7-кестеде келтірілген.

7-кесте – «Биология» пәні бойынша мысалдар

Оқу мақсаты	Сұрақтар мен тапсырмалар	Тапсырмалардың күтілетін нәтижелерге бағытталуы
«Қоректену» бөлімшесі. 8-сынып. *8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түлік тізімін жасау*	Витаминді қолдану мен дененің денсаулығы арасындағы байланысты анықтаңыз	Құзыреттіліктер: *пәндік:* денсаулықты сақтау үшін дұрыс тамақтану ережелерін сақтау қажеттілігін түсіндіре білу *метапәндік:* оқу тапсырмасын орындау үшін ақпаратты түсіндіре білу
	Витамин тапшылығы дегеніміз не?	*пәндік*: дәрумендер және дәрумен жетіспеушілігі жайлы білімі болу *метапәндік*: Өз ойын сауатты және жүйелі жеткізе білу

Оқу материалын бекіту және тереңдету мақсатында жаратылыстану, география пәндерінен кейбір тақырыптық сабақтарды қауіпсіздік ережелерін сақтап, жергілікті жағдайларды ескере отырып, өлкетану музейлерінде, экологиялық мектептер мен басқа білім беру ұйымдары базасында өткізу ұсынылады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес «Адам және қоғам» білім беру саласы аясында:

– бастауыш білім беру деңгейінде «Дүниетану» (1-4 сыныптар);

– негізгі орта білім беру деңгейінде ««Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» (5-9-сыныптар), «Құқық негіздері» (9-сынып);

– жалпы орта білім беру деңгейінде ««Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» (10-11 сыныптар) пәндері оқытылады.

Аталған оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1-3, 11-15 (1-4 сыныптар) қосымшаларында, 6-8, 16-20 (5-9 сыныптар) қосымшаларында, 21-30, 85-90 (10-11 сыныптар) қосымшаларында берілген.

«Адам және қоғам» саласы білім беру жүйесінде үлкен мәнге ие негізгі білім беру саласының бірі болып табылады. Бұл саланың маңыздылығының бірнеше себептері:

Өзін және қоршаған әлемді түсіну: бұл білім саласы білім алушыларға өзін жеке тұлға ретінде және қоғамдағы рөлін жақсы түсінуге көмектеседі. Ол тұлғалық және әлеуметтік бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Азаматтық жауапкершілікті дамыту: осы сала аясында оқыту білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін дамытуға және олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Құндылық бағдарларын қалыптастыру: оқу пәндері білім алушыларға әділеттілік, төзімділік және адам құқықтарын құрметтеу құндылықтарын сіңіруге арналған.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту: білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға ықпал етеді, бұл оларға ақпаратты талдауға, негізделген шешім қабылдауға және өз көзқарасын дамытуға көмектеседі.

Қоғамдағы белсенді өмірге дайындық: білім беру саласы білім алушыларға өз құқықтары мен міндеттерін білуге, өмірде кездесетін ситауциялық жағдаяттарды шешуге, сондай-ақ күрделі әлеуметтік және мәдени ортада жұмыс істеуге көмектеседі.

Тарих пен мәдениетті түсіну: «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» сияқты пәндер білім алушыларға қоғамның тарихи және мәдени аспектілерін және олардың қазіргі заманға әсерін түсінуге көмектеседі.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Бұл салада оқыту қарым-қатынас, ынтымақтастық, көшбасшылық, өзгерістерге бейімделу және топтық жұмыс сияқты әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

«Адам және қоғам» саласы бастауыш білім беру деңгейіндегі білім

алушылар үшін әлемді тарихи, географиялық және әлеуметтік тұрғыдан түсіну үшін маңызды рөл атқарады. *Бастауыш білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» білім беру саласы пәнінің мазмұны* «Адам – Қоғам» жүйесі аясында пропедевтикалық білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Білім алушылардың өткен және қазіргі әлеуметтік құбылыстарды және олардың өзара байланысын зерделеу, өз Отанына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, отбасындағы, жергілікті, аймақтық, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын түсінуге бағытталған.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» білім беру саласы оқу пәндерінің мазмұны - білім алушылардың тарихи ойлау, бүгін және өткенді түсіну және пайымдау дағдыларын және олардың өзара байланысын, тарихи, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтанулық ақпарат көздерінің материалдары бойынша негізделген қорытындылар жасау, зерделеу, талдау дағдыларын қалыптастыру және олардың негізінде тәуелсіз пайымдаулар жасау, өз шешімдерін қабылдау; патриотизмге тәрбиелеуге, құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» білім беру саласы оқу пәндерінің мазмұны білім алушылардың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихы мен құқықтық сауаттылығының негізгі мәселелері бойынша білімдерін қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғамның құндылықтарын түсінуге бағытталған. Білім алушыларда тарихи оқиғалар, құбылыстар мен процестерін талдау, жіктеу, жүйелеу, жинақтау және бағалауға негізделген тарихи ойлау дағдыларын, құқықтық нормалар, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер негізінде құқықтық жағдаяттарды талдау, бағалау үшін қажетті құқықтық сауаттылығын дамытуды көздейді.

Пәндік, мета-пәндік және негізгі құзыреттерді дамыту бойынша ұсынымдар

Пәндерді оқытуда әртүрлі белсенді әдістерді, тәсілдерді және оқыту стратегияларын қолдану ұсынылады. Мысалы:

Интерактивті әдістер: пікірталас, дебат, рөлдік ойындар және кейс-стади сияқты интерактивті әдістерді қолдану білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуына, өз пікірлерін білдіруге және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Бұл сыни ойлауды, коммуникативті дағдыларды және әлеуметтік белсенділікті дамытуға ықпал етеді.

Жобалау іс-әрекеті: білім алушыларға әлеуметтік және тарихи проблемалармен байланысты жобаларды орындауды ұсыну оларға білімді практикада белсенді қолдануға, шығармашылық және зерттеу дағдыларын, сондай-ақ қоғамдық жауапкершілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Тарихи дереккөздерді пайдалану: тарих пен қоғамға қатысты оқу пәндерінде хаттар, фотосуреттер, артефактілер және құжаттар сияқты түпнұсқа тарихи дереккөздерді пайдалану маңызды. Бұл білім алушыларға тарихи шындыққа енуге, сол кездегі адамдардың тарихи оқиғалары мен тағдырларын түсінуге көмектеседі.

Сыныптан тыс іс-шаралар мен саяхаттар: сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру, музейлерге, тарихи орындарға саяхаттар білім алушылардың шынайы өмірмен танысуына, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға және материалды тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді.

Диалог және талқылау: өзекті әлеуметтік және этникалық мәселелер бойынша диалогтар мен талқылаулар өткізу білім алушылардың әлеуметтік құзыреттілігі және өз көзқарастарын дәлелдей алу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Құндылық бағдарларын қалыптастыру: құрмет, жауапкершілік және әділеттілік сияқты білім алушылардың құндылық бағдарларын дамытуға баса назар аудару маңызды. Бұл үйлесімді және этикалық саналы тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі.

Осы әдістердің бірігуі білім алушылардың белсенді азамат және терең ойлы тұлға ретінде дамуына ықпал ететін тиімді және қызықты оқу процесін құруға мүмкіндік береді.

Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқыту мынадай тарихи концептілер түсініктер) негізінде құрылуы тиіс:

1) өзгеріс пен сабақтастық (мысалы, белгілі бір тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгерді);

2) себеп пен салдар (мысалы, осы тарихи кезеңдегі саяси процестерге қандай негізгі факторлар әсер етті);

3) дәлел (мысалы, белгілі бір тарихи кезеңдегі өнер бізге құндылықтар, нанымдар мен технологиялар туралы не баяндай алады);

4) ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, оқытылатын кезеңдегі мемлекеттердің саяси құрылысының ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай);

5) маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы неде);

6) интерпретация (мысалы , әр түрлі зерттеушілер осы немесе басқа тарихи оқиғаны қалай сипаттайды).

Тарихи концептілер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мағыналары мен маңыздылығын, процестер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл өз кезегінде пәннің мағынасын терең түсінуге көмектеседі. Тарихи концептілерге сүйене отырып, тарихи материалдарды талдау жүзеге асырылады. Нәтижесінде, білім алушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу рәсімін, дағдылар мен біліктермен байланысты комбинацияларды игереді (материалдарды жинау және реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасауда проблеманы қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру). 7-9-сыныптарда картамен жұмысты нәтижелі деңгейде күшейту ұсынылады. Ол үшін тарихи дереккөздерді пайдалана отырып, тарихи картаның мазмұнын талдауға бағытталған тапсырмаларды қолдану қажет.

Тарих сабақтарында себеп-салдарлық байланыстарды анықтау бойынша тапсырмалар білім алушылардың белгілі бір оқиғалардың себептері мен

салдарын анықтап қана қоймай, оларды берілген белгілер бойынша (мазмұны, уақыты мен рөлі бойынша) жіктей алатындай түрде әзірленуі керек. Бұл білім алушылардың әртүрлі себептер арасындағы байланыстарды тауып, оларды маңыздылық дәрежесі бойынша саралай алуына мүмкіндік береді. Тапсырмаларды құрастыру кезінде тарихи дереккөздерді түсіндіру дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару керек. Білім алушылардың тарихи дереккөздермен жұмысы олардың жасы және танымдық мүмкіндіктері, сондай-ақ дайындық деңгейін ескере отырып, біртіндеп күрделене түсуі керек. Оқу процесінде тарихи деректер, аудио және бейне материалдар, иллюстрациялар сияқты әртүрлі дереккөздерді пайдалану ұсынылады.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда практикаға-бағдарланған тәсілді іске асыру ұсынылады. Оның мәні алған білімді күнделікті іс-әрекетте тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Жаңа тақырыпты зерттеу кезінде НҚА жұмыс істеу, нақты заңдық нормаларға сілтеме жасау және білім алушылардың өмірлік жағдаяттарды шешуде құқық нормаларын қолдану дағдыларын дамыту ұсынылады. Білім алушылардың тиісті сөйлеу мәнерін қалыптастыру және заң терминологиясын дұрыс қолдануына бағыт беру керек. Жауаптарын құқықтық тұрғыдан дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға назар аудару ұсынылады. Сабақтарда коммуникативтік дағдылар, құқық нормасын дәлелді қолдану дағдыларын дамытуға баса назар аудару қажет. Барлық тапсырмалар тәжірибелік болуы керек, заңдық құжаттардың қарапайым формаларын әзірлеуге көңіл бөлу керек.

Оқу процесінде практикалық зерттеулер, шығармашылық жұмыстар, нормативтік құқықтық актілермен жұмыс, ситуациялық тапсырмаларды талдау және пікір алмасуға ерекше назар аудару маңызды.

Білім алушылардың мета-пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда зерттеу әдісі өте тиімді болып табылады. Проблемалық, іздеу, зерттеу әдістерінің элементтерін қолдану оқу процесін нәтижелі етеді. Білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту белгілі бір мақсаттарға: білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарда «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» оқу пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес әрбір оқу тоқсанының соңында зерттеу жұмыстарының тақырыптары ұсынылған. Әрбір тоқсанда ұсынылған зерттеу жұмыстары жобалық-зерттеу сипатындағы жұмыстар ретінде ұйымдастырылуы мүмкін. Оқу процесінде білім алушылар жеке, жұпта немесе топтарда тақырыптық бөлімнің тоқсанда зерттелген аспектілердің бірі бойынша зерттеу жүргізеді. Бұл зерттеу, креативті және сыни ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Зерттеу жұмысын әзірлеу кезінде 10-11-сынып білім алушылары зерттеуде мынадай біліктері мен дағдыларын көрсетуі тиіс:

- зерттеу мәселесін (тақырыбын) анықтау және тұжырымдау;
- зерттеу жүргізу жоспарын (оның кезеңдері)құру;
- зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, болжам жасау,

- зерттеу әдістерін таңдау және пайдалану;

- алынған ақпарат көздерін көрсете отырып, зерттеу тақырыбы бойынша теориялық (сандық және сапалық) материалды (әдебиетке сілтеме, электрондық дерек көздері) таңдау және жүйелеу;

- зерттеудің басында ұсынылған болжамды растайтын немесе жоққа шығаратын қорытынды жасау;

- жүргізілген зерттеу жұмыстарын жетілдіру жолдарын немесе алынған теориялық қорытындыларды практикалық қолдану мүмкіндігін анықтау.

Құқық негіздері бойынша жағдаяттық тапсырмалар білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерін дамытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, *«9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау»* оқыту мақсатын жүзеге асыруда білім алушылар қолданыстағы заңнама нормалары негізінде құқықтық жағдаятты талдап, өз көзқарасын дәлелдейді, өз пікірлерін нақты жеткізуге дағдыланады. Бұл дағдылар білім алушылардың күнделікті өмірде кездесетін жағдайларды шешу үшін де аса маңызды.

Білім беру сапасын арттыру және теориялық білімді бекіту, тереңдету мақсатында тарих пәндерінен кейбір тақырыптық сабақтарды қауіпсіздік ережелерін сақтап, жергілікті жағдайларды ескере отырып, музейлерде және тарихи орындарда өткізу ұсынылады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Мұражай мен тарихи орындарда тарих сабақтарын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірледі.

Материалдарға Академия сайтында қолжетімді

https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=12

ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» (1-2-сыныптар), «Көркем еңбек» (3-4-сыныптар), «Музыка» (1-4-сыныптар);
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Музыка» (5-6-сыныптар), «Көркем еңбек» (5-9-сыныптар).

Назар аударыңыз!

«Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» (1-2-сыныптар) пәндерін оқыту педагогтерге арналған оқу бағдарламаларына әдістемелік нұсқаулықтарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрықтың 1-3, 11-15 (1-4-сыныптар), 6-8, 16-20 (5-9-сыныптар) қосымшаларында берілген.

«Технология және өнер» білім беру саласындағы негізгі, орта, бастауыш білім деңгейлерінің мақсаттары: ұлттық және әлемдік көркем құндылықтар негізінде қоршаған әлем бейнесін, өскелең ұрпақтың жалпы мәдениетін тұтас қабылдауды қалыптастыру, білім алушылардың эстетикалық, рухани-адамгершілік және эмоционалдық қасиеттерін дамыту, қоғамның, өнер мен техниканың адам өміріндегі рөлі туралы негізгі идеяларды дамыту, қазақ халқының және дүние жүзіндегі басқа халықтардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін және алуан түрлі өнерін түсіну және құрметтеу; өнерді жүзеге асыру үшін білім, білік және дағдыны одан әрі дамыту үшін, өнердің әр түріндегі музыкалық және жобалық әрекеттерді; компьютерлік цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, негізгі технологиялық білім, іскерлік пен дағдыны; вокалдық және аспаптық дағдыларды дамыту; оның ішінде әртүрлі музыкалық цифрлық технологиялар, көркем-музыкалық бейнелеу құралдары мен мультимедиялық технологиялар арқылы әлемді танудың әртүрлі тәсілдерін өз бетінше дамыту.

Пәндік, метапәндік және негізгі құзыреттерді дамыту бойынша ұсыныстар

Көркем еңбек пәні бойынша мұғалім білім алушыға өз бетінше көркем-шығармашылық және пәндік-өнімді іс-әрекетті ұйымдастыруға, көркемдік тұжырымдаманы жүзеге асыру құралдарын таңдауға ынта мен дағдыларды қалыптастыруды ұйымдастырады.

«Көркем еңбек»:

- өнер мен дизайнның мәнерлі құралдары арқылы шығармашылық идеяларды, топтық және жеке жұмыстарды дамыту;

- объектілерді зерттеу, жасау, талдау, көркемдік түрлендіру процесінде білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамыту.

Музыка пәні бойынша мұғалім білім алушыға өнермен қарым-қатынас жасауға, көркем шығармалардың мазмұны мен мәнерлі құралдарын талқылауға және орындауға құштарлығын оятуға бағыт береді.

Пәндер аясында құзыреттерді дамыту:

«Музыка»:

- қазақтың дәстүрлі музыкасының озық үлгілерімен, Қазақстан халықтарының шығармашылығымен, әлемдік классика және қазіргі заманғы музыкамен таныстыру негізінде білім алушылардың музыкалық қабілеттері мен орындаушылық және шығармашылық белсенділігін дамыту;

- орындаушылық шеберліктерін дамыту – вокалдық және аспаптық: таза интонация, ырғақ сезімі, мәнерлі ән айту, шулы аспаптарда ырғақты сүйемелдеу, домбырада саусақтардың негізгі күйлері мен штрихтары, жеке және ансамбльдік орындау.

«Еңбекке баулу»:

- жеке, топтық және ұжымдық жұмыстарды орындау процесінде қолдың моторикасын, сенсорикасын, қиялы мен шығармашылығын, елестетуін және байқағыштығын дамыту;

- әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы кеңістіктік-образдық ойлау дағдыларын қалыптастыру;

- ұлттық және әлемдік мәдениет туындыларымен танысу арқылы зерттеушілік дағдыларын дамыту.

«Бейнелеу өнері»:

- шығармашылық жұмыстарда қоршаған әлемге деген көзқарасын білдіру қабілетін дамыту;

- графикалық және түстану дағдыларын дамыту;

- шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін көру қабілетін дамыту (көрмелер, мұражайлар, сәулет, дизайн, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер және т.б.);

- білім алушылардың сезімталдық-эмоционалдық көңіл-күйін білдіруін, зейінін, есте сақтау, қиял, елестету қабілеттерін дамыту;

STEM/ STEAM технологияларын қолдану бойынша ұсынымдар

Материалды іріктеу және дайындау үшін STEM технологиялары негізінде әртүрлі графикалық құралдарды пайдалану, бұйым жасау үшін эскиздерді дайындау, сонымен қатар графикалық және технологиялық құжаттарды әзірлеу кезінде жобалық жұмыс бойынша тәжірибелік сабақтарда мультимедиялық технологияларды қолдану қажет.

«Музыка» пәні бойынша музыкалық шығармашылық бөлімінде шығармашылық жұмыстарда практикалық тапсырмалар мен жобаларды қолдану, білім алушылардың жеке, топтық және ұжымдық жұмыс дағдыларын меңгеруін талап ететін тапсырмаларды енгізу ұсынылады.

«Көркем еңбек» пәні аясында сәндік-қолданбалы өнер бөлімінде «Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері», «Аксессуарлар», «Бұйымды әшекейлеу» тақырыбы бойынша өз жұмыстарын көрсету үшін мультимедиялық технологияларды, интерактивті тақтаны пайдаланады.

Білім беру сапасын арттыру және теориялық білімді практикамен ұштастыру мақсатында еңбекке баулу, бейнелеу өнері, көркем еңбек пәндерінен кейбір тақырыптық сабақтарды қауіпсіздік ережелерін сақтап, жергілікті жағдайларды ескере отырып, «Жасыл мектеп» жылыжайларында, табиғат аясында, жануарлар саябақтарында, мұражайлар және көрмелерде өткізу ұсынылады.

Назар аударыңыз!

2023 жылғы 8 қыркүйекте Республиканың барлық елді мекендеріндегі жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары ұзақтығы 4-4, 5 минутты құрайтын «ДЕНЕ СЕРГІТУ» челленджіне қатысады.

Челлендж Республиканың барлық өңірлерінде Астана уақыты бойынша сағат 12.00-де басталады.

Осы іс-шараны өткізу мақсатында «ДЕНЕ СЕРГІТУ» челленджін өткізу тұжырымдамасы, 1-4, 5-9 және 10-11-сыныптарға арналған спорттық жаттығулар кешені әзірленді.

Әрбір білім беру ұйымының челленджі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялайтын болады.

«Дене шынықтыру» білім саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, негізгі дене сапасын дамытуға және ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған; қозғалыс мәдениетін қалыптастыру, жалпы дамытушылық және түзету бағытындағы дене жаттығуларымен қозғалыс тәжірибесін байыту; дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерінде дағдылар мен біліктілікке үйрету, дене шынықтыру жаттығуларын өз бетінше ұйымдастыруға негізделген.

Дене шынықтыру сабағына қатысушылардың қызметін қатаң реттеу қажет. Бұл сабақтың сауықтыру бағытына ішінара қол жеткізеді. Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жүктемелерді саралауды сақтау қажет. Оқу процесінде өз денсаулығын нығайту және ұзақ уақыт сақтау, еңбек қызметін оңтайландыру және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру құндылықтарын белсенді пайдалана алатын білім алушылардың жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыру қамтамасыз етілуі тиіс. Жұмысқа кіріскен кезде педагог білім алушылардың денсаулық жағдайын, жынысын, физикалық дамуын, физикалық дайындығын, психикалық қасиеттерін т.б. даму ерекшеліктерін ескеруі керек.

Дене шынықтыру сабақтарын өткізу кезінде педагогтің басты назары білім алушыларды техникалық даярлауға бағытталуы тиіс.

Білім алушы алдыңғы жаттығуда талаптарды орындағанға дейін жаттығуларды қиындату ұсынылмайды. Жаттығуларды таңдауда білім алушыларды қызықтыра отырып, жаттығуларды орындаудағы техникалық шеберліктерін өсіруге ынталандыру керек.

Дене шынықтыру сабағы кезіндегі білім алушылардың алдына қойылған міндеттердің қиындығын біртіндеп арттыру қозғалыс тұрғысынан да, қабылдау тұрғысынан да сақталуы керек.

Дене шынықтыру сабағының тиімділігі сабақты өткізу әдістемесімен ғана емес, сонымен қатар бірқатар ұйымдастырушылық шарттармен де анықталады:

- қолда бар жабдықтарды ұтымды пайдалану;
- оқытудың техникалық құралдарын қолдану;
- сабақты өткізу орнының ерекшелігін есепке алу (спорт залы немесе мектеп жанындағы спорт алаңы, стадион немесе саябақ, тегіс немесе тегіс емес жер);
- сыртқы ортаның сипаты және т. б.

Сабақты ұйымдастыру үшін төмендегі жағдайларды қамтамасыз ету:

1) санитарлық-гигиеналық жағдай жасау;

2) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

3) сабақта айналысатын қызметті ұйымдастырудың әдісін (тәсілін) таңдау, тапсырмаларды жақсы орындауға мүмкіндік береді.

1-4-сыныптарда білім алушылар «салауатты өмір салты» ұғымын білуі, «жаман әдеттердің» не екенін түсінуі, өздерінің физикалық қасиеттерін анықтай білуі керек.

5-9-сыныптарда қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру бойынша тапсырмаларды орындауы (жалпы дамыту жаттығуларының әртүрлі жиынтықтарын құрастыру, дене шынықтыруға арналған жаттығуларды таңдау), спорттық ойындарда, жарыс әрекеттерінде пайдалану үшін креативті ойлауды дамыту, сонымен қатар бос уақытын ұйымдастыра білуі керек.

10-11-сыныптарда оқушылардың оқу жүктемесі мен демалысын жоспарлай білуі, денені дамыту жаттығуларын таңдау, дене жаттығуларының техникасын талдау, алған білімдерін өз бетінше оқуға қолдана білу керек.

Сабақтарда дене тұрқының дамуына әсер ететін қозғалыс сапаларын ғана емес, шығармашылық қабілеттерді де дамыту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру қажет.

Қауіпсіздік ережелері сабақ кезіндегі жарақаттарды азайтуға бағытталған және оқу процесінің барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады. Қауіпсіздік ережелері келесіге бөлінеді:

1) дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздіктің жалпы ережелері;

2) сабақтың алдында, уақытында және соңындағы қауіпсіздік ережелері;

3) спорттық – бұқаралық және дене шынықтыру – сауықтыру іс-шараларын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары;

4) жазатайым оқиғалар мен төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік талаптары.

Қауіпсіздік ережелерінің мазмұны спорт түріне және сабақ өтетін орынға байланысты. Әр спорт түрінің өз ережелері мен талаптары бар.

«Дене шынықтыру» пәні сабақта білім алушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Адамгершілікке тәрбиелеуде үлкен нәтижеге жету үшін әр сабақта әр түрлі тәрбие құралдарын пайдалану қажет. Оларға мыналар жатады:

- білім алушылар ұжымын біріктіруге ықпал ететін тапсырмаларды таңдау;
- бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыру, өзара көмек және т. б.

Жеке қасиеттерді тәрбиелеу үшін білім алушыларға қиын, бірақ орындауға болатын міндеттерді қойып, мақсатқа жетуді ынталандыру қажет. Сонымен, батылдық пен табандылықты тәрбиелеу үшін шешім қабылдай алмау мен

қорқыныштан арылуға байланысты жаттығуларды қолдануға болады, мысалы, тірек секіру, гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар және т. б.

Дене шынықтыру педагогтеріне «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқу-әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мен Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы әзірлеген әдістемелік материалдарды пайдалану ұсынылады.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар оқытылатын сыныптардағы дене шынықтыру сабақтарында олардың дағдыларын, қабілеттерін, денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру қажет, сабақты оқыту әдістері мен балаларға жүктемені бөле отырып, соған сәйкес жоспарлау және нысандарды таңдау керек.

Инклюзивті білім беруді іске асыру шеңберінде Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған Инклюзивті білім беру жағдайында «Дене шынықтыру» пәнінің оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар пайдалануға ұсынылады. Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА – Астана, 2023. *(https://uba.edu.kz/ru «Әдістемелік ұсынымдар» бөлімі).*

Жаңа оқу жылынан бастап білім алушылардың денсаулығын нығайту және дене белсенділігін арттыру мақсатында барлық орта білім беру ұйымдарында міндетті таңертеңгілік жаттығулар өткізу ұсынылады.

Міндетті таңертеңгілік жаттығуды өткізу үшін Ұлттық дене шынықтыру ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген «Дене сергіту» челленджін өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу ұсынылады. Әдістемелік ұсынымдар https://www.nnpcfk.kz/index.php/kk/adistemeli-m-teri-ld-r сайтында қарастырылған.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Білім беру ұйымдарында мектептен тыс спорттық жұмыстарды ұйымдастыру туралы Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы әзірлеген спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар пайдалануға ұсынылады (https://www.nnpcfk.kz/index.php/ru/metodicheskie-materialy, «Әдістемелік материалдар» бөлімі).

Жалпы білім беретін мектептердің 5-9-сыныптарына арналған «Дене шынықтыру» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы аясында «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны жүзеге асырылады. *Дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік ережелері бойынша негізгі тақырыптармен қатар мыналарды оқып-үйрену ұсынылады*:

- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында, орманда және тұрғын кварталдарда жүріс-тұрыс ережелері;
- зиянды әдеттердің алдын алу;
- шамадан тыс шаршау: себептері және алдын-алу;
- дұрыс тамақтану;
- шұғыл жағдайларда алғашқы көмек.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақ кестесін жасау кезінде бір спорт залында бірнеше сыныптарда сабақ қатар жүргізілетін болса, білім

алушылардың жас ерекшеліктерін сақтауды ескеру қажет. Мысалы, бір уақытта 5-6; 7-8 және 9, 10-11-сыныптарда сабақ өткізуге болады.

Бұқаралық спортты насихаттау, білім алушыларды дене шынықтыру мен спортқа жүйелі түрде баулу, салауатты өмір салтын насихаттау аясында жыл сайын Ұлттық мектеп лигасы өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында Ұлттық мектеп лигасы спорттың 10 түрінен («Шұбар доп» волейбол, «Алтын доп» баскетбол, «Былғары доп» футбол, «Теңбіл доп» футзал, «Ұшқыр доп» гандбол, тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық, «Ақбоз ат» шахматы, үстел теннисі, жеңіл атлетикалық кросс) өткізіледі.

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық білім алушыларға әскери-патриоттық және адамгершілік тәрбие берудің жалпы жүйесінде олардың өзіндік санасын, танымдық қызығушылықтарын, коммуникативті дағдыларын, ерік-жігер қасиеттерін, алғашқы практикалық іскерліктерін, әскери іс дағдыларын, робототехниканың теориялық негіздерін, автокөлік жүргізу, цифрлық фото және видеоқұралдарды пайдалану дағдыларын дамытуда маңызды орын алады. Оқу пәні қазақстандық армияның даму тарихымен танысып, оның қазіргі жай-күйін зерделей отырып, ерік-жігері мықты, қайсар, дені сау, функционалдық сауатты әскери тұлғаны дамытуға бағытталған.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда да жүзеге асырылады: теориялық сабақтар негізінен дидактикалық материалды, техникалық құралдарды және оқытудың инновациялық әдістерін пайдалана отырып әңгіме және әңгімелесу түрінде өткізіледі; практикалық сабақтар оқу-жаттығу құралдарын және басқа да жабдықтарды пайдалана отырып, оқытылатын материалды бекітуге бағытталған.

Тіршілік қауіпсіздігі негіздері және ақпараттық технологиялар бөлімінде азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері бойынша сабақтар, бейбіт және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының халқын табиғи апаттардың, ірі авариялардың, апаттардың зардаптарынан қорғау бойынша жүргізілетін іс-шаралар және терроризм актілері қарастырылған.

10-сыныпта оқушылардың практикалық іскерліктері мен дағдыларын дамыту, сонымен қатар әскери істерді оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру мақсатында оқу жылының соңында әскери бөлімдердің базаларында (әскери бөлімдердің қолбасшылықтарының келісімі бойынша) немесе тиісті оқу-материалдық базасы бар білім беру ұйымдарында жас жігіттермен 30 сағат көлемінде бес күндік далалық (лагерь) оқу-жаттығу жиындары өткізіледі.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтары әртүрлі интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, тәжірибеге бағытталған болуы керек. Тәжірибелік сабақтардың басталуына дейін тыңдаушылар негізгі міндеттерді орындау және қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша міндетті нұсқамадан өтеді.

2.4 ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

2023-2024 оқу жылында келесі тақырыптағы элективті курстарды өткізу ұсынылады:

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ:

- Жұмбақтар сандығы (1-4-сыныптар).
- Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру.
- Тіл мәдениеті.
- Эссе, оның түрлері, бағалауға қойылатын талаптары, өлшемдері.
- Ахметтану.
- «Әлем әдебиеті» курсы.
- Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті.
- Көркем мәтінді талдау.
- Эссе жазу стратегиясы.
- Ұлттық құндылықтар.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін:

- Қызықты грамматика.
- Абай тағылымы.
- Тіл таным.
- Жылдам оқу.
- Алаштану.
- Үндестік заңы.

ОРЫС ТІЛІ:

- Развитие функциональной грамотности чтения обучающихся.
- Как правильно построить анализ текста?
- Стили и жанры русского литературного языка.
- Искусство создания монологической речи.
- Что такое аргументы и как их правильно выстроить?
- Написание эссе (5-9 классы).
- Написание академического эссе (10-11 классы).

ШЕТЕЛ ТІЛІ

- Дыбыстар сөйлейді. 3-4 сыныптарға арналған Фонетика..
- Жазу дағдылары арқылы білім алушылардың жазбаша сөйлеуін дамыту.
- Құмарлықпен оқу.
- Айналамыздағы шет тілі.
- Елтану сабағы.
- Әлемге саяхат.
- 10-11-сыныптарға арналған Өзін-өзі жобалауға арналған нұсқаулық.

- 10-11-сыныптарға арналған Іскерлік шет тілі.
- Көркем мәтін және аударма.
- Қанатты сөздер.
- Эссе және оның түрлері.
- Ақпараттық шет тілі.

МАТЕМАТИКА И ИНФОРМАТИКА

- Математика өмірде (1-4-сыныптар).
- Математика шыңы (1-4-сыныптар).
- Математика және логика (1-4-сыныптар).
- Математикалық жобалар
- Робототехника (4, 5-11-сыныптар).
- 3D моделдеу (8-9-сыныптар).
- «Python» тілінде бағдарламалау курсы (6, 8-11-сыныптар).

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ

- Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер.
- Дұрыс тамақтанудың денсаулықты сақтаудағы рөлі.
- Экологиялық этика.
- Нанотехнология жетістіктері.
- Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия.
- Мектептегі агрохимия
- Көмірсутек шикізаты: кеше, бүгін, ертең.
- Медициналық физика.
- Ғарыш физикасы.
- Физика және экология.
- Биохимиялық физика.
- Нанотехнология.
- Физика және Қазақстан энергетикасы.
- Заманауи ғарышкерліктің жетістіктері.
- Физикадан есептерді шешу әдістері.
- Астрофизиканың практикалық негіздері.
- Қоршаған ортаның физикалық ластануы.
- Физикалық-техникалық модельдеу.
- Радиациядан қорғану.
- Physics in English.
- Туризм географиясы.
- Этногеография.
- Рекреациялық география.
- Топография және картография негіздері.
- «Киелі-қасиетті жерлер» географиясы (сакральная).
- Гуманитарлық география.

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

- Алтын адам жәдігерлері
- Түркі ғұламалары
- Ұлы даланың тарихындағы әскери дәстүр
- Ұлы дала көшпенділерінің мемлекеттілік идеясы мен дәстүрлі институттары, саяси нышандар мен билік атрибуттарының сабақтастығы
- Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілік салты
- Қазақ қолөнерінің мәдени-тарихи негіздері
- Алаш идеясы және Алаш қозғалысы
- Әлемдік озық мәдениеттің жауһарлары
- Әлемдік мұражайлар өркениеттер тарихы
- Еуразия кеңістігіндегі көшпелілер өркениеті
- Тарихи демография
- Жаһандану үдерістері: теория және қазіргі заман
- Дүниежүзі тарихында әлеуметтік-саяси қозғалыстар: коммунистік, социалистік, жаңа демократиялық қозғалыстар
- ҒТР және оның әлеуметтік және рухани салаға ықпалы
- Батыстық өркениет: мәселелер мен үдерістер
- Қазақстан Республикасындағы негізгі қоғамдық процестерді құқықтық реттеу негіздері
- Қазіргі заманның негізгі құқықтық жүйелерін жіктеу
- Экологиялық құқық-қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық механизмі
- Құқықтық ақпараттандыру
- Құқық негіздері бойынша Практикум

2.5 МЕКТЕП КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН КҮШЕЙТУ

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларының қызметін күшейту, олардың мемлекеттік тілдегі көркем әдебиет қорын айтарлықтай жаңарту міндеті қойылды.

Мектеп кітапханаларының қызметі «Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен реттеледі.

Мектеп кітапханаларының қызметіндегі негізгі міндеттер:

- мектептің ақпараттық, білім беру мен мәдени орталығы және педагогикалық процестің қажетті буыны ретінде мектеп кітапханаларының рөлін арттыру: ақпараттың барлық түрлеріне оқушылардың қол жетімділігін қамтамасыз ету; ақпаратты өз бетінше таба алатын құзыретті тұлғаны тәрбиелеу мақсатында білім алушыларға ақпарат көздерін (каталогтар мен файлдық шкафтар, библиографиялық көрсеткіштер және басқа да іздеу құралдарын) пайдалану бойынша сабақтар өткізу;
- мектеп кітапханашылары мен пән мұғалімдерінің тікелей байланысын нығайту, білім беру мен тәрбиелеу жүйесін ұйымдастыруда мұғалімдермен бірлескен жұмысты жандандыру: оқу іс-әрекетін қолдау және оның мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында мұғалімдерге сабаққа дайындық материалдарын таңдауда көмек көрсету;
- мектеп кітапханаларын цифрландыру: кітапхана оқырмандарының сұранысын қанағаттандыратын цифрлық ресурс – мектеп кітапханасының веб-сайтын құру; электронды оқулықтар қорын құру және толықтыру; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының цифрлық кітапханасы негізінде электрондық кітапханалар құру;
- кітап және оқуды насихаттау үшін мектеп кітапханашыларының әртүрлі құралдар мен әдістемелерді пайдалануын арттыру; мектеп кітапханаларының қызметінде әртүрлі жұмыс түрлерін қолдану (кітап көрмелерін безендіру, әдеби байқаулар, поэзия кештері, әдеби марафондар, квесттер, буккроссингтер, челлендждер, буктрейлерлер және т.б. өткізу);
- сабақтан тыс қызмет кеңістігін аймақтарға бөлу және ресімдеу (білім беру сапасын арттыру ресурстарының бірі болып табылатын қазіргі заманғы оқу кеңістігі – коворкинг-орталықтар құру);
- мектеп кітапханаларының тиімділігін арттыру үшін жаңа ақпараттық технологияларды енгізу (компьютерлермен, Интернетке байланысты қамтамасыз ету): кітапханалық-ақпараттық қызметтің негізгі процестерінде компьютерлік технологияларды пайдалану;
- мектеп кітапханашыларының кітаптарды талқылау, оқырмандардың пікірлерін жариялау, өткізілген іс-шаралар туралы және т. б. ақпараттармен бөлісіп отыруы үшін әлеуметтік желілерді пайдалануы.

Білім беру ресурстарымен жұмыс жасау ерекшеліктері

Білім беру ресурстары білім алушыларға жаңа білімді игеруге, дағдыларды дамытуға және шығармашылық ойлауды ынталандыруға көмектесетін білім беру процестерінде шешуші рөл атқарады. Олар сонымен қатар педагогтерге қызықты және тиімді сабақ әзірлемелерін жасауға көмектеседі. Білім беру ресурстарын білім алушылар да, мұғалімдер де білім беру процесін жақсарту және нығайту үшін пайдаланады.

Білім беру ресурстарының түрлерін мыналар құрайды: оқулықтар мен оқу құралдары, онлайн курстар, мультимедиалық материалдар, веб-ресурстар, интерактивті оқу қосымшалары мен бағдарламалары, білім беру ойындары, арнайы құрал-жабдықтар (зертханалық жабдықтар, белгілі бір пәндерді оқытуға қажетті техникалық құралдар мен жабдықтар).

Мұғалімнің білім беру ресурстарымен жұмысы бірқатар ерекшеліктер мен негізгі аспектілерді қамтиды:

Сабақты жоспарлау және ресурстарды таңдау: Мұғалімдер әртүрлі білім беру ресурстарын қолданып сабақ жоспарларын әзірлейді. Мұғалімдер өз сабақтары үшін ең қолайлы білім беру ресурстарын таңдайды. Олар ұсынылған оқулықтан басқа оқу құралдарын, интерактивті бағдарламаларды, оқу бейне, онлайн материалдар, медиа-контент және басқа да қосымша ақпарат көздерін қамтуы мүмкін.

Мәдени маңызды материалдар: мұғалімдер білім алушылардың тәжірибесін, елдік, аймақтық және жергілікті контексті көрсететін әртүрлі және мәдени маңызды білім беру ресурстарын қамтуы мүмкін.

Технологияларды кіріктіру: Қазіргі білім беру ресурстары көбінесе технологиялық компоненттерді қамтиды. Мұғалімдер оқу тиімділігін арттыру үшін интерактивті тақталарды, электронды оқулықтарды, білім беру қосымшалары мен бағдарламаларын қолдана алады.

Білім алушыларды тарту: мұғалімдер білім алушыларды оқу процесіне тарту үшін олардың сабаққа белсенді қатысуы мен сыни ойлауына әсер ететін әртүрлі білім беру ресурстарын пайдаланады.

Оқытуды даралау: Мұғалімдер білім беру ресурстарын білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру үшін пайдаланады. Олар білім алушылардың қабілеті мен қызығушылығының әртүрлі деңгейлеріне сәйкес материалдарды таңдай алады.

Қолдау және саралау: білім беру ресурстары ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолдау көрсету және сараланған оқытуды жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

Қосымша іс-шаралар: Олар сыныпта оқытылатын тұжырымдарды бекіту үшін сыныптан тыс іс-шаралар, жобалар мен тапсырмаларға арналған білім беру ресурстарын қолданады.

Жағымды оқу ортасын құру. Мұғалімдер білім алушыларды оқуға және сабаққа белсенді қатысуға ынталандыратын оң және инклюзивті сынып ортасын құру үшін білім беру ресурстарын қолданады.

Жағымды оқу ортасын құру. Мұғалімдер білім алушыларды оқу іс-әрекетіне ынталандыратын оң және инклюзивті орта құру үшін білім беру ресурстарын пайдаланады.

Ата-аналармен қарым-қатынас: мұғалімдер ата-аналарға қолданылатын білім беру ресурстары туралы ақпарат бере алады және білім беру процесін жақсарту үшін олармен ынтымақтаса алады.

Білім беру процесінде цифрлық оқулықтарды қолдану

Білім беру процесінде «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) білім беру ресурстары оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, цифрлық ресурстар пайдаланылады.

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708

1-11-сыныптар үшін оқулықтардың электронды нұсқаларына сілтемелер:

қазақ тілінде

https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/98056?directionId=3599&lang=kk

орыс тілінде

https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/98056?lang=ru

Цифрлық кітапхана

«Цифрлық кітапхана» бірлескен жобасы аясында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында Республикалық ғылыми педагогикалық кітапхананың филиалы ашылды. Жоба 2022 жылдан бастап отандық ғылыми-зерттеу жұмыстарының қолжетімділігін арттыру және педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында іске асырылуда.

Цифрлық кітапханада барлығы 100 000-нан астам әдістемелік құрал мен диссертациялар бар, ғылыми жұмыстарды іздеу ыңғайлы және ӘОЖ мен QR-кодты автоматты түрде беру ұсынылған.

Бірыңғай цифрлық ресурста оқу бағдарламалары, әдістемелік ұсынымдар, педагогикалық ғылымдар бойынша диссертациялар, білім беру стандарттары және басқа да әдістемелік материалдармен танысуға мүмкіндік берілген.

Цифрлық кітапхананың әдістемелік құралдар мен диссертациялар базасы Алтынсарин Академиясының сайтымен біріктірілген www.uba.edu.kz (бөлім – Кітапхана).

2.6 САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ

Сабақты жоспарлау бұл тиімді оқыту және білім алушылардың оқу мақсаттарына жетуі үшін қажетті педагогикалық практиканың ажырамас бөлігі болып табылады.

Орта білім беру ұйымдарындағы сабақтарды жоспарлау нормативтік құқықтық актілермен реттеледі: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317).

Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мұғалімдер сабақты жоспарлауда екі құжатты жүргізеді:

1. Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар.
2. Қысқа мерзімді (сабақ) жоспар.

Екі жоспар да қағаз түрінде де, электронды түрде де жүргізілуі мүмкін (word, pdf).

1. Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар

Педагог оқу жылы басталғанға дейін бір рет пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар әзірлейді. №130 бұйрыққа сәйкес орта мерзімді жоспарда мынадай міндетті тармақтар болуы тиіс:

- бөлім / ортақ тақырыптар;
- сабақтың тақырыбы;
- оқыту мақсаттары;
- сағаттар саны;
- өткізу мерзімдері және ескертпе.

8-кесте - Пәндер бойынша орта мерзімді жоспардың үлгісі

№ р/с	Бөлім/ Тақырыптар	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағаттар саны	Мерзімдер	Ескертпе
I тоқсан						
II тоқсан						
III тоқсан						
IV тоқсан						

2. Қысқа мерзімді (сабақ) жоспар

Барлық оқу пәндерінің мұғалімдері күн сайын кестеге сәйкес қысқа мерзімді сабақ жоспарын жүргізеді. №130 бұйрыққа сәйкес сабақ жоспары келесі міндетті тармақтарды қамтуы керек:

- оқу бағдарламасының бөлімі;
- педагогтің аты-жөні;
- сабақты өткізу күні;
- сыныпта қатысқандардың / қатыспағандардың саны;
- сабақтың тақырыбы;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары;
- сабақтың мақсаттары (оқу мақсаттарына сәйкес жасалады);
- сабақ барысы (сабақ кезеңі, мұғалім мен білім алушылардың іс-әрекеті, бағалау және ресурстар) (9-кесте).

9-кесте - Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

Бөлім		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
Күні		
Сынып	Қатысушылардың саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		
Сабақтың мақсаттары		

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Педагог тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын дербес таңдауға құқылы.

Сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар болған кезде әдістемелік бірлестіктер мақұлдаған жеке оқу бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру қарастырылады.

Назар аударыңыз!

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы орта білім беру ұйымдарында сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі.

2.7 МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепішілік бақылау – мектептегі білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл бақылау білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, педагогикалық ұжым жұмысының тиімділігін бағалауға, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін ұдайы жетілдіруге бағытталған.

Білім беру сапасын мектепішілік бақылаудың басты міндеті мектептегі әрбір білім алушының оқуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу-тәрбие процесіндегі ықтимал проблемалар мен сәйкессіздіктерді анықтап, оларды түзету.

Білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес бекітетін МІБ туралы жоспарға сәйкес мектепішілік бақылауды жоспарлы немесе жедел мониторинг, әкімшілік жұмыстар жүргізу түрінде жүргізу ұсынылады.

Оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес әзірленді және бекітілді. Бұл құжатта мектепішілік бақылау нысаны мен бағыттары көрсетілген.

Назар аударыңыз!

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мектепішілік бақылауды ұйымдастыру жөнінде құрал (нұсқаулық) әзірледі, онда Мектепішілік бақылау жоспарының үлгілері мен жалпылама нұсқалары ұсынылған. Бұл үлгілер мектеп ұжымына бақылау жоспарының тақырыбын, мақсатын, түрін және басқа да элементтерін анықтауда пайдалы. Материалдар www.uba.edu.kz сайтында қолжетімді

Мектепішілік бақылауды жоспарлау кезінде нақты, өлшенбелі, орындалатын, маңызды, уақытпен анықталған бақылау мақсатын қоюға мән беру қажет.

Білім беру сапасын мектепішілік бақылауға жауапты мектеп тобының әрбір субъектісінің жауапкершілік дәрежесін дұрыс бөлу маңызды, мұндай топ мектеп директоры, директордың орынбасарлары, әдістемелік бірлестік басшылары, тәжірибелі педагогтер және басқа да педагог мамандардан құралады.

Басқару тұрғысынан әр мұғалім мен сынып жетекшісіне өз жұмысының әлсіз жақтарын өздері дербес анықтап, жағдайды өз құзыреті шегінде түзетуге мүмкіндік беретін өзін-өзі бақылау құралдарын әзірлеу тиімді.

Маңызды қадамдардың бірі – деректерді жинау және білім беру қызметінің сапасын бағалау құралдарын әзірлеу. Бұл сабаққа қатысу, мұғалімдерге, ата-аналарға және білім алушыларға арналған сауалнамалар, мектептің өзін-өзі бағалау сауалнамалары, білім алушыларға арналған әртүрлі тесттер мен бақылау жұмыстары арқылы жиналуы мүмкін.

Білім беру ұйымының басшылығына мектепішілік бақылауды тиімді ұйымдастыруға көмектесетін бірнеше ұсыныстар:

– мектепішілік бақылау нәтижелеріне тұрақты бағалаулар мен талдау жүргізуі керек, соның негізінде қорытынды жасау және жақсарту бағыттарын анықтау қажет;

– мектепішілік бақылау нәтижелерін талдау негізінде, кемшіліктерді жою және білім беру сапасын арттыру үшін қажетті түзетулер енгізу;

– педагогикалық ұжымды, ата-аналарды мектепішілік бақылау нәтижелері туралы және жоспарды іске асырудағы прогресс туралы хабардар ету, ашықтықты қамтамасыз ету;

– барлық мүдделі тараптардың пікірлерін және басқа мектептердің тәжірибесін ескере отырып, мектепішілік бақылауды үнемі жетілдіру.

Бақылау нәтижелерін дұрыс және сындарлы пайдалану мұғалімдердің кәсібилігінің жоғары деңгейін сақтауға, қолайлы білім беру ортасын құруға және білім алушылардың жетістіктерін арттыруға көмектеседі. Мектеп басшылығының үнемі талқылау өткізуі, кері байланыс беруі және үнемі жетілдіруге деген ұмтылысы мектепішілік бақылау тетіктерінің тиімді жұмыс істеуіне көмектеседі.

Назар аударыңыз!

✓ ***Білім беру ұйымының мақсатына, міндеттеріне, түрлеріне басқа да ерекшеліктеріне байланысты МІБ жоспары әр мектепте әртүрлі болуы мүмкін.***

✓ ***Бақылау әр мұғалімнің жеке қажеттіліктері мен дамуын ескере отырып, сондай-ақ білім беру ұйымының жалпы білім беру мақсаттарын ескере отырып жүзеге асырылды.***

✓ ***Мұғалімдерді бақылау тек кемшіліктерді анықтауға ғана емес, сындарлы және мұғалімдерді қолдау мен дамытуға бағытталған болуы керек. Бұл тәсіл кәсібиліктің өсуіне және білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.***

2.8 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Психологиялық қызмет – бұл білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу уәждемесін, оқу үлгерімін, шығармашылық тұрғыдан өзінің қабілетін іске асыруын, психологиялық жағдайды тұрақтандыруды, бейіндік тұрғыдан өзін-өзі анықтауды және басқа да қолайлы жағдайларды қалыптастыру үшін орта білім беруді ұйымдастыру жөніндегі алқалы орган.

Психологиялық қызмет білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, кеңес беруге, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге және инклюзивті білім беру ортасы жағдайында қолдауға бағытталған, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық әл-ауқатын сақтауды және нығайтуды көздейді.

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушылардың табысты оқуы, дамуы, әлеуметтенуі және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауын қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдауды жүйелі ұйымдастыру.

- ✓ ***Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді.***
- ✓ ***Педагог-психолог қызметінің мазмұны, оның дайындық деңгейіне қойылатын талаптар, педагог-психологтың кәсіби құзыреттіліктері туралы жалпы түсінікті қамтамасыз ету, білім беру үдерісіне қатысушыларды және қоғамның мүдделі тараптарын ақпараттандыру мәселелері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығында қамтылған.***
- ✓ ***Баланы қорлаудың (буллинг) алдын алу тәртібі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31180 болып тіркелген, https://adilet.zan.kz/rus сайтында орналастырылған, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында бекітілген.***

Сынып сағаттары аясында педагог-психологтардың білім алушылармен жұмысын ұйымдастыру

Психолог-мамандардың қызметін білім беру ұйымы басшысының (директорының) орынбасары үйлестіреді.

Оқу жылына арналған тәрбие жұмысын жоспарлауда педагог-психологтардың әрбір сынып жиынтығымен жұмыс жүргізуі үшін сынып сағаттарын (жылына кемінде 4 сағат көлемінде) бөлу ұсынылады.

Педагог-психологтардың білім алушылармен өзара іс-әрекеті сынып жетекшілерінің (кураторларының) көмегімен жүзеге асырылады.

Педагог-психологтың өткізетін сынып сағаттары білім беру ұйымдарында жасөспірімдердің қоғамға қарсы, аутоагрессивті, девиантты, тәуелділік және басқа да деструктивті мінез-құлықтың бастапқы белгілерін анықтауға және алдын алуға бағытталуы тиіс.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін сынып сағаттарын өткізу тәртібін реттейтін «Сынып сағаты туралы ережені» әзірлеу және бекіту ұсынылады. Сынып сағаттарын жоспарлау барысында мектептің сынып жиынтықтарының (топтарының) санын, білім алушылардың жас, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Назар аударыңыз!

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды айқындау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі. Материалдар https://uba.edu.kz/qaz сайтында қолжетімді

2.9 ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жалғастыру қажет. Ол аксиологиялық, тұлғаға бағытталған, сараланған, іс-әрекет, жүйелік тұрғылар, оқытудың дидактикалық ұстанымдар негізінде ұйымдастырылуы қажет.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жоспарлау әкімшіліктің, әдіскерлердің, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің, сынып жетекшісінің, педагогтер мен ата-аналардың іс-әрекетін қамтуы тиіс.

Мектеп әкімшілігі, әдіскерлер

Оқу жылы ішінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыру үшін (салауатты психологиялық ахуал, табысқа жету жағдайларын жасау, біліктілікті уақытылы арттыру, материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, сабақ кестесін құру және т.б.), сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының түріне қарамастан, білім алушылардың сабақтан тыс уақытта демалуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Бұл мәселені шешуде бірінші басшының әрбір білім алушымен оның үлгерім деңгейіне қарамастан құндылық тұрғысынан қарым-қатынас жасауын қамтитын принципті ұстанымы маңызды.

Барлық білім алушы үшін бірдей оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, түрлерін, құралдарын қолдануға болмайды, сараланған әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды.

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім сапасына үнемі мониторинг жүргізу, қорытындыларын тұжырымдай отырып, барлық оқу пәндері бойынша білімдегі олқылықтарды анықтау, алдын алу, түзету іс-шараларының жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу қажет. Мектепішілік іс-шараларды (педагогикалық кеңес, жиналыс, мәжіліс) өткізу кезінде педагогикалық ұжымды ағымдағы жағдаймен таныстырып қана қоймай, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау, білім сапасын арттыру, шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру бойынша тиімді шараларды ұсыну маңызды.

Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету тұрақты негізде жүзеге асырылуы тиіс. Анықталған себептерге (физиологиялық, психологиялық, әдістемелік, әлеуметтік және т.б.) сүйене отырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жоспарлау қажет.

Педагогтер

Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде мұғалімнің оқушыларға, сабаққа, оқу нәтижесіне құндылық тұрғысынан қарым-қатынасы маңызды. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасауда әр оқушыға назар аудару маңызды.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыста педагогтер оқушы үлгерімінің төмендеу себебін анықтап, өз ұстанымдарын, әдістерін, құралдарын, оқытуды ұйымдастыру түрлері мен мазмұнын қайта қарауы, әрбір сабақта білім алушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтардың орнын толықтыру, оның ішінде зерделенген материалды қайталау, бекіту жұмыстарын жүргізуі қажет.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлері: жеке, топтық, ойын тапсырмалары, шығармашылық тапсырмалар, мультфильм/фильмді, оқу бейнематериалын қарау және талқылау, жауабын таңдау тапсырмалары, карточкалармен жұмыс (жеке жұмыс үшін, тренажер-карточкалар, информатор-карточкалар, шешім үлгілері бар карточкалар), білім алушыларға арналған жадынамалар және т.б.

Үлгерімі төмен білім алушыларға сауалнама жүргізу кезінде жауаптың үлгі жоспарын беру қажет; үйде жасалған жоспарды пайдалануға рұқсат беру; тақтада жауап беруге дайындалуға көбірек уақыт беру; алдын ала жазбалар жасау, көрнекі материалды және т.б. пайдалануға рұқсат ету қажет.

Материалды дәйекті түрде көрсетуге көмектесетін жетекші сұрақтар қою маңызды. Оқушы қандай да бір себептермен болмаған сабақ тақырыптары бойынша материалды меңгергенін уақытылы тексеріп отыру қажет. Сауалнама барысында және оның нәтижелерін талдау кезінде ізгі ниет атмосферасын қамтамасыз ету маңызды.

Сабақтарда және қосымша сабақтарда келесі тәсілдерді қолдану ұсынылады: іс-әрекет түрлерін әртараптандыру, оқу материалын ұтымды бөлу, сабақ материалын бірнеше рет қайталап айту және бекіту, іс-әрекетті алгоритмдеуге тырысу; кабинетті желдету, шынықтыру минуттарын өткізу; әр кез қажеттілік пен жеткіліктілік ұстанымын сақтауды естен шығармау қажет.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі

Оқу жылының басында білім алушылардың когнитивтік саласына диагностика жүргізу, мазасыздық деңгейін, оқуға уәждемесін анықтау қажет. Жұмыс жоспарында барлық білім алушымен жүргізілетін түзету іс-шаралары қарастырылуы тиіс.

Педагогтар үшін диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді қарастыру қажет. Сондай-ақ, кәсіби шаршаудың алдын алу, кәсіби уәждемені арттыру бойынша тренингтер өткізу ұсынылады.

Ата-аналар үшін оқуға, орта білім беру ұйымына оң көзқарасты қалыптастырудың маңыздылығы туралы, үй тапсырмасын орындау және ата-аналар тарапынан бақылау үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы оқыту дәрістерін, тренингтерді, әңгімелер өткізу; қажетті үлестірме материал (жадынамалар, буклеттер және т.б.) дайындау қажет.

Сынып жетекшісі

Үлгерімнің төмендеуінің алдын алу және оқушылардың оқу деңгейі мен сапасын арттыру мақсатында бақылаудың тиімді түрлерін пайдалана отырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту қажет. Оқушылардың сабаққа қатысуын, пән мұғалімдерімен жеке консультацияларды, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша өзге де іс-шараларға қатысуды жүйелі бақылауға алу қажет. Үлгерімі төмен білім алушылар үшін табысқа жету жолдарын белгілеу, «сынып жетекшісі - оқушы - ата-аналар-педагогтер» ынтымақтастықта жұмыс жасауы маңызды.

Ата-аналармен жұмыста: оларды үйде білім алушылармен сабақ оқуға тарта отырып, тұрақты байланыста болу, психологиялық-педагогикалық қолдау

қызметімен бірлесіп үлгерімді жақсарту бойынша кеңестер мен ұсыныстар беру, әңгімелер жүргізу қажет. Білім алушылардың саналы түрде оқу тәртібін дамыту, оқудың оң уәждемесін қалыптастыру бойынша жұмыс жасау қажет.

2.10 КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ

Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру жүйесін ескере отырып орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын орта білім алу деңгейлері бойынша үздіксіз кәсіптік бағдар беру жүйесі құрылуда.

Орта білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдар беру жұмысын мынадай түрге бөлу ұсынылады:

1-4-сыныптар. Бұл кезеңде ең маңыздысы баланың ішкі психологиялық ресурстарын дамыту болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысының жетекші қызметі: ойын, шығармашылық, ізденіс, зерттеушілік.

1-4-сынып оқушыларын ерте кәсіптік бағдарлаудың мақсаты: әр адамның өміріндегі еңбектің орны туралы бастапқы идеяларды кеңейту; әртүрлі кәсіптер туралы негізгі түсініктерді егжей-тегжейлі көрсету; ойын және басқа әдістер арқылы әртүрлі қызмет түрлеріне ену мүмкіндігін қамтамасыз ету.

1-сынып – әлеуметтік білім алу. Құрастыру сабақтары, үй қолөнерімен танысу, мектеп ішінде экскурсиялар, әртүрлі мамандықтағы адамдармен кездесулер;

2-3-сыныптарда әлеуметтік ақиқатқа құндылық қатынасын қалыптастыру. Рөлдік ойындар, нәтижелі ойындар («Поштада», «Ауруханада», «Дүкенде» және т. б.);

4-сынып – дербес қоғамдық іс-әрекеттер тәжірибесін алу. Балалар мен ересектердің бірлескен білім беру түрі.

5-7-сыныптар. Осы кезеңдегі кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты – еңбек туралы түсініктерін жалпылау және дамыту, еңбекке деген сүйіспеншілікке, еңбек адамдарына деген құрметке тәрбиелеуді жалғастыру. Әр түрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету.

5-сыныпта білім алушылардың кәсіптік бағдарлану негіздерін қалыптастыру және/немесе анықтау, әртүрлі тақырыптарға конкурстар, сауалнама және психологиялық тестілеу, сондай-ақ кәсіптік дағдыларды дамытатын кәсіптік бағдарлау ойындары арқылы білім алушылардың қызығушылық қабілеттерін ашу;

6-сыныпта білім алушыны болашақ маманның белгілі бір кәсіби рөліне орналастыру, оларға виртуалды еңбек нарығының жұмыс істейтін қызметкері ретінде материалдар дайындау, психологиялық тренингтер, сондай-ақ кәсіптік дағдыларды дамытатын кәсіптік бағдарлау ойындары;

7-сыныпта білім алушының кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, болашақ мамандығы бойынша еңбек нарығының нақты мамандарымен өзара байланыс және ынтымақтастық, халықты жұмыспен қамту орталықтарына бару, сондай-ақ кәсіби дағдыларды дамытатын психологиялық тренингтер мен кәсіптік бағдарлау ойындары.

8-9-сыныптар. Оқытудың осы кезеңіндегі кәсіптік бағдарлау жұмысының мақсаты: білім алушыларға болашақ кәсіптің нұсқаларын жобалауда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Білім алушыларды ауданның,

қаланың, облыстың кәсіби өндірістік картасымен таныстыру, кәсіптер әлемінің алуантүрлілігін ашу, оқуды жалғастыру үшін бейінді саналы түрде таңдауға ықпал ету. Кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесінде оқушылардың бастапқы біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Мектеп психологының белсенді диагностикалық жұмысы жүргізіледі, мамандықты саналы түрде таңдау сабақтары өткізіледі. Оқушылар қызметкерлерге жоғары талаптар қоятын аса маңызды мамандықтарды (ТЖМ, білім беру, медицина, IT-мамандар және т.б.) зерделейді. Білім алушыларды еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандар туралы хабардар етуді, кәсіби консультациялар өткізуді және мансапты жоспарлауда қолдауды қамтамасыз ету маңызды.

9-11-сынып білім алушыларына алдағы мамандық түрінің негіздерін түсінуге бағытталған сабақтардың тақырыптары ұсынылады. Үлгі ретінде берілетін іс-шаралардың тақырыптары: «Өзінді таны», «Мамандық таңдау факторлары. Сауалнама», «Кәсіптік бағдар беру және кәсіби кеңес беру (мамандық бағыты бойынша)», «Кәсіпті таңдау мотивтері», «Кәсіптің психологиялық сипаттамалары», «Олар біздің мектепте оқыды», «Мектеп түлектері – мұғалімдер», «Болашағы зор кәсіптер», «Шығармашыл адамның өмірлік стратегиясы», «Келешек ғасыр бізге не дайындайды», «Не? Қайда? Қашан? Мамандықтар туралы ақпарат» және т.б.

Кәсіптік бағдар беруге дайындықтың белгілі бір элементтері мыналар болуы мүмкін: оқыту бейінін таңдау туралы шешім қабылдауды анықтау мақсатында топтық және жеке кеңес беру. Кәсіптік бағдар беру қызметін жалпымектептік, сыныптан тыс іс-шараларға бөлуге болады. Сыныптан тыс жұмыстар: экскурсиялар, көшпелі іс-шаралар, семинарлар, фокус-топтар өткізу, ашық есік күні аясында колледждер мен жоғары оқу орындарына бару. Мектептегі іс-шаралар: мектеп акцияларын өткізу, бос орындар жәрмеңкелеріне, білім беру көрмелеріне қатысу және бүкіл мектептің қызметін қамтитын басқа да іс-шаралар.

10-11-сыныптар. Негізгі мақсат: кәсіби жоспарларды түзету, таңдалған қызметке дайындықты бағалау. Кәсіптік бағдарлау іс-шаралары білім алушылардың кәсіптік ниеттерін нақтылау бойынша жоба жұмыстарын жасаумен аяқталады.

Кәсіптік бағдар берудің маңызды құрамдас бөлігі оқушылардың шығармашылық практикалық тапсырмаларды орындауы болып табылады. Олар таңдалған бейінді және одан әрі оқу бағытын нақтылау міндетін орындайды және жасөспірімге нақты әрекеттерді, тапсырмаларды орындауға, сұрақтарға жауап беруге, жасалған таңдаудың дұрыстығын тексеруге мүмкіндік беретін әрекеттерден тұрады. Жобалық жұмыста кәсіби ілгерілеудің алыс және жақын мақсаттарына, олардың қоғамдық және жеке құндылықтармен келісімділігіне негізделеді.

10-11-сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысының маңызды бағыттарының бірі олардың мүдделерін, бейімділіктерін, кәсіби қалауларын, қабілеттерін, жеке ерекшеліктері мен құзыреттерін анықтау, кәсіби өзін-өзі анықтау тұрғысынан одан әрі дамыту үшін проблемалық аймақтар және

ресурстарды анықтау үшін диагностика жүргізу жүзеге асырылады. Бұл кезеңде оқушының жеке басына тән келесі ерекшеліктері зерттеледі: құндылық бағдарлары, қызығушылықтары, қажеттіліктері, бейімділігі, кәсіби ниеттері, мамандық таңдау мотивтері, мінез ерекшеліктері. Осы кәсіптік бағдарлау диагностикасы мектеп оқушыларының табысты кәсіби өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру шарттарының бірі болып табылады.

Назар аударыңыз!

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Орта білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша» әдістемелік ұсынымдар әзірледі. Материалдар https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3 сайтында қолжетімді

2.11 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕ БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2023-2024 оқу жылындағы балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері жалпы орта және қосымша білім беруді неғұрлым тығыз интеграциялау қажеттілігіне байланысты.

Мектеп сабағында оқытуды ұйымдастыру барысында қосымша білім беру жүйесіне қатысты технологияларды қолдануға болады. Бұлар – кешенді сабақтар, оқу жобалары, пікірталас технологиялары, ойындар. Оларды педагогтің басшылығымен білім алушылардың өзіндік жеке және топтық іс-әрекеттерін қамтамасыз ете отырып, сабақтың шеңберінен тыс жүргізуді көздейді.

Мектеп жұмысының тәжірибесінде әртүрлі ұйымдастырушылық модельдерді қолдануға болады. Олар:

- үйірмелердің, секциялардың, клубтардың түрлері, олардың жұмысы бір-бірімен аз үйлесімді және қолда бар кадрлық және материалдық жағдайлармен толықтай байланысты;
- балалардың шығармашылық ұжымдары мен бірлестіктері жұмысының ішкі үйлестігі, олардың іс-әрекеттерінің әртүрлі бағытта болуы;
- балаларға қосымша білім беруді мектептің жеке бөлімшесі ретінде дамыту;
- мектептің негізгі құрылымдарының ұйымдастырушылық және мазмұндық бірлігі ретінде балаларға негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау.

Мектепте қосымша білім беру келесі кезеңдерді жүзеге асыру процесінде ұйымдастырылуы керек:

1. Білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын зерттеу. Жазбаша тестілеу, білім алушылар мен ата-аналарға сауалдар қою, сауалнама жүргізу, бастауыш, орта және жоғары мектепті аяқтау кезеңінде балалардың білім сапасына мониторинг жүргізу арқылы деректер жинауға болады.
2. Білім алушыларды қызығушылығына қарай топтарға біріктіру, секциялар мен үйірмелер құру сауалнама нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл кезеңде сыныптан тыс оқытудың негізгі бағыттарын ажыратып көрсету қажет.

Іс-шараларды белгілі бір тақырып бойынша білімге мұқтаж әлеуетті қатысушылардың санына қарай жоспарлау қажет.

Үйірмелер мен секциялардың сабақтарын ұйымдастыру түрлері мынадай талаптарға сай болуы тиіс: дамытушылық сипатқа ие болу, дәлірек айтсақ, білім алушылардың табиғи бейімділігі мен қызығушылықтарын дамытуға бағытталуы, мазмұны мен жүргізу сипаты бойынша әртүрлі болуы, әр түрлі қосымша әдістерге негізделуі.

Жалпы білім беретін мектепте қосымша білім беру блогының жұмысы жылдық және басқа да жоспарлар, білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Жазғы демалыс кезінде білім беру процесі жеке жоспар бойынша жорықтар, жиындар, пленэрлер, экспедициялар, әртүрлі бағыттағы лагерьлер және т.б. түрінде жалғасуы мүмкін. Бұл кезеңде оқушылар құрамы ауыспалы болады. Жазғы кезеңге арналған кестені әкімшілік мұғалімнің ұсынысы бойынша білім алушылардың ең қолайлы еңбек және демалыс режимін ескере отырып белгілейді.

Сабақтардың ұзақтығы және олардың апталық саны педагогтің қосымша білім беруге арналған білім беру бағдарламасымен, сондай-ақ балалардың мектептегі жұмыс режиміне қойылатын талаптармен анықталады.

Қосымша ресурстарды, интернет-ресурстарды пайдалану және мектеп білім алушылары бірлестігінің бейіні бойынша ақпаратты табу, өңдеу қабілетін қалыптастыру ұсынылады. Компьютерлік техниканы қолдана отырып сабақ өткізу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар сақталуы керек.

2023-2024 оқу жылында мектепішілік, аудандық (қалалық) және облыстық деңгейлерде республикалық маңызы бар 13 жобаны іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Білім алушылармен техникалық шығармашылық және конструкция бойынша жұмысты жандандыру үшін техникалық шығармашылық және өнертабыс жарыстары (авиа, зымыран, авто, және кеме модельдеу) және «Ұлы өнертабысқа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауы өткізіледі.

«Менің отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтар слеті, жас өлкетанушылар, экологтар және натуралистердің «Табиғатты аяла» форумы, «Кәсіптер әлемін ашамыз» форумы балалар мен жастардың патриоттық сезімін және азаматтығын тәрбиелеуге, туристік қызметті жандандыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттауға, экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге, білім алушылардың кәсіптерді зерделеуге шығармашылық көзқарасын жандандыруға бағытталған еңбек нарығында сұранысқа ие және болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін қажетті.

Театр бірлестіктерінің білім алушыларымен жұмыста театрландырылған қойылым түрлерін – монтаждау барысында әдебиет пен өнердің түрлері мен жанрлары біріктірілген бірыңғай авторлық мақсатта біріктірілген сахналық эстрадалық-театрлық жұмыстарды қолданған жөн. Театрландырылған қойылым тарихи және мәдени күндерге, әлеуметтік оқиғаларға, ақындардың, суретшілердің, театрдың танымал қайраткерлерінің шығармашылығына арналуы мүмкін.

Білім алушылардың «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің фестиваль-конкурсына қатысуы балалар мен жастар театры шығармашылығын өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиесінің факторы, тұлғаның үйлесімді дамуы, өзін-өзі көрсетуге, әлемді эстетикалық және бейнелі түсінуге бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту факторы ретінде қолдауға және дамытуға ықпал етеді.

«Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында білім алушылар жас ұрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру ресурсы, тұлғаны әлеуметтендірудің, көркемдік талғамды қалыптастырудың қуатты құралы,

эстетикалық дамыған, шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу тетігі болып табылатын театрларға барады.

Қазақстандық патриотизмді, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту үшін мектепте өзін-өзі басқару және пікірталас қозғалысы бойынша жобалар іске асырылуда.

Белсенділер клубтары мен мектептерінің жұмысын ұйымдастыру, білім алушылардың ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу ұсынылады. Білім беру ұйымдарының сайттарында мектептің өзін-өзі басқару органдары мен пікірсайыс клубтарының қызметі көрсетілетін тақырыптық бөлім құру қажет.

Білім алушыларды әлеуметтік маңызы бар қызметке тартуға және олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға елдегі қоғамдық маңызы бар оқиғаларға, мемлекеттік мерекелерге, мерейтойлық және атаулы күндерге арналған іс-шараларға қатысу, сондай-ақ тұрақты даму мақсаттарын насихаттау, балалар мен жастар ұйымдарының әлеуетін пайдалану ықпал ететін болады.

Мектеп Парламентінің қатысушылары арасында челлендждер өткізу ұсынылады: «Алтын жүрек»; «Мобильді көзқарас: менің жаздағы бір күнім»; «Мектеп парламентінің өмірінен бір күн» және т.б.

Мектеп парламенттері, мектептегі пікірталас қозғалысы туралы ақпарат ҚР Оқу-ағарту министрлігі Қосымша білім берудің республикалық оқу-әдістемелік орталығының ziyatker.org сайтында, «Мен пікірсайысшымын» Телеграм каналында, Rumcdo_debate_bot Телеграм каналында орналастырылған.

Наурызды мерекелеу аясында жыл сайын республиканың барлық білім беру ұйымдарында 10-20 наурыз аралығында түрлі іс-шаралар өткізіледі, оның ішінде барлық мектептерде Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», «Сарыарқа» және т.б. күйлері бір уақытта орындалады.

Жалпы білім беретін мектептер ұлттық мерекелер, халықтық салт-дәстүрлер негізінде балаларды рухани-адамгершілік бағытта тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруы керек.

Қазақстандық патриотизмді, ұлттық бірегейлікті, әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыруға, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулуға «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасы ықпал етеді. Жоба елдің зияткерлік байлығы ғана емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтардың, халықтардың мәдени және адамгершілік дәстүрлерінің орасан зор қоры болып табылатын ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған. Жоба аясында әр тоқсанда бір-бірден 4 іс-шара анықталды. Бұлар: «Ақындар айтысы» поэтикалық сайысы; «Алтын сақа» олимпиадасы; «Ұлттық өнер» көрмесі; «Туған өлкем» фестивалі.

Бірінші тоқсанда Республика күнін мерекелеуге арналған «Ақындар айтысын» өткізу жоспарлануда. Айтыстың ұсынылатын тақырыптары: «Жаңа күн – жаңа Қазақстан», «Туған жерім – мақтанышым», «Тілім – тұмарым», «Тәуелсіздігім – тұғырым», «Топырақ жыр – торқа жыр», «Көк тудың желбірегені...» және т.б.

Екінші тоқсанда Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Алтын сақа» олимпиадасы өтеді.

Үшінші тоқсанда Наурыз мерекесі аясында әрбір білім беру ұйымында «Ұлттық өнер» көрмесін ұйымдастыру ұсынылады. Тоқыма бұйымдарын жасау сияқты номинациялар ұсынылады: гобелен, кесте, бисер, батик, киіз басу, патч-пластик; ұлттық ою-өрнек элементтері бар халықтық киім үлгісін жасау және т.б.

Төртінші тоқсанда «Туған өлкем» фестивалін өткізу ұсынылады. Фестиваль аясында өлкетану жобаларының конкурсы өткізіледі. Қатысушыларға көмектесу үшін өлкетану жобаларының үлгі тақырыптары ұсынылады. Мысалы, «Zhasyl El», «Туған жердің бояулары» - бұл электронды экологиялық карта. Бұл номинацияда кез келген графикалық редактордың (фотосуреттер, картиналар, портреттер, суреттер, коллаждар және т.б.) көмегімен дербес орындалған сурет ұсынылады.

«Eko-Bolashak» – абаттандыру, көгалдандыру бойынша атқарылған экологиялық жұмыстар, өткізілген экологиялық акциялар, жылыжайлардың, мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскелердің, мектеп орманшылықтарының, экологиялық патрульдердің жұмысы туралы бейнероликтің тұсаукесері.

«Жас өлкетанушы» – халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен өнері – туған өлкенің мәдениеті, әдебиеті, өнері, халық шығармашылығы, тарихи, археологиялық және этнографиялық ескерткіштерді зерделеуге және қорғауға қатысу; халық ауыз шығармашылығының бай мұрасы, республикада тұратын халықтардың салт-дәстүрлері; мектеп мұражайларын ашу; тұрмыстық заттарды жасау, киімдер тігу, ұлттық тағамдар әзірлеу және басқалар. «Туған өлкем» фестивалі де оқушылардың туған өлкесін зерттеуге деген қызығушылығын арттыруға арналған.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы сайтының материалдарын пайдалану ұсынылады www.ziyatker.org.

2.12 АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДЕ/СЫНЫПТАРДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ

Арнайы мектептерде / сыныптарда оқыту білім алушылардың дамуындағы бұзылудың түрлері бойынша **ұйымдастырылады:**

- есту қабілеті бұзылған балаларға арналған;
- көру қабілеті бұзылған балаларға арналған;
- сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған;
- тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған;
- психикалық дамуы тежелген балаларға арналған (бұдан әрі-ПДТ);
- зияты бұзылған балаларға арналған (зиятының жеңіл және орташа бұзылыстары).

Білім алушыларды арнайы мектептерге/сыныптарға қабылдау «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Сыныптардың толымдылығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен реттеледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген).

Білім алушыларды арнайы мектептен / сыныптан басқа білім беру ұйымына ауыстыру растайтын құжаттар негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арнайы жағдайлар жасау үшін мектеп педагогтары мен мамандары бағалауды жүзеге асырады.

Оқу жылының ұзақтығы «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес белгіленеді.

Есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеуі ауыр бұзылған, психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған типтік оқу жоспарларының инвариантты бөлігінің жалпы білім беретін пәндерінің тізбесі және олардың негізгі мазмұны ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді.

Оқыту білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ ұзақ оқу мерзімдерін ескере отырып, бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары негізінде әзірленген арнайы оқу бағдарламаларын (бағдарламалар Академияның www.uba.edu.kz сайтында орналастырылған) пайдаланумен жүзеге асырылады.

Типтік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары негізінде педагогикалық кеңесте талқыланатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары әзірленеді. Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес типтік оқу

жоспарының инвариантты бөлігінің оқу пәндері арасында сағаттың 20% - на дейін қайта бөлуге мүмкіндік беріледі.

Қажет болған жағдайда оқушылардың жеке ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу жүзеге асырылады.

Оқу үдерісінде арнайы оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК), сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер үшін ОӘК қолданылады.

Зағип балаларды оқыту Брайль шрифтімен шығарылған жалпы білім беретін мектепке арналған оқулықтар бойынша жүзеге асырылады. Нашар көретін білім алушыларды оқыту үлкейтілген қаріпті пайдалана отырып шығарылған жалпы білім беретін мектепке арналған оқулықтар бойынша оқытылады.

Екінші (қазақ немесе орыс) және үшінші (шет) тілдерді оқыту білім алушылардың тілдік дамуының деңгейін ескере отырып жүзеге асырылады, оқу мазмұнын, әдістерін және жетістіктерді бағалау соған бейімделеді.

Есту, көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған арнайы мектептерде зияты төмен (жеңіл және орташа) білім алушылар анықталған кезде 4-6 білім алушыдан құралған арнайы сыныптар ашылады. Білім алушыларды оқыту зияты төмен білім алушылар үшін үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентіне сәйкес және ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарына сәйкес зияты төмен білім алушылар үшін Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған жеке оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Зияты төмен білім алушыларға арналған типтік оқу жоспары, оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұны ҚР МЖМБС мазмұнын жүзеге асырмайды. Оқу үдерісі зиятының жеңіл және орташа төмендігі бар білім алушылар үшін Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес, арнайы оқулықтар мен оқыту әдістемелерін пайдалана отырып, арнайы оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Зияты орташа төмен білім алушыларды оқыту педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жекелеген сыныптарда (II бөлімше) немесе зияты жеңіл бұзылған білім алушылармен (3 оқушыдан аспайтын) бірлесіп ұйымдастырылады.

Зияты орташа төмен білім алушыларды оқыту үлгілік оқу жоспарына сәйкес және зияты орташа төмен білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары негізінде педагог құрастырған жеке оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінде зияты орташа төмен білім алушыларға арналған сыныптардағы оқу үдерісі арнайы құрылған пән арқылы дамытушы ортада пәнсіз оқыту негізінде ұйымдастырылады. Білім алушыларға оқу бөлмесінде еркін жүріп-тұру мүмкіндігі беріледі. Барлық сабақтар біріктірілген және білім алушылардың жалпы дамуына (коммуникативті, моторлы, сөйлеу, сенсорлық) бағытталады. Білім алушылардың жеке дамуының нәтижесіне қарай пәндік оқытуға көшу жүзеге асырылады. Арнайы мектептердің/сыныптардың педагогтері сынып құрамы және білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен

мүмкіндіктерін ескере отырып, дидактикалық, компенсаторлық-дамытушы материалдарды таңдауға құқылы.

Арнайы мектептерде/сыныптарда оқу-тәрбие үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуші мамандар (психолог, логопед, арнайы педагогтар: тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог, ЕДШ нұсқаушысы, әлеуметтік педагог) әрбір білім алушының қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау деректеріне негізделген сараланған және жеке тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырады. Педагогтар мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары білім алушылармен жұмыс жасауда командалық тәсілді қолданады.

Арнайы мектептің/сыныптардың білім алушылары типтік оқу жоспарында (түзету компоненті) бөлінген сағат шеңберінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының арнайы психологиялық-педагогикалық көмегін алады. Түзету компонентінің Типтік оқу бағдарламаларының негізінде білім алушылардың даму ерекшеліктері мен компенсаторлық мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке/кіші/топтық түзету сабақтарын өткізу үшін жеке дамыту бағдарламалары жасалады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен сабақтар арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың барлық түрлерінде міндетті болып табылады. Түзету компонентінің пәндерін оқу жоспарының инвариантты компонентінің пәндерімен ауыстыруға, сондай-ақ осы сағаттардың санын қысқартуға жол берілмейді.

Типтік оқу жоспарларының түзету компонентінің сабақтарын «Дефектология» («Арнайы педагогика») мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және арнайы мектеп түріне сәйкес білім беру бағдарламасы бар педагогтер жүргізеді. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша сабақтарды педагогтер жүргізеді. Түзету компоненті пәндері бойынша білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде балдық бағалау пайдаланылмайды. Сабақтар мектептің кеңесі талқылайтын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін кестеге сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында топтармен, кіші топтармен және жеке өткізіледі.

Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты түзету пәндері, жалпы білім беру циклі пәндері шеңберінде, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесінде іске асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі арнайы мектептердің/ сыныптардың жұмысы ұзартылған күн режимінде ұйымдастырылады, бұл бұзылған функцияларды еңсеру және өтеу, қажетті денсаулық сақтау педагогикалық режимін қамтамасыз ету, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасайды. Оқу күн тәртібі білім алушылардың шаршау мүмкіндіктерін ескере отырып белгіленеді: үзілісте демалу үшін жеткілікті уақытымен бірінші ауысымда оқыту жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен бірлесіп, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес үйде жеке тегін оқытудың типтік оқу жоспарының бөлінген сағаттары шегінде пәндер арасында сағаттарды бөледі. Емдеуші дәрігердің келісімі

бойынша білім алушылардың мектепте сабақтарға және жекелеген сабақтарға қатысуы көзделеді.

Бастауыш білім беру деңгейі

Арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептермен бірлесе отырып білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін, сондай-ақ оқытудың арнайы жағдайларын жасай отырып, қалпы бұзылған қызметтерді атқару міндеттерін қарастырады, оларға мыналар жатады:

1) бастауыш білім беру деңгейінде оқудың ұзартылған (ұлғайтылған) мерзімдері-5 жыл (0-4 сыныптар);

2) арнайы оқу жоспарлары және арнайы оқу бағдарламалары;

3) оқытудың арнайы әдістері, тәсілдері мен құралдары;

3) техникалық және компенсаторлық құралдар;

4) тіршілік ортасы;

5) арнайы дайындалған педагогтер;

6) психологиялық-педагогикалық көмек (логопедтер, арнайы педагогтер: сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар, ЕДШ нұсқаушылары);

7) даму кемшіліктерінің орнын толтыруды, әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу жоспарының арнайы пәндері;

8) медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтер;

9) жеңілдетілген педагогикалық режим (ұзартылған күнмен бірінші ауысымда оқыту).

Арнайы мектептерде /сыныптарда бастауыш білім беру деңгейінде оқу ұзақтығы 0 сынып есебінен білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін, оқытудың баяу қарқынын, мектепке дейінгі жаста туындаған даму және оқыту олқылықтарының орнын толтыруды қамтамасыз ететін жалпы білім беретін пәндерге пропедевтикалық және компенсаторлық-дамытушы бөлімдерді енгізу қажеттілігін ескере отырып, 1 жылға ұлғайтылды.

Негізгі орта білім деңгейі

Негізгі орта білім беру деңгейінде арнайы мектептер/сыныптар жалпы білім беретін мектептермен ортақ білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін, сондай-ақ бұзылған функцияларды өтеу, өмірлік дағдыларды қалыптастыру, кәсіптік бағдарлау, арнайы оқу жағдайларын жасай отырып, бастапқы кәсіптік даярлау міндеттерін шешеді, оларға мыналар жатады:

1) негізгі орта білім беру деңгейінде ұзартылған (ұлғайтылған) оқу мерзімдері-6 жыл (5-10 сыныптар);

2) арнайы оқу жоспарлары және арнайы оқу бағдарламалары;

3) оқытудың арнайы әдістері, тәсілдері мен құралдары;

4) техникалық және компенсаторлық құралдар;

5) тіршілік ортасы;

6) арнайы дайындалған педагогтер;

7) психологиялық-педагогикалық көмек (логопедтер, арнайы педагогтер: сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар, ЕДШ нұсқаушылары);

8) даму кемшіліктерінің орнын толтыруды, әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу жоспарының арнайы пәндері;

9) медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтер.

Арнайы мектептерде /сыныптарда негізгі орта білім беру деңгейінде оқу ұзақтығы білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін, оқытудың баяу қарқынын, оқу бағдарламаларының мазмұнын толық меңгеруге ықпал ететін пропедевтикалық және компенсаторлық-дамытушы бөлімдерді жалпы білім беретін пәндерге енгізу қажеттілігін ескере отырып, 10 сынып есебінен 1 жылға ұлғайтылды.

Еңбекке баулу жұмысшы кадрларға қажеттілікке бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларға сүйене отырып және психологиялық-физикалық дамудың жеке ерекшеліктерін, денсаулығын, мүмкіндіктерін, сондай-ақ тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе еңбек бейінін таңдау негізінде өзге де заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып ұйымдастырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін еңбекке баулу бейіндері бойынша типтік оқу бағдарламалары білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, мектеп педагогтері құрастырған және мектептің педагогикалық кеңесі бекіткен бағдарламаларды пайдаланылады. Кәсіптік – еңбекке оқыту (жалпы еңбек даярлығы), әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, шаруашылық еңбек, қолөнер сабақтары үшін сыныптар екі топқа бөлінеді. Еңбек түрлері бойынша топтарды жинақтау білім алушылардың психофизикалық жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дәрігердің ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады. Білім алушыларды параллель және сабақтас сыныптардың кіші топтарына біріктіруге болады.

10-сыныпта зияты төмендеген білім алушыларды оқыту тереңдетілген кәсіптік-еңбек даярлығы үшін арнайы жағдайлар жасай отырып ұйымдастырылады. Мектепте оқу кәсіптік-еңбек даярлығы бойынша емтихан тапсырумен аяқталады. Білім алушылар белгіленген тәртіппен бітіру емтихандарынан босатылуы мүмкін. Ақыл-ойы орташа бұзылған білім алушылардың еңбек даярлығы пәндері бойынша бітіру емтиханы тапсырылмайды.

Есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеуі ауыр бұзылған, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептердің түлектері алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі аттестат алады. Негізгі мектеп курсы үшін жалпы білім беру бағдарламаларын сәтті меңгерген білім алушылар жалпы орта білім және кәсіп алу мақсатында кәсіптік колледждерде, кешкі мектепте оқуын жалғастырады.

Зиятында жеңіл және орташа төмендігі бар түлектер осы санаттағы білім алушылар үшін белгіленген үлгідегі аттестат алады. Зияты төмен білім алушылар екінші жылға (қайта оқыту) қалдырылмайды.

Жалпы орта білім деңгейі

Арнайы мектептер/сыныптар жағдайында 11-12 сыныптарда көру, есту қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылар **жалпы орта**

білім алады. Бейіндік оқыту екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық. Бір немесе екі бағытты таңдау білім алушылардың қажеттіліктері мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып жүзеге асырылады. Білім беру үдерісінің компенсаторлық-дамытушылық бағыты жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтарда қамтамасыз етіледі;Типтік оқу жоспарының түзету компонентінің сағат көлеміне сәйкес психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен сабақтар өткізіледі.

Сабақтар топтық және жеке нысандарда өткізіледі:

1) көру қабілеті бұзылған оқушылар үшін:
- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау (ӘТБ);
- кеңістіктік бағдарлау;
- мимика мен пантомимиканы дамыту.

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылар үшін:
- емдік дене шынықтыру;
- әлеуметтік-тұрмыстық бағдар;

3) есту қабілеті бұзылған оқушылар үшін:
- айтылымды қалыптастыру және есту қабілетін дамыту;
- ауызекі және күнделікті сөйлеуді дамыту;
- қимылмен сөйлеуді үйрену.

Түзету компонентінің сабақтарына сағаттарды бөлу мектептің педагогикалық кеңесінің қалауы бойынша жүргізіледі.

Арнайы мектеп/сынып оқушыларын бағалау жүйесі

Арнайы мектептер білім беру мазмұнының ерекшеліктері мен оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, оқушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау мен аралық аттестаттауды жүргізудің нысандарын, тәртібі мен кезеңдерін дербес айқындайды. Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау кезінде оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесі қолданылады. Формативті бағалау үрдісінде мұғалім оқушылардың оқу материалын игерудегі қиындықтарын анықтайды және оларды жеңу жолдарын белгілейді. Оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерін бағалау кезінде арнайы оқу бағдарламаларында немесе әр оқушының жеке оқу бағдарламаларында ұсынылған оқу мақсаттарына назар аудару қажет. Мұғалім сараланған және/немесе жеке бақылау тапсырмаларын пайдаланады, сондай-ақ оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді. Арнайы мектептерде және жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы әзірлейді. Түзету компонентінің пәндері бойынша балдық бағалар қойылмайды. Жартыжылдық және оқу жылының соңында «Музыка», «Музыка және ән айту», «Еңбекке баулу», «Көркем еңбек», «Бейнелеу өнері», «Қол еңбегі», «Дене шынықтыру», «Бейімделген дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» пәндері бойынша «сыналды» / «сыналмады» қойылады.

Зиятының жеңіл және орташа төмендігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқушыларға сараланған және жеке көзқарасты қолдану арқылы жүзеге асырылады. Жетістіктерді бағалау кезінде әртүрлі типологиялық топтардағы оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік мақсат қою негізінде критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Зияты төмендігі жеңіл оқушылардың жетістіктері бес балдық шкала бойынша бағаланады. Нөлдік және бірінші сыныптарда балдық бағалар қойылмайды. Оқытудағы ілгерілеу нәтижесі оқушылардың іс-әрекет өнімдерін (жазбаша жұмыстар, суреттер, қолөнер) талдау, сөйлеуді дамыту деңгейі және сабақтағы іс-әрекетті бақылау негізінде анықталады және сипаттамалық сипатта болады. Зият төмендігі орташа оқушылардың жетістіктерін бағалау кезінде жеке оқу бағдарламаларында ұсынылған оқу мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін көрсететін критериалды сипаттамалық бағалау пайдаланылады.

Медициналық көрсеткіштер бойынша үйде оқитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін педагог оқу жүктемесін және олар зерттеген оқу материалын ескере отырып, жеке бақылау тапсырмаларын әзірлейді.

III БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Бағалау нормативтік құқықтық актілерге және педагогтерге, ата-аналарға және білім алушыларға көмек ретінде әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес жүргізіледі

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге сәйкес;

– «Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы;

– Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде орта мектеп үшін критериалды бағалау және құжаттау рәсімдері жөніндегі нұсқаулық;

– Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

– Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал;

– сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде формативті бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;

– сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;

– сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік әзірлемелерді мына сайттардан табуға болады: www.uba.edu.kz.

Критериалды жүйенің негізгі компоненттері формативті (ФБ) және жиынтық бағалау (ЖБ) болып табылады.

3.2 ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ

Формативті бағалау – критериалды бағалау жүйесінің негізгі элементі. Жиынтық бағалаудың нәтижесі ФБ қалай ұйымдастырылғанына байланысты. ФБ білім алушылардың ағымдағы білімді меңгеру және дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтайды, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын және оқу мақсаттарына қол жеткізетінін түсінуге мүмкіндік береді.

Бағалаудың осы түрі педагогке білім алушының жеке жетістіктері мен үлгірімінің ілгерілеуі туралы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді, демек, жиынтық бақылауды өткізер алдында оқу процесін дер кезінде түзетуге және білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға көмектеседі.

ФБ негізгі әдістері:

1) сұрақтарды дұрыс қоя білу, себебі білім алушылардың түсінігі мен әрекетінің деңгейін олардың берген жауабына қарай бағалау мұғалімнен кәсіби шеберлікті талап етеді. Осы әдісті қолдану кезінде педагогке берілетін ұсыныстар:

- сұрақтардың жеткілікті санын ойластыру;
- сұрақтар сыныптағы барлық білім алушыларға қолжетімді болуы керек;
- сұрақ бойынша ойлануға жеткілікті уақыт беру;
- сұрақтардың бірізділігін ойластыру (қарапайымнан күрделіге немесе жабық сұрақтардан ашық сұрақтарға);
- бір типтегі сұрақтарды қолданбау (мысалы, оқиғаларды еске түсіру және дәлелдер келтіру және т.б.);
- сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үшін проблемалық және ойландыратын сұрақтарды қолдану;
- сұрақ қою кезіндегі қарқынды, екпінді ескеру;
- мағынасын тексеруге арналған сұрақтарды қолдану;
- жауаптарды жетілдіруге арналған сұрақтар құрастыру;
- сұрақ қою кезінде сөздердің ауыспалы мағынасын бақылау және т.б. сұрақтарды дұрыс қолдану, білім алушыларды белсенді әңгімелесуге тарту, Блум таксономиясы бойынша төменгі деңгейдегі сұрақтардың орнына жоғары деңгейлі ойлауды қажет ететін құнды ашық сұрақтарды жиі қою арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту сабақтардың тиімді өтуін қамтамасыз етеді.

В.М. Снетков «жақсы сұрақ – бұл кең ауқымды ойлауға, барлық мүмкін жауаптарды іздеуге бағытталған сұрақ» деп тұжырымдайды және сұрақтардың келесі функцияларын атап өтеді:

- сұрақ арқылы жаңа ақпарат алуға болады;
- сұрақты дұрыс қою арқылы өз білгенін нақтылауға болады;
- сұрақ қою арқылы талқылау бағытын өзгертуге болады;
- сұрақ қою арқылы өз пікірін білдіре алады;
- дұрыс қойылған сұрақ жауап іздеуге ынталандырады.

Осылайша, сұрақтар қою арқылы сабақтың бастапқы кезеңіндегі тақырыпты түсіну деңгейін анықтауға/бағалауға, жаңа материалды немесе ақпаратты оқу кезінде тақырыпты түсінудің әлсіз және күшті жақтарын анықтауға, бекітуге арналған тапсырмаларды орындау кезінде терең ойлауын өлшеуге, оқу материалын меңгеру немесе ақыл-ой әрекетінің дағдысын бағалау кезінде критерийлер мен дескрипторларды білу мен түсінуін және т.б тексеруге болады.

2) білім алушылардың өз білімін өз бетінше бағалай алуы (орындалған жұмысты өзін-өзі және өзара бағалау). Білім алушылар өздері қол жеткізгісі келетін мақсаттар туралы анық түсінік қалыптасқан кезде ғана өздерін бағалайды. Егер білім алушылар оқу мақсатын түсінетін болса, олардың оқуға деген ынтасы артады және жауабы нәтижелі болады, өйткені олардың өз бағалары мұғаліммен және сыныптастарымен талқылау тақырыбына айналады және бұл пікірталас одан әрі жақсы оқу үшін қажетті өзіндік ойлауды ынталандырады.

Өзін-өзі бағалау қобалжудан арылуға, оқытудың жеке стилін түсінуге, білім алушының әлсіз жақтары мен қажеттіліктерін білуге, рефлексия мен өзін-өзі бағалауды дамытуға, сондай-ақ білім алушының жақсы білім алудың мәнін түсінуіне мүмкіндік береді.

Сабақта өзін-өзі бағалауды қалай жүргізуге болады?

1. Тапсырманы, жаттығуды орындау барысын немесе дұрыс жауабын анықтау кезінде.

2. Тапсырманың орындалуын анықтау кезінде: тапсырманы немесе жаттығуды орындауда сыныптасының немесе педагогтың көмегін басшылыққа алды ма?

3. Оқытылатын тақырып бойынша меңгерілген білік пен дағдыларды анықтау кезінде.

4. Орындалған тапсырманың, жаттығудың деңгейін анықтау кезінде.

5. Орындалған тапсырмаға өзінің қанағаттануын анықтау кезінде.

Өзара бағалау процесі жұпта немесе шағын топта, яғни үштікте жұмыс істеуді білдіреді. Берілген критерийлер бойынша диалогтық талқылау міндетті шарт болып табылады. Өзара бағалауда көшбасшы және жай қатысушы болады. Бұл процесте үлкен топтық немесе жеке жұмыстарға қарағанда белсендендіру, рефлексия және дағдыларды меңгеру әлдеқайда көп болады, өйткені жетекші топтағы жолдасын оқыту немесе бағалау әрқашан кері реакцияны талап етеді. Осы мақсатта педагог өзара бағалау дағдыларын қалыптастыру кезеңдері туралы ойлануы қажет.

Өзара бағалау оқытуға ынталандыруға, жұптың және топтың әрбір мүшесінің іс-әрекетінің нақтылығы мен әділдігін бағалауға, талқылауға, ойлауға және өзара әрекеттесуді ынталандыруға, пайымдауда тәуелсіз болуға, ойлауды дамытуға, нақты әрекеттерге назар аударуға, коммуникацияны қалыптастыруға, өмір сүруге қажетті іскерліктерге ие болуға мүмкіндік береді.

Сабақта өзара бағалауды қалай жүргізуге болады?

1. Тапсырмаларға дайын бағалау критерийлері мен дескрипторларды қолдану.

2. Қойылған сұраққа берілген жауаптың толықтығын бағалау.

3. Жауап дайындау немесе тапсырманы, жаттығуды орындау кезінде жеке немесе қосымша дереккөздерден жаңа идеяларды анықтау және табу.

4. Жауаптың деңгейін анықтау: нақты сұрақтар бойынша тұжырымдалған ба немесе монологтық сөйлеу түрінде дәлелдемемен және өз пікірімен ұсынылған ба?

5. Бағалауда сөйлеу әрекеті мен сұраққа, тапсырмаға қатынасы көріне ме?

Сонымен өзін-өзі және өзара бағалау білім алушыда сабақтың тақырыбына немесе талқылау мәселесіне деген өзіндік ойлауы мен көзқарасын қалыптастырады, себебі бұл тақырып немесе сұрақ күнделікті өмірде және одан әрі кәсіби өмірде көрініс табуы керек. Өз ұстанымын білдіру және командада жұмыс істеу қабілеті бағалаудың осы түрі арқылы қалыптасады, сондықтан әр сабақта осы әдісті қолдану кең ауқымды дағдыларды немесе өмірлік құндылықтарды қалыптастыру үшін маңызды.

- бағалау критерийлерін, бағалау критерийлерінің дескрипторларын және

рубрикаторларды пайдалану кезінде білім алушылардың өзіндік оқу процесіне белсенді қатысуын байқауға болады. Критерий - қойылатын талаптарға сәйкестік белгісі және мінсіз орындалған тапсырманың көрсеткіштерімен (дескрипторлармен) талданады. Дескриптор білім алушының бағалау критерийіне жету деңгейін кезең-кезеңімен егжей-тегжейлі сипаттайды. Дескрипторларды сауатты құрастыру кезінде білім алушы өз жұмысының сапасын дербес бағалайды, оқуда үздік нәтижеге қол жеткізеді, сондай-ақ өз жетістіктерін бағалау бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ынталандырады. Мысалы, «Натурал сандар және нөл» тақырыбы бойынша «сандық өрнектердің мәндерін табады» бағалау критерийіне екі дескриптор болуы мүмкін: білім алушы амалдардың орындалу тәртібін анықтайды; сандық өрнектің мәнін есептейді.

Осы дескрипторды пайдалана отырып, білім алушы бағалау критерийлеріне жету үшін екі параметрді білу керектігін түсінеді.

Бағалау критерийлері тек сабақ мақсатында берілгенді ғана бағалау керек екенін ұмытуға болмайды, сондықтан білім алушыларға бағалау критерийін сабақ мақсаты сияқты таныстыру қажет. Егер олар өзара байланысты және дұрыс құрастырылған болса, білім алушы сабақтың мазмұнын оңай және өз бетінше түсініп, тақырыпты бекітуге арналған тапсырмаларды орындай алады.

ФБ білім алушылардың нақты міндеттерді немесе сабақтағы әрекеттерді орындаған кезде осы бағалау әдістерін жүйелі түрде қолдануға бағытталған. Әрбір сабақ оқу мақсаттары мен оларға жету критерийлерін білім алушылардың өздері түсіну деңгейінде айту және көрсетуден басталады. Білім алушы формативті бағалау әдістерін пайдалана отырып, оқытудың алға қойған мақсатын түсінеді және оған қол жеткізуге ұмтылады.

3) педагогтің білім алушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз етуі. Кері байланыс арқылы білім алушы өзінің оқудағы олқылықтарын және алға жылжу үшін нақты ұсынымдарды түсінуге көмектесетін ақпаратты, ал педагог - оқудағы олқылықтарды түсінуге және өз қызметіне өзгерістер енгізуге көмектесетін ақпаратты (жаңа әдістерді таңдау, оқыту техникасы, сабақ уақытын бөлуге өзгерістер енгізу және т.б.) алады. Білім алушыларға жиі және маңызды кері байланыс берілген жағдайда оқу неғұрлым тиімді болады.

Кері байланыс сабақтарда «мұғалім - оқушылар», «оқушы - оқушылар», «мұғалім - оқушы», «оқушы - оқушы» бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Ол ауызша, жазбаша түрде де жүзеге асырылуы мүмкін. Әрбір сабақта формативті бағалаудың осы әдістерін тиімді және дұрыс пайдалану оқытуды да, оқуды да жеңілдетеді. Формативті бағалау әдістерін жүйелі пайдалану кезінде білім алушы оқуына жауапкершілікпен қарайды.

3.3 ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасының бөлімдерін зерделеу аяқталғаннан кейін және оқу тоқсанының соңында білім алушылардың білімді меңгеру деңгейін және дағдыларының қалыптасуын айқындайтын бағалау. Үлгерімді ағымдағы бақылау педагогтерге, білім алушыларға және ата-аналарға

белгілі бір кезеңдегі білім алушылардың үлгерімі туралы баллдар мен бағалар қою арқылы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Егер ФБ оқу процесінде білім алушылардың үлгерімін тексерсе, онда ЖБ бөлімді / ортақ тақырыпты (БЖБ) және тоқсанды (ТЖБ) зерделеуді аяқтағаннан кейін білім алушылардың құзыреттілік деңгейін анықтауға бағытталған. Бағалаудың екі түрі де сараланған тәсілді ескере отырып, педагогтердің көп деңгейлі тапсырмаларды әзірлеуін қамтиды.

Педагогтер ЖБ тапсырмасын құрастыру кезінде, білім алушылар оларды орындау кезінде академиялық адалдық қағидатын сақтауы маңызды.

БЖБ түрі (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу) мен сабақта өткізілетін уақытын педагог өзі анықтайды.

ТЖБ барлық білім беру ұйымдары үшін бірыңғай тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес жүргізіледі.

Педагог **академиялық адалдық нормаларын** сақтай отырып, өткен бөлімнің, тоқсанның, жартыжылдықтың оқу материалының мазмұны бойынша оқу бағдарламасына сәйкес техникалық спецификация негізінде БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлейді. ЖБ өткізу кезінде педагог таңдалған оқу материалының оқу бағдарламасы бойынша бөлімнің/ ортақ тақырыптардың / тоқсанның өткен тақырыптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі қажет.

1-сыныпта ЖБ өткізілмейді.

2-11-сыныптарда педагог «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес пәндер бойынша ФБ, БЖБ және ТЖБ жүргізеді.

Формативті және жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандағы оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

ФБ кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы бағаланады. ФБ үшін ең жоғары балл 2-11-сыныптарда 1-ден 10 балға дейін болуы керек (10-кесте).

Әр сабақта әр білім алушының оқу жетістіктеріне балл қою арқылы ФБ жүргізу міндетті емес. Педагог орындалған жұмыс көлемін, оқу тапсырмаларын және т.б. ескере отырып, оқу жетістіктері үшін балл қою мерзімділігін және сабақ үшін балл қойылатын білім алушылардың санын жеке анықтайды.

10-кесте - Формативті бағалаудағы баллдарды саралау

Балл	Сипаттамасы
1 балл	оқу тапсырмаларының 10% - на дейін орындады, қателер жіберілді, сабақта енжар, мұғаліммен кері байланыс нәтижесі бойынша қорытынды жасамайды, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік көрсетпейді, өткен материалды білмейді
2 балл	оқу тапсырмаларының 20% - на дейін орындады, қателер жіберілді, сабақта енжар, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша әрдайым тиісті қорытынды жасай бермейді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік

	көрсетпейді
3 балл	оқу тапсырмаларының 30%-на дейін орындады, қателер жіберілді, жіберген қателерін түзетуге тырысады, кейде сабақта белсенділік танытады, оқу тапсырмаларын орындау кезінде мұғалімнің / ата-ананың / құрдастарының қолдауына мұқтаж
4 балл	оқу тапсырмаларының 40%-на дейін орындады, қателер жіберді, қателерді түзету кезінде көмекке мұқтаж, әрдайым белсенді бола бермейді, кейде тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады
5 балл	оқу тапсырмаларының 50%-на дейін орындады, 5-ке дейін қате жіберді, мұғалімнің көмегін қажет етеді, сабақта үнемі белсенді бола бермейді, кейде орындалатын тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады
6 балл	оқу тапсырмаларының 60%-на дейін орындады, 4-ке дейін қателер жіберді, мұғалімнің көмегіне мұқтаж, сабақта ұқыптылық танытады, қиындығы орташа тапсырмаларды өз бетінше орындай алады
7 балл	оқу тапсырмаларының 70%-на дейін орындады, 3-ке дейін қате жіберді, қателерді уақытылы жойды, сабақта белсенді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады
8 балл	оқу тапсырмаларының 80%-на дейін орындады, 1-2 елеусіз қателер жіберді, мұғалімнің түсініктемелері негізінде өз қателерін өз бетінше түзетеді, белсенді, тәуелсіз
9 балл	оқу тапсырмаларының 90%-на дейін орындады, тапсырмаларды орындау кезінде шамалы нақтылық болмады, қателермен жұмыс істейді, белсенді, тәуелсіз
10 балл	100% оқу тапсырмаларын орындады, қатесіз орындады, белсенді, тәуелсіз, түсіндіре алады, жауаптарын негіздей алады

БЖБ үшін ең жоғары балл 1-4-сыныптарда 7-ден кем емес және 15 балдан көп емес, 5-11(12) сыныптарда 7-ден кем емес және 20 балдан аспайды.

ФБ, БЖБ және ТЖБ балдары электрондық журналдарға қойылады. ФБ нәтижелері қағаз форматта басып шығаруды және сақтауды талап етпейді, ал ағымдағы оқу жылындағы білім алушылардың жазбаша жиынтық жұмыстары мектепте осы оқу жылының соңына дейін сақталады.

Назар аударыңыз!

✓ Қазақ тілі бойынша емтихан қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні және орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жыл аяқталған кезде МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі.

✓ Емтиханды өткізу уақытын білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі айқындайды, тапсырмаларды академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып педагогтер әзірлейді және білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді.

✓ Қорытынды баға «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша емтихан (бес балдық шкала бойынша) және жылдық бағалау (бес балдық шкала бойынша) нәтижелері негізінде 30/70 пайыздық қатынаста қойылады. Қорытынды баға ең жақын бүтінге қарай дөңгелектеледі.

(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 жылғы №96 бұйрығына сәйкес орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және

*қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларының **35-тармағы** 01.09.2023 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі.* https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032306#z13

Қорытынды аттестаттау

9(10) және 11(12) сыныптарды аяқтағаннан кейін қорытынды аттестаттау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы).

Сыртқы бағалау

2022 жылдан бастап республика мектептерінде **білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг** (ББЖМ) жүргізілуде.

ББЖБ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

ББЖМ – білім беру ұйымдарынан тәуелсіз 4 және 9-сынып білім алушылары арасында МЖМБС сәйкес білім сапасын жүйелі бақылау.

Мониторинг компьютерлік форматта жүргізіледі және сауаттылықтың үш бағыты бойынша тест тапсырмаларын қамтиды: оқу, математика және жаратылыстану.

Тест тапсырмаларының жалпы саны 4-сыныпта – 30, 9-сыныпта – 75.

ББЖМ-2022 қорытындысы бойынша төртінші сынып білім алушыларының орташа балы 30-дан 20,9 балды немесе тапсырмаларды орындау нәтижесі 70%-ды құрады. Тоғызыншы сынып білім алушыларының нәтижесі 75-тен 47,32 балды немесе 63%-ды құрады. Тестілеудің әрбір бағыты бойынша тапсырмалардың деңгейі неғұрлым күрделі болса, білім алушылардың орындау деңгейінің көрсеткіші соғұрлым төмен болды.

Оқу сауаттылығы. 2022 жылы тестілеудің үш бағытының ішінде оқу сауаттылығы бойынша 4 және 9-сынып білім алушылары 70-72% көрсеткішпен ең табысты нәтиже көрсетті. Тестке қатысушылар мәтінде анық берілген ақпаратты (түйін сөздер, кеңестер) анықтауға арналған тапсырмаларды орындауда жоғары пайызды көрсетті. Сонымен бірге білім алушылар мәтін мазмұны мен оның элементтерін терең түсінуді және түсіндіруді талап ететін тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болды.

Математикалық сауаттылық. Математикалық сауаттылық бойынша қиындық тудыратын тапсырмалар мыналар: математикалық модельдеу, жиындар, геометрия, статистика тапсырмалары. Бастауыш сыныптарда қиындық тудырған тақырыптар орта мектеп деңгейінде де қиындық туғызды. Көрсеткіштері төмен бөлімдер PISA халықаралық зерттеуінде кеңінен ұсынылған. Бұл бөлімдер бойынша білім алушылардың білім сапасындағы сабақтастық олардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді және ББЖМ нәтижелеріне де, халықаралық зерттеулерге де оң әсерін тигізеді.

Жаратылыстану сауатылығы. Төртінші сынып оқушылары «Заттың түрлері. Ауа. Су» тақырыптары бойынша тапсырмаларды орындауда қиналады, бұл биология, химия, физика, география пәндерін меңгерудің негізі болып табылады. Тоғызыншы сынып оқушылары арасында да «Жылу физикасы. Термодинамика негіздері», «Электр және магнетизм. Электростатика негіздері», «Механика. Тербелістер және толқындар» (Физика), «Химиялық тепе-теңдік» (Химия), «Тамақтану» (Биология), «Физикалық география. Атмосфера» және «Картография және географиялық мәліметтер базасы» (география) тақырыптары бойынша төменгі нәтиже көрсеткен.

Аталған пәндер бойынша мұғалімдерге ББЖМ нәтижелерін ескере отырып, аталған бөлімдерді зерттеуге назар аудару ұсынылады.

АТАУЛЫ КҮНДЕР

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама	**Қожа Ахмет Яссауидің** туғанына	**930** жыл
1223-1277 жылдары билік құрған, Египетте мамлюк мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ұлы	**Сұлтан Бейбарыстың** туғанына	**800** жыл
Ұлы жүздің биі	**Төле бидің** туғанына	**360** жыл
XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Қазақ жырауы, мемлекет қайраткері	**Бұқар жырау Қалқаманұлының** туғанына	**355** жыл
Қазақтың батыры, көрнекті ақыны	**Махамбет Өтемісұлының** туғанына	**220** жыл
Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор	**Шәкәрім Құдайбердіұлының** туғанына	**165** жыл
Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым	**Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің** туғанына	**165** жыл
Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі	**Спандияр Көбеевтің** туғанына	**145** жыл
Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі	**Жүсіпбек Аймауытовтың** туғанына	**135** жыл
Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы	**Мағжан Жұмабаевтың** туғанына	**130** жыл
Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса	**Сұлтанмахмұт**	**130** жыл

көрнекті ақын-жазушысы, ақылойшысы, демократ ақыны	**Торайғыровтың** туғанына	
Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері	**Сәкен Сейфуллиннің** туғанына	**130** жыл
Қазақстанның Халық Қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, партизан-жазушы, Ұлы Отан соғы-сының ержүрек батыры	**Қасым Қайсеновтің** туғанына	**105** жыл
Қазақ жазушысы, редакторы. Ұлы Отан соғысының қатысушысы	**Кемел Тоқаевтың** туғанына	**100 жыл**
Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басшысы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі, жазушы	**Ғафу Қайырбековтің** туғанына	**95** жыл
Мәдениеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Мұхтар Әуезов Қорының Президенті	**Мұрат Әуезовтің** туғанына	**80** жыл
Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург	**Жазушы Оралхан Бөкейдің** туғанына	**80** жыл

Абай күні

Жыл сайын 10 тамызда Қазақстанда Ұлы қазақ ақыны, ойшыл, ағартушы, жазбаша қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ Абай күні атап өтіледі. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың туған күні (1845 жылғы 10 тамыз) «Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 4 тамыздағы № 495 қаулысына сәйкес ресми түрде Қазақстанда мереке күні болып атап өтіледі.

«Білім берудегі 1000 көшбасшы»

Білім беру жүйесін басқару мен көшбасшылықтың заманауи құзыреттеріне ие білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін Мемлекет басшысы Президенттік жастар кадрлар резервінің моделі бойынша білім берудегі өзгерістердің көшбасшыларын іріктеу және даярлау қағидаларын әзірлеуді тапсырды.

2023 жылы «Білім берудегі 1000 көшбасшы» кадрлар резервінің қорын қалыптастыру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Жобаның мақсаты – орта білім беру жүйесін басқару мен көшбасшылықтың заманауи құзыреттеріне ие білікті кадрлармен қамтамасыз ету.

Жоба ағымдағы жылдың маусым-желтоқсан айлары аралығында іске асырылады. Жоба шеңберінде үш деңгей бойынша оқыту, тағылымдама, әңгімелесу, қорытынды бағалау және сертификаттау жүргізіледі.

Кадрлар резервіне енгізілген кандидаттар білім беру ұйымдарындағы басшы лауазымдарға конкурстан өтпей тағайындалады. Лауазымға тағайындалғаннан кейін білім беру ұйымының басшыларын әдістемелік сүйемелдеу жүзеге асырылатын болады.

Жоба жаңа форматтағы басшылардың, білім берудегі өзгерістер көшбасшыларының кадрлық резервін қалыптастыруға, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан жаңа мектептерді дайындалған басшылармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Орта білім беру саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау және озық педагогикалық тәжірибемен алмасу

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Білім» (ғылыми-педагогикалық) және «Алтынсарин Академиясының хабаршысы» (әдістемелік) атты екі журнал шығарады.

«Білім» журналында орта білім берудегі ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижелері жарияланады.

Журналдың тақырыптық бағыты:

1) білім беру үдерісіндегі білім беру саясаты, инновациялар және цифрландыру;
2) орта білім берудегі менеджмент
3) пәндерді оқыту әдістемесі;
4) тәрбие теориясы мен практикасы;
5) білім беру жүйесіндегі психология мәселелері;
6) арнайы және инклюзивті білім беру;
7) үздіксіз педагогикалық білім беру.

Журналдың редакциялық саясатымен, жарияланым этикасымен, жариялау мерзімімен және ғылыми мақалаларды жариялауға қойылатын талаптармен толығырақ журнал сайтынан танысуға болады: https://bilim-uba.kz/

«Алтынсарин Академиясының хабаршысы» журналында білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-эксперименттік, ақпараттық-талдамалық, педагогикалық инновациялық тәжірибені тарату бойынша материалдар жарияланады.

Журналдың тақырыптық бағыты:

1) білім берудегі инновациялық және педагогикалық, сандық технологиялар;
2) үздік тәжірибе шеберханасы және әдістемелік қызмет;
3) бастауыш білім берудің теориясы мен практикасы;
4) жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқыту әдістемесі;
5) қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндерді оқыту әдістемесі;
6) техникалық және кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері;
7) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет және тәрбие үрдісін ұйымдастыру;
8) арнайы және инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы.

Мақалаларды жариялауға қойылатын талаптармен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: https://uba.edu.kz/qaz/nauka/10.

МАЗМҰНЫ

I	**2023-2024 оқу жылының НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**.....	4
1.1	Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық актілер.....	5
1.2	Үлгілік оқу жоспарының ерекшеліктері.....	9
1.3	Педагогикалық тәсілдер.....	10
	Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл.....	10
	Оқыту мен тәрбиелеудегі құзыреттілік тәсіл.....	13
	STEM/ STEAM тәсілі.....	15
1.4	Функционалдық сауаттылық.....	17
1.5	Инклюзивті білім беру ортасын құру.....	26
II	**ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**..	27
2.1	Білім берудегі сабақтастық.....	27
2.2	Тәрбие жұмысының ерекшеліктері.....	30
	Білім күнін өткізу.....	33
2.3	Білім беру салалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру.....	35
	Тіл және әдебиет.....	35
	Математика және информатика.....	42
	Жаратылыстану.....	46
	Адам және қоғам.....	50
	Технология және өнер.....	55
	Дене шынықтыру.....	58
	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық.....	62
2.4	Элективті курстардың тақырыптары.....	63
2.5	Мектеп кітапханаларының жұмысын күшейту.....	66
	Білім беру ресурстарымен жұмыс жасау ерекшеліктері.....	67
	Білім беру жүйесінде цифрлық оқулықтарды қолдану.....	68
	Цифрлық кітапхана.....	68
2.6	Сабақты жоспарлау.....	69
2.7	Мектепішілік бақылауды ұйымдастыру.....	71
2.8	Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет.....	73
2.9	Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс.....	75
2.10	Кәсіптік бағдар беру жұмысы.....	78
2.11	Жалпы білім беретін мектептерінде балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері.....	81
2.12	Арнайы мектептерде/сыныптарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту.....	85
III	**БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**.....	92
3.1	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.....	92
3.2	Формативті бағалау.....	92
3.3	Жиынтық бағалау.....	95
	АТАУЛЫ КҮНДЕР.....	100
	Білім берудегі 1000 көшбасшы.....	102
	Орта білім беру саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау және озық педагогикалық тәжірибемен алмасу.....	103